

63,3(6Каз)

9

Менің  
Казақстаным-

ЖҰМЕКЕН

40420

Азбанбаев М.А.

**Азбанбаев М.А.**

**Менің  
Қазақстаным –**

**ЖҰМЕКЕН**

**Қарағанды 2005 ж.**

ББК 63.3(5Каз)

А 29

Азбанбаев М.А.

А 29 Менің Қазақстаным – Жұмекен. Қарағанды, 2005. –  
256 бет.

ISBN 9965-442-35-5

Кітапта қазақ және орыс тілінде «Менің Қазақстаным» әні мен оның сөзінің авторы ақын Жұмекен Нәжімеденовтің тағдыры зерттелген.

В книге на казахском и русском языках исследуется история судьбы песни «Менің Қазақстаным» и автора стихов поэта Жумекена Нажимеденова.

ББК 63.3(5Каз)

40420

A 0503000000  
00 (05) - 06

0/1/0

ISBN 9965-442-35-5

© Азбанбаев М.А. 2006

Северо-Казахстанская  
областная библиотека  
им. С. МУКАНОВА

г. Петропавловск



*Болашақ үриакұза арналады  
Будущему поколению посвящается*

# **МЕНИҢ ҚАЗАҚСТАНЫМ**

(сөзі Жұмекен Нәжімеденовтікі, музыкасы Шәмші Қалдаяқовтікі)

Алтын күн аспаны,  
 Алтын дән даласы.  
 Думанды бастады,  
 Даlama қараши.  
 Кең екен Жер деген,  
 Жерге дән шықты ғой,  
 Дән егіп, терлеген,  
 Қазағым мықты ғой.

## ***Қайырмасы***

Менің елім, менің елім,  
 Гүлің болып егілемін.  
 Жырың болып төгілемін, елім,  
 Туған жерім менің - Қазақстаным.

Айнала қарасам,  
 Асықты жүргегім,  
 Заманға жарасам,  
 Жарасып тұр елім,  
 Біздің ел Орденді  
 Көтерді туларын,  
 Ел мен ол тербелді,  
 Тербеле жырладым.

## ***Қайырмасы***

Сағымды далам бар,  
 Сабырлы көлім бар.  
 Қарандар, жарандар,  
 Осындай елім бар.  
 Қарсы алған уақытты,  
 Ежелгі досындай,  
 Біздің ел бақытты,  
 Біздің ел осындай.

Чарш екпішімен

1. Ал-тын күн ас-па-ны, ал-тын дән да - ла - сы, ду - ман-

ды бас-та-ды, да - ла-ма ка - ра-шы. Кен с - кен Жер де-

ген, Жер-ге дан шык - ты гой. Дәк е - гіп, тер-ле-ген - ка - за-

тым мык - ты гой. Ме - нің е - лім,

ме-нің е - лім, гү - лін бо-лып е - гі - ле -

мін, жы-рын бо-лып те - гі - ле-мің, елім. Ту - ған же - рім

ме - нің - Ка - зак - с - та-ным. 1. 2.

## **Ұлы ұлттық ақын**



**Жұмекен Нәжімеденов**

**Ұлы ұлттық композитор**



**Шемші Қалдаяқов**

**Ұлы ұлттық тұлға**



**Кенжин Әукебай**

## **М. А – қа**

Мен-

Ұлыған Көк Бөрісі Даланың.

Ұлымдауға амалым жок, амалым:

Күпті —

Сайран салған қайран көңілім!

Бітті...

Ойран - заманым!

Ақындардың соры - қалың, бағы - аз да.

Қара тағдырым - қасіретті қағазда.

Іш тартпасын көрдім саппас тобырдың,

Сапастығын сезіп қойған сабазға.

Көрдік біздер не бір қара беттерді.

Кеудемізді керемет бір кек керді.

Замандастың бәрі иілді заманға.

Біз тік тұрдық.

Бізді ол, сонсоң жек көрді.

Содан кейін сотталғанбыз сан рет.

Соттала сап ақталғанбыз сан рет.

Ақтала сап тағы да бір Сұмменен,

Сұмырайға тап болғанбыз сан рет.

Енді ақындар жекпе-жекке қатысып,

Мерт болмайды атысып!

Сотталмайды соры қайнап бостан-бос,

Ақталмайды қара бет бол -

Шатысып...

Көзге ешкімді ілмей,

Қырт —

Жердің бетін жауап алған пілдей құрт -

Ақындарды ұстайды енді өзіндей

Өлімтікпен - бірдей ғып!!!

Мен-

Ұлыған Көк Бөрісі Даланың.

Ұлымдауға амалым жок, амалым.

Құлдар сүйді -

Құл иелену заманын!

Сұмдар сүйді -

Сұм иелену заманын!!

Кайтем енді құлға кеткен есемді?

Кайтем енді сұмға кеткен есемді?!

Бітті менің заманым!

Хош, енд..

**Ақсұнқарұлы**

Қош келіпсіздер, оқырман!

Әңгіме өнер мен өмір хақында өрбитіні белгілі, сондыктан да сөз кезегі ақынның өзіне берілуі заңды.

1983 жыл 3 қыркүйек. Жұмекен: «Қазір жұрт мен туралы: «бұл қайдан шықты?» деген сауалдан, соған жауап іздеуден ауыса алмай жүр. Вознесенскийді аударды - содан шықты ма, Евтушенконы көп окушы еді - содан шықты ма? Өлде Мұхтар мен Қадырдың бірінен шықты ма? Нәжімеденов қалай өзінен өзі шыға қалады? Әйтеуір «шығуы» керек еді ғой?».

Бәсе, Жұмекен қайдан, кімнен шықты? Өзіндік ой-өрнегі, өлең кестесі қалай құрылды? Қай тарап пен танымал талантқа ұмтылды? Бәрінен бірдей оқып, үйренді ме? Өлде есте жоқ бір елеске елікtedі ме? Қазақ аудармасы әлем әдебиетіне енгеніне небір заман етті. Өнер маңайындағы ептілер мен пысықтарды есепке алмағанның өзінде, ар майданында алыптар қаншама. Қазақ және әлем әдебиеті көкжиегін соншалықты тарылтып жібергені несі мына жұрттың? Негізі, ақын, ақындық деген қайдан, кімнен, неден шығуы тиіс? Өлең мен өмірді зерделей, зерттей отырып біз Жұмекенді өзінен-өзі шықты дейміз. Өнерінің бірден-бір бастауы - Өзі. «Ана сүтімен, ақ сүтпен дарыған. Ешкім тартып ала алмайтын, ешкім, ешкім. Өз ойымен өзі ғана боп өскен. Бәрін, бәрін өзінен бастаған».

«Откенге үніліп, шындал қарасақ», ақиқат осындағы тұжырым ұсынбақ. Бар жауап Жұмекен өлеңі мен өмірінде. Біздің міндет өзімізге белгілі өмір сәттерін мұрағат деректері негізінде суреттеу. Алғашқы өлендерінің Қарағанды топырағында жаратылу себептерін ашып көрсету. Жас Жұмекен бейнесін көз алдарыңызда өз сөзімен, ісімен бейнелеу. Оқырман болашақ үрпақ Жұмекен заманын реңми жиналыш, хаттамасы, газет мақаласы мен окулықтан ғана емес поэзия арқылы да білуі тиіс. Өлең әрі әділ, әрі әсем әлем. «Тынымсыздық, тынымсыздық - тынысы. Дүниені шабыт қылып көтерген жүргегі. Қөнілде ой, көзде сурет, ән жанында. Шабыт шалқығанда ақыл мен сезім сүйіскең. Сері оймен сергек зерде түйіскең. Тынымсыздықтың шығаған жұрт», - Жұмекен жыры. Өнер мен әдебиет халық туындысы. Әр заманда оны халықтың рухы тудырады, тарихы, тағдыры жасайды. Мынау ғаламда өзіндік орны бар,

өмір сұру хақын өз еңбегі, өнерімен дәлелдеген, қажеттілігі мойындалған қазақ ұлты жасаған осынау қазақ әдебиетін. «Өнер – өзі де мал, өнерді үйренбек – өзі де ихсан. Бірақ, ол өнер ғадалаттан шықпасын, діни занға сәйкес болсын. Адамға хәлінше ихсанды болмақ – қарыз іс. Бірақ өзгелердің ихсанына сүйенбек дұрыс емес», - деген Абай. Әділет пен әсемдік қазақ өнерінің өзегі. Жақсылық қылуға қазақтың жаны құмар. Өнерге өмірбойы ынтық. Ала жіп аттамаған. Құдайға құлшылық етуден танбаған. Әрқашан өз еңбегіне, ақылына сенген - бұл қазақ баласы. Осыған сай жинақ толығымен өлең сөздерімен, көркем ой өрнегімен өріледі:

«Мен тірімін, жылдар тірі мен көрген.

Менің санам – естеліктер жинағы».

Шынында да ақын тірі. Ол өткерген жыл мен күн тірі. Өшіруге кімнің дәті барады? Саналы ақын ғұмырын сызып тастауга құдіретің жете ме? Мен тірімін деген Жұмекен қазір де тірі.

Жұмекен жөнінде жазғаннан кейін поэзия тілімен сейлеу міндеп. Ақынның тұлғалық бейнесін толық ашып көрсететін өз өлеңдері болуы себепті, оның сөздері, ойлары толық, тікелей пайдаланылады. Ақын өнерін өзінің өлеңі арқылы зерттеуге тән тәсіл. Басқа балама жол жоқ. Бұл ақын сөзін ұрлау, не болмаса сыптыра көшіру емес. Поэзия - әсем, әділ әлем десек, Жұмекен де бір бөлек, бүтін әлем. Аспанмен астасқан әлем. Өсерлі де, әдемі, әнді әлем. Әділ, әлді, әрлі әлем. Сенімді, сезімді. Сұлу да сырлы. Сырнайлы, арайлы. Сәні де, мәні де жарасқан. Ой мен тілді жарыстыра, жарастыра, көнілді құймен кестелеген. Ойдың өзін жердің түпсіз тереңін тартқан. Көрі тарихтың көмір болып қатып қалған қабырға - қамалын қайла, қаламымен қақыратқан. Метафора таңдаулысын кара тастан қашап ойып алған. Көніл шабытын лава жалынына жанып-жанып алып, Сарыарқаның сақылдаған сары аязына шындаған хас шебер, ойышыл, суреткөр. Қошалактың алтын қыраны, Ашақтық Алаштың азamatы. Біздің мақсат: Жұмекен жырының тереңін, тұңғиғынын, тұнығынын, тамырын тексеру, түгендеу. Түпсіз тереңіне тарту. Ізденіс жолында бірден-бір бастауды табу. Ишкі арпалысты, ширығуды

сыртқа, жарыққа шығару кезеңі келгенін түсіну. Өз, мендік шенберінде ендігі қалу қауіпті. Басқаны іздеу қажет:

«Алысқа қара, бол ғашық  
Өзіңе емес, өзгеге».

Алысты көру көрегендік емес пе екен? Қарай білу де қасиет шығар? Өзгеге ғашық болу өзінді ұмытыу ғой? Өзінді де, өзгені де ұмытып өнерге ұмтылу.

Зерттеу тәртібі, тәлімі, тәсілі - өзінді, өзгені, өмірді ұмытып, қолынан жақсы іс келгенді іздеу. «Ұнатқан сайын өзінді, өзгеге сүйісің». Өзінді де, өзгені де ұмытып өлеңге өту. Бәрінен бас тарту. Нар тәуекел! Ұлтта ұмытылған ұлы ақындар қалмасын. «Халық қаласа, хан түйесін сояды». Ақын халыққа, халық ақынға жақын. Мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халық. Пенделерге өмірдің, өнердің бұлжымас осы заңдылығы маза бермес. Ұлт басшысы мен ұлт ақынының жанында ұлттық әкім, ұлттық меценат, ұлттық оқырман табылуы тиіс. Қосындылардың орнын ауыстыруға болмайды. Ұлттық мемлекеттің тірегі, ұлттық тіл. Ұлттық тіл жоқ жүртта, ұрт пен бұт қалып, басынан бұлт пен қайғы тарқамас. Көкжиекті тазартар тек бірлік, ұлт болып ұлттық тілде ұйысу. «Өнерді ұлттан, ұлтты өнерден айырғанда... екеуі де құрымай ма?» деген Жұмекен - Идаят сауал-тұжырымы негізді, занды. Өмір – өнер. Өлең – өмір.

Біздің ниет, шын пейіл: өлең – өнердің бал дәмін тату. Толқып тұрып толғау. Тәтті әрі терең ойға бару. Жалын-жасын Жұмекен жырынан тұттану. Өнерін, өмірін үлгі, өнеге тұту. Толықтануға тырысу. Тілеуінді тек тәнірден тілеу. Талант пен тұлғаны тұтынушылық тұрғысынан тану теріс екенін түсіну. Тексіздік пен түнілу, тарығуды тастау. Тек қана, таза тану, түсіну, түйсіну, талдау, таныстыру, тарату. Таңдана таланттына таңқалу. Тағлымдану, таразыға тартып толғану талпынысы. Тұзу тізілген тіркестерге тебірену, тербелу. Түгел түсінуге тер төгу. Тың тақырыпты, тынысты, тыныштықты, тазалықты тауып тыншу. Туған жерге, табалдырыққа табыну, танысу, табысу, тағаттану, тәрбиелену. Туған топыракты жастанып жатуды бақыт деп тану. Тұлғаны тудыратын тіл, талант, талап, табандылық, төзім. Тәбе би биігінен, білімді, білікті биліктен,

төр мен төреден тәуелсіз төрелік төгілсін. Жырласқ  
Жұмекендей жырлайық. Егілсек Жұмекен гүлдей егілейік.  
Тұнып тұрған тұрлі тұс пен тұр, бояуына қанығу. Таңдаудан  
таймау. Тар жол таяғақ кешуден тайынбау. Тектілікпен тік тұру.  
Тенмен тен тұсу, тепкіге төзбеу. Табиғаттың төл туындысы  
таспа, тәлкеқ талқыға тартпа тарлан талантты. Алтын құн  
аспанды түркіге тән тағдыр пен тарих тағымын таңдау. Төңкеріс  
пен теңсіздік, төбелес, теке-тірестен бас тарту. «Бейбітшілік  
керек бізге мәңгілік». Тіршілікте тартыс пен тартылысты тен  
танымай, тіл табыс, тарылма. Так пен баққа тұра тарт.  
«Жақтырмаған жанарлардан жасыма». Туынды Таңбалы тастан  
тартылған темірдей тәртіп, тәлім-тәрбиемен тәуелсіздік  
тұғырына тік. Біздің таңдау - тұра жол. Жұмекентануда тікелей  
тарих пен тағдырдың тарам-тарамды, тарау-тараулы, тұрлі-тұсті  
тұстары тұнып тұрған, тапсырыссыз, тапсырмасыз, тәуелсіз,  
бейтарап талдауды тандадық. Жүрек кірін, мінез мінін  
тазартуды, тазаруды ойға алдық. Сіз де, біз де оқырманбыз.  
Қандай да бір мәселе жөнінде пікір білдірсек біз кітаптардан  
оқып, көңілге тоқыған ойшылдар ойларына сүйеніп, негізге  
аламыз. Жазу барысында әр елдің, әр кездің, әр тұрлі ойшыл,  
акындары, ғалымдардың ойларын тақырыпқа сай қолданып,  
пайдаланып, қорытып керегімізге жараттық. Барлығын тізбелеп,  
сілтеме жасау мүмкін де емес, бәрібір ол ойлар, сезімдер,  
ұғымдар өзіміз арқылы өзіндік ойлау жүйесі елегінен өткізілген  
соң өзгеріске де түсті. Ақын, жазушылар, ғалымдар - барлығы да  
бірінші кезекте оқушылар. Көктен түскен төрт кітаптан  
артылған ештеңе жоқ. Жаңалықтың бәрі табиғи заңдылықтан  
шыққан дүниелер. Абай артық ғылым кітапта деп соны мензеп  
кеткен. Негізінде ой мен мәдениет бір адамға, жеке ұлтқа ғана  
тиесілі емес. Ол адамзат аталатын адамдар ұрпағының өмірлік  
тәжірибесі, білімі - бәрімізге бірдей тиесілі ортақ қазына. Кең  
толғау мен үлкен ойда Абайға жүгіндік. Әр сәт сайын Абай осы  
тұста не айтты екен, не көмек берер екен деп хакімнің ақыл  
кенін актардық. Алсақ бәрін Абайдан алдық, жасырмаймыз. Өзі  
алындар деп рұқсат етіп, тарту еткен. Абайда дін де, философия  
да, поэзия да бір тоғысқан. Қара сөзі публицистика мен ғылыми  
снбек үлгісі деу өте орынды. Небір атышулы ғұламалардың

Абайдан асып кетпегін анғардық. Қазақтың қара өлеңінің түпсіз тереңіне үнілдік. Поэзияның өзі жеке дара тұрған ғылым екенін сезіндік. Сөз әлемінде өлең патшалығының жалғыз әміршісі, поэзия ғылымының докторы, поэзия профессоры, ақыл мен сезім академиясының академигі Патша ақын. «Қыыннан қиыстыру». Қисын- логика. Ал, өлең сол қисын зандарына бағынбайтын бөлек дүние. Абайдың «қыынан қиыстырган ер данасы» деген формуласы. Метафораны тудыру даналардың ғана қолынан келеді. Сонда, поэзия бір ғана ғылым емес, ол даналық әлемі. «Алланың сөзі – қаріпсіз, дауыссыз». Оны жүрекпен сезетін, сенетін ақын. Қалған жұртқа жеткізетін де осылар. Дүниенің мәғмурлығы бір түрлі ақылға нұр беріп тұратұғын нәрсе деген де Абай әлем деген сөзді қолдану арқылы жаратушының шапағатын айтады. Жаратқанның адам баласына жауапкершілік сезімін жүктеп жаратуында қәм ғадаләт, қәм махабbat бар деп түсіндіреді қазақтың Бас ақыны. Барша ізгіліктің анасы ғадаләт. Ғылым мен қатар сөз, тіл - Алланың бір сипаты. Өлең - сөздің патшасы, сөз сарасы. Сара - ашық, айқын, таза, анық, тәуір, жақсы, асыл, жеке-дара, ерекше, үздік. Бұның бәрін түсіну үшін терен ой, түрлі ғылым қажет етеді. Мыннан біреу ғана талғап-талғап дейді. Біздің айтқан әділ, әсем әлем поэзия дейтініміз осыдан. Поэзияға әділдік пен әсемдік тән. Тек сонысымен ғана ол поэзия. Онда патшалық құратын дана да, дара да тұлға – Ақын. Талант. Осы сөздің, ұғымның түпкі тамыры грек сөзінен тартылған - енбек. Ал, ақындарды түсіндіру, талдау үшін ақын болып туу шарт. Жұмекен «өзінді өзің зерттеу ақындық» десе, зерттеушін зерттеу, ол да ақындық. Бірак, ақындықтан өзгеше ақындық. Ақындық ақынға құдай берген, жаратқан сыйлаган қасиет болса, ал өленді зерттеу ол ақындардың саған берген сыйы. Алла мен ақын ұсынған сыйды алу үшін тек қана бір-ак зат қажет. Ол- енбек. Талант тағдыры таланттының танылуына да тәуелді. Талантты замандасының танымасы таңданарлық зат емес. Замана өзгеруімен қағидалардың да өзгеретіні белгілі. Абай ғылымның өзін екі тұрғыдан қарастырады. Бірі - Алланың ғылымы. Екіншісі адамның ғылымы, білімі. Оны Алланың ғылымы емес деп кесіп айтады. Адами ғылым әуелі ғалами ғылымға ерсін, бағынсын, құлшылық етсін дейді. Осы ғалами

ғылымга жетік болу бірінші кезекте ақындарға бұйырган ба деген ойға қаласыз. Абайдың өлең жайлы ойлары еріксіз дәп осындай тұжырымға жетелейді.

1956 жылдың 17 қарашасында өткен Қазақстан Жазушылар одағының III пленумында Хамит Ерғалиев: «қалам иесі үшін өз енбегі жөнінде төңірегінен алған әділ пікір де шыгарма болмақ. Өйткені, ондай пікір автордың келелі өнеріне төл қасиет боп кірігеді, яғни суретшінің өзі жасайтын жанды көрініске, нақты қимылға айналады» деген екен.

Әділ пікірдің өзі шыгарма. Және көркем шыгарма. Көркем шыгарма әділ болуы тиіс. Тура, әділ пікір төл қасиет боп кірігеді. Келелі өнерге. Өнерде өнерлі өнерліні тудырады. Қандай ғажап, ғылыми тұжырым, ұғым. Бағанағы Абай айтқан өнер шарты көркем өнерді талдауға, зерттеулерге, оны жузеге асыратын адамдарға қатысы бар.

Аталы сөз айта алар жақсыларға ілескенде Алла жар боп, Алаштың азаматтары қолдап тұра жолға тұстік.

«Максұт – алыс, ғұмыр шак,  
Ей, қарындар, жұмыршақ,  
Андып тағар айып көп айтары бар адамға:  
Айту қыын мұндайды,  
Айтпау қыын одан да».

Колына қалам ұстаған, айтары бар адамда алаң болмау қажет. Көніл тыныштығын орнату ең қыыны. Тынымсыз еңбек етсөң тынысын ашылады. Тату болған қандай жақсы. Тыныштықта тыныстайсың. Адамзатқа, замандасына ұнамай қалам деп аландама.

Жұмекен айтқан: «Жүргендерге кінә көп қалам ұстап-  
Бұл жолдарды окушым жарады ұқса», -  
деген ойды түсіну.

«Адамзат қүнде өзгерер, Алла өзгермес». Қаламың қисаймай тұра келсін. Көніл қаруы қолдан түспесін. Қаламың қылыштан кем көрінбесін. Ақын мен ақындыққа да мол дайындықпен келу міндет. Талант – табандылық пен тәлім-тәрбие талап етеді. Жалғыз тұма талантпен тұманда адасуға тұра келеді. Ілім, білім, ғылым алға жетелейді. Көп таланттардың дер кезінде ашылмай, ашыла алмай өмірден зар илеп өтетіні, өмірлерін окусыз

еткізуінде. Түбегейлеп оқуға талпынбау. «Мен ақынмын» дегеннен ақындық қонбайды. Өлең ұйқастыра білу кәсібіне үйренуге, машиқтануға, бала-шаганды асырауға жетерлік табыс табуға болар, ал ақындық ол құдірет. Оны ұстап тұру үшін де, қасиет даруы талап етіледі. Ондай қасиеттің аты-акындық мінез. Беріктік, қайрат болса ғылым мен ақылды сақтайдын сауытын сақталмақ. Осындай «бес қаруы сай кісі» ғана поэзияға келе алады. Саналуы саналы ғана мыңжылдықтар санылауынан өте алады. Қалғаны ше? Тіл өнері дерптен тең, өртенесің де кетесін. Өнер сенің бүкіл өмірінді талап етеді. Өнерге қызмет етуге тиіссің, өнер саған ешқашан қызмет етпейді. Талас, таласпа өлеңде өнерлі ғана өмірлі. Төрт ауыз өлең жазбайтын қазақ жоқ. Жазушының, айтушының бәрін ақын деп танысақ онда бізде қазірдің өзінде, үлкен мен кішіні есепке алмасақ, ақындардың саны екі-үш миллионнан асып қалар. Шынына келсек, тарих пен тағдыр талқысынан таланттылардың өз ішінен талаптысы мен тәнірдің таңдаулысы ғана өтеді. Абай айтқан таңдамасы. Білімдісі. Ер данасы. Талапты, ойлысы. Олар кім, оны бір Алла мен уақыт біледі. Таразыға тартатын да солар. Ақын сезін ұғар елі болса, Жұмекенді де сол қатарда көргіміз келетіндігі рас.

«Ерлігімен талайды жауықтырса да», Жұмекен «елдігімен қорқытып келеді бәрін». Өнерде, өмірде елдік, ұлттық позиция ұстану ұстамдылық. «Өз мезгілінің негізгі күре тамыры елдікте» екенін «зор жүргімен» қабылдай білген ақын. Өз дәүірінің, заманының үнін, музыкасын ести білу. «Елі өлең болып көтерілді». Халқын қалай-қалай көркем көтермелеу. Өлең болып көтерілу. Бүкіл ел. Осыдан кейін, қалай ғана ақын болмассын. Жүргің өзінен-өзі сөйлеп береді. Алға, ақындар! Аңдығанға алдырма. Алла жарлығынан пенде аса алмас. Шақ ғұмырда қыска да нұқса сөйле. Адалдық алқасын тақ. «Ақ нәрсені қорғап көр, мықты ақын» сияқты. Айтарың болса ақтарыл, айтып қал. «Ойы ауыр бейне өлім» ақын бигіне көтеріліп әлемді көр. «Айта жаздап, айта жаздап айта алмаған жүрістен» сақтандырган Жұмекенді еске ал. Айыбынан айбынды ұрпақ өзі-ақ аршып алар. Ен ауыр айып-айтылуға тиісті айтарынды айта алмаяу. Екі қыиынның арасынан қабақ шытпай өту, ер данасына ғана бұйырган. Кілемдегі кілең тепкіге төзбе.

«Өзім тепкі көрсем мейлі тек кілең,  
мен-көбінді қорғай алам тепкіден»,-

деп тұрган Жұмекен Нәжімеденов, ұлы қазак ұлты барында ештеңеден, ешкімнен қорықпа. Жұмекен жыры қорған болмақ. Қайғыны да, шаттықты да арқалаган қыран ән алып шықпақ аспан көгіне-әсем әнді сүйген көнілді. Кімнен «қорқып қалтырарамыз. Осы әнмен шындаламыз, қылышылдаймыз». «Әр көнілдің түбінен тебіреніп туатығын ел әніне» жол салған Жұмекен әнді сүйген қазағын ол да сүйген.

Біз де өмірімізді, өнерімізді осы әнге арнаіық деп бел буайық. Ән болғанда өте ғажайып ән. Қайтіп енді тумайтын ән. Тындаудан, таңданудан, табынудан бір жалықпайсыз. «Бар дүние тенселеді ән айтып, Мен ғана үнсіз - тындау үшін сол әнді». Үндемес күші Жұмекен үнсіз тындаған ән, халық жүргегіне жол тапқан ән. Осы әнге қатысты естіген, көрген, сезгендердің бәрін жан-жүректе жинай, жинақтай бердік. «Мениң Қазақстаным» әні шын мәнінде Мениң Қазақстаныма айналып кетті. «Данқ пен дақпырт» романындағы Жұмекен - Идаят сөзін сәл ғана өзгерте қолдансақ – «Мениң Қазақстаным» ел көніліндегі ән атауы дәрежесінен шығып, ұғымға, белгілі бір түсінікке айналып бара жатқан тіркес». Жұмекен жырының жанына жақсылар жан сала жиналды. Шындығында бұл кітап бір адамның ғана еңбегі емес, көптің ісі. Қол үшін беріп, көмек жасаған, тікелей ат салысқан, ақыл айтып, ой қосқан Арқа, Алматы, Атырау азаматтары есімдері мен енбектері өзі бір кітап. Қолжазбаның кітапқа айналуына, марқұм аналары Гүлбарам Фаббасқызы Ибраеваның жоктығын сегіз жыл бойы сездірмей, ерекше еңбек еткен ұлдарым Нұрлан мен Русланды, бауырым Олжас Саятұлын атағанды жөн деп санап отырмын. Сондықтан да, бұл қолжазба-жинақ деп аталады. Ойлар, жылдар, тағдырлар жиынтығы. Оған қосқан біздің үлес осы тақырыпқа баруға батылдықтың жетуі. Біздікі тек Жұмекентануға осындай бір жинақты тартымды етіп, ақынның 70 жылдық тойына тарту ету үшін еңбек ету. Осы оқыған, тоқығандар, құрбы-құрдас, қарындаас, қатарлас, замандас берген кемел кенестер негізінде

Жұмекен Нәжімеденов поэзиясы, өмірі туралы өздерінізben ой бөліскенді жөн көрдік.

Жұмекен жыры бар қазаққа ортақ кен-қазына. Мысқалдаң болса да жарыққа шыға берсін. Көнілде де, ошақта да жансын, сөнбесін. Керекті сөздер болғандықтан, осы жинаққа жазып алып, өздерінізben өзі өз сөзімен сөйлессін деп шештік. Зерттеу мен ізденіс барысында табылған Жұмекеннің ешбір жинағына енбеген өлеңдері мен аудармасы осы кітапта берілді. Олардың нақты қандай оқиғаға байланысты, қай уақытта жазылғандығы дәлелденеді. Жұмекеннің әрбір ісі мен өлеңін нақты өмірлік іздер негізінде зерделедік. Ақынның тұлғасын толық ашып көрсету мақсатында өлең мен деректерді қоса беру ең тиімді жол санауды. «Менің Қазақстаным» әнінің тууына байланысты ізденісте мұрагаттан Жұмекенің өміріне қатысты бұрын жария болмаған, таралмаған, талданбаған тың деректер табылды. Бірақ, ол тіміскілеу, тосын, тергеу-тексеріске, тезге салып таратуды талап ететін нәрсе емес. Бұлар Жұмекентануда, ақын өнерін түсінуде қосымша мағлұмат беруімен құнды. Тану үшін түсінуге талпыну қажет. Адам әрекетін, өмір қажетінен, жүйені, сол заман заңын өзгерте ала алғатын күші жоқ жеке тұлғаның мәжбүрлікten барған іс-әрекетін бағалауда қалтқысыз көзқарас ұстанған жөн. Себебі, Жұмекенге қатысты құжаттарды әркім, әрқылды түсініл, қабылдауы мүмкін. Бұл әрбір адамның өзіндік құқығы. Алайда, бәріне де жалпы адамгершілік, имандылық тұрғысынан келген орынды. Жұмекенге байланысты ақпаратты мың ойланып, жұз толғанып, ақынның жұбайы Нәсіп апай мен балаларының келісімі және рұқсаты бойынша енгіздік. Мұрагат анықтамасы Жұмекен өмірінің кейбір сәттерін реңми деректер негізінде нақтылауға мүмкіндік берді. Олар өз кезегінде Жұмекеннің өлеңінің қай уақытта, қай жерде, қандай жағдайда тұгандығы туралы пікірімізге айғақ, дәлел. Мәліметтерді талдау барысында олар ақиқатына келгенде Жұмекен өлеңдерінен алшақ кетпегенін көресіз. Анызға аяқ баспадық, ақиқаттан аттамадық. Адалға жақын, ақымақтан аулак тұрдық. Ақырын жүріп, анық басуға талпындық. Аспадық, таспадық. Гылым жолын таңдадық. Естеліктердің еске сақтау қабілетіне тәуелділігін ескердік. Дерек пен шындықты ғана тірек етерімізді

ескерттік. Өлең мен өмір жолын санамен сарападық. Өмірдегі Жұмекен мен өнердегі Жұмекен арасында ешқандай айырма жоқтығына көзіміз жетті. Өмірі мен өнері біртұтас. Жұмекентануда қалыптасқан кейбір ой-тұжырымға біздің пікір қарама-карсы, қайши келетін тұстары аз емес, ол занды да. Өзгелердің көзкарасына құрметпен қарап біз ез пайымдауымызды дерек көзбен, гылыми әдістемеге сүйеніп негізdedік. Нагыз, шынайы Жұмекен Нәжімеденов бейнесін өз сөзі, ез ісі арқылы көрсету мақсатынан тұған бұл еңбек. Ақынның өз құнделігінде өзіне елдің бәрі тисе беретіндігін айттып, бізге, болашақ оқырманға білдірді. Сондай тиісулерден ақынға қаншалықты қызындық, ауыртпалық түскенін сеземіз, сенеміз, сезінеміз. Тиіскенге, тістегенге, тұртқенге ақын торықпады, таусылмады, тұнілмеді, тәзді, тынымсыз еңбек етіп іс тындырды. Өз көзімен көргені, өз жанынан өткізгені ақыры Жұмекен жүйкесін жұқартып, жүргегіне жүк боп артылып, 1983 жыл шілде айында реанимацияға жол тартты:

«Қайдан шықкан сөз екенін кім білген,

Мәнін бірақ сөздіксіз-ак

білдім мен.

«Ит өлген жер екен ғой ол,

ит өлген».

алыстығын сездім, сездім жүйкеммен

Тексерткенде әлдекімнің

Ант, атын

«чистилище» деп атапты

Данте ақын

дастанының бір тарауын,

ал, менше

Бар қунәнді таразыға тартатын

мекеме емес

тек өлі үшін, шамасы

менінше, бұл өмір-өлім арасы –

Не моргке, не үйіне

жол шегер

арада бір жол айырығы болса

егер

Ре-ани-мацияның сол мәні.  
Ал, мен өзім - Нәжімеденов болғалы  
тағдырымын шешті талай  
кеңселер.

Бір күн, бір ай,  
талқылап ап бір апта,  
Бұлай анық шеше алмаған  
Бірақ та.  
Жүргегімде діріл бар бір-  
үнілме,  
кей кезде бұл ұқсамайды  
дірілге.  
Ре-ани-мация - ғана шешеді  
Мениң түпкі мәселемді  
тұбінде».

Жұмекен қашан Нәжімеденов болды, қай кеңселер қалай шешіп, қалайша талқылаған, неге анық шеше алмаған, ақын жүргегіндегі дірілдің табиғаты не? Неге кеңселер ақынның тағдырын шешеді? Кеңес кезеңінің қаптаған кеңселерінің қайсысы екен? Азғыр сырын ашуға аяқ бастырмаған солар ма? Айлап талқылаудың сыры неде? Несін талқылаған? Қандай күнәсін? Таланттың ба, тағдырын ба? Талқылау барысы, ақыры талауға ұласты ма? Анығына неге бара алмаған? Үніліп зерттеп, зерделеп көрсек, ақын сырына тақай аламыз ба, жоқ па? Тұлғатану тағлымы, тәжірибесі, тәлімі тұрактанды ма? Жұмекеннің күнделігіндегі сұрақ-сауалдар жауапсыз қала ма? Жауап беру де қажет. Жұмекен үнсіз. Не істей керек? Ақының ойлап оқырман терен ойдың соңына түсті. Жұмекен жәйлі жазбасқа, қолжазбаны аяқтамасқа болмады:

«Ей, бауырым, өзім жәйлі, мен жәйлі  
Тағы да бір жазбасам болмайды.  
Өзімді айтсам - өзгешелік дейсің бе,  
өзімшілдік дейсің бе әлде ондайды?

Айтсам егер асқар Алатау жәйлі,  
Көңіл шыны көктің бұлтын аулайды.

Тау суреті жанарымда аунайды,  
Сол таулар да дәл өзімнен аумайды!

Мен өзіңмен бір беленде көктеген  
шыбық едім әлі толған жоқ денем.  
Дей алмаймын қарық қылам, көп берем,  
Бойымдағы азын- аулақ отпенен.

Жалғыз өзім жиналыс боп қаулы алдым:  
өз есемді – тек өзімнен даулармын,  
екі қол мен бір бастан,  
ал, қалғанын құрбылардан, құрдастан.

Кейде ойларым тасқа тайып жүрді ақсан,  
Айта алмадым тіс батырып, тырнақ сап.  
Толқындағы қайық өм мен – бұл жақсы-ак:  
Қағып алды бір мақсаттан бір мақсат...».

Өмірін өнерге арнаған ақын өзі жайлы жазса өзімшіл емес. Оның үстіне өзін, менін жеке қарастырады. Өзіндегіні өзгеге өлшеусіз берген өнер адамы өзгеше болмаған да кім өзгеше болмак? Қайта, қайта жазу керек ақындарға өздері жайлы. Ақын, ақындық хақында молдау айту - заман сырын, бейнесін ашу. Пендене өзінің пенделігі әуелден белгілі. Ол басқалар туралы білуге ынтық. Ашық, айқын, аянбай жазу. Үлгермеді. Әлде, үлгертпеді ме? Ең бастысы, поэзияға қызмет ету деп өзін ұмытты. Жан таласып қарсыласпады, өзін-өзі қорғамады. Ұлы мақсаттар ағыны ақынды алды артына қаратпады. Өшпес өлеңін өтірік өшіргіші өшіре ме өмірден? Ессіз естеліктерде ез сөздер ессе де Жұмекендей ер-ел есінде, әрбір елді мекен, саналы ер есінде ұстайды. Еске алады.

«Жақсы күннің ақыннымын мен  
қалқам,  
Бақыт көрсем - өлең айтам  
айқай сап.  
Кедей көрсем - кейін болар  
байды айтам,

Сұуларға жасаулары жайлы  
айтам,  
Тұтқындарға амнистия жайлы  
айтам,  
Әкелері қан майданда мерт  
болған  
Ұлдарға айтпай жақсы сөзді –  
қайда айтам?!  
Қызыл толқын сөз кетеді-ау  
көпіріп  
Әттең қыын.....  
қыын екен өтірік» (Мәлік Андай- Жұмекен).

Өтіріктің артына тығылатын заманда өтіріктің өзі де жаман болған соң оның арты қанша бір онған дейсіз. Өнерліден өсек айтқан қу сыйлы, деп Жұмекен біліп айтқан шығар: «Өскен өсекші. Өтірігінің өзінен шындық исі аңқиды. Өсекті тыңдайтын ғып айта алу - сирек талант, ол өз алдына. Күндеп яки өсектеп өсіретін өздері». «Ө» витамині бар ма деп, өсек өтініп отыратында ел жетерлік. Жақсы күндер ақындарының есімдері көпірме сөздер көбігімен көмілмесе болғаны. Баганағы қыындықтарға тағы бір қыындық қосылды. Ол жалғаннан жалтару, жалғанда.

«Қайыр айтқан мына бір сөз тірі әлі:  
Қылмыс емес өтірік айту көпіріп,  
Сену бірақ өтірікке өтірік –  
өзінді өзің өлтірудің құралы».

Қауіпті құрал. Қолданыстан алынып тасталуға жататын керексіз амал-тетік. Осы бір сенімсіз жолға тұсіп алып тұра жолдан адастық па? Өзінді өзің өлтіру күнә. Өтірік айту қылмыс болмағанмен қателік. Қателікпен қателікке сену көрсоқырлық. Онда, мынау тіршіліктің не мәні, не сәні қалады? Өтірікпен өткен өмір де өмір санала ма? Тіршіліктегі тірі бол өтудің өзі өнер, ірілік болып шықпасын. Өтірік өмір - өлім.

Ақындардың өлеңдерін оқитын оқырман сол көркем туындымен құрдас емеспіз бе? Жұмекен жүрген махабbat майданында біз неге жүрмейміз, ескерілмеген есемізді неге дауламасқа? Езбіз бе? Ерміз бе? Намыс пен жігер Жұмекен жырына жетелесін.

«...Белгісіз ой, жүректе жүре түршы,  
бедерлі өлең, қойнымда жүре түршы,  
Менің-дағы шаңымды қағып мезгіл,  
Іздеп тауып алғанша бір окушы».

Жұмекен айтқан осы бір окушы неге болмасқа? Белгісіз ой мен бедерлі өлеңін жарыққа алып шыққан жөн болар. Ақынын окушы іздемегендегі кім іздемек? Адам жанын, тәнін емдейтін ақындар өлеңдері.

Ақын өзі бірде былай толғамап па еді:  
«Мен кетер ем өлеңнен,  
ұмітіммен, мынау шөкім-денеммен,  
бүкіл осы тірлігіммен кетер ем.  
Кетер едім, айыптар ем ішімнен  
адамдарды – мен ақын деп түсінген.  
Өзімді-өзімді келеке етер едім мен.  
Тілегім де болмас еді басқа онша –  
Тек бір адам мені шындал жоқтаса...».

Жұмекентануда өз сөзімізді неге айтпасқа. Ақын тілегін орындағық. Шындал Жұмекен жырын, жүрегін, жанын жоқтап іздеп көрейік. Үлгі, өнеге ретінде жүргегімізде Абайдың Оспан бауырын жоқтауы тұрсын. Ғылым, шындық үшін керек. Бізге де, тәуелсіздік таңы атқанда, сөйлейтүғын кезең келгендей. Өз шаңымызды өзіміз бір қағып көрейік. Жұмекен жырын, сырын іздеп ізгілік жолымен аттанайық. Мезгілі жеткен сәт болғай.

Дат, ағайын!

Атом астында адыра қалған Абрали азаматы сөзіне құлақ қой.

Біз, бақандай алпыс жыл, алыс та болса да ауыр - атом жылдар жүгін көтердік. Не көрмедік, не өткермедік? Не туған аулы жоқ, не туған ата жоқ, нағыз жетім бол өссек біз өстік. Бүтін Азғыр мен Атырау аралығындағы құм өңірінің түлегі Жұмекенді жете түсінер жан болса, соның бірі біз болармыз.

Оқушы ақыны жайлы жазса, бұл да тын жаңалық, жақсылық. Ізгі ізге түсіп неге ізденбеске. Азалы Абралы арлы Аралын, ардақты Атырауын, алтын Азғырын, асқак Алатауын, арайлы Алтайын, ата жұрт Арқа елін, сырлы Сыр өнірін, жер жаннаты Жетісуын, сұлу Көкшесін айқара аймалайды.

Құшағынды аш, бауырым! Сырымызды да, шынымызды да айтып та, жазып та Біз келеміз!

Қолға қалам – қогам қажеттілігінен келді. Кемел кеңес құруға қарымы қатарлас құрбы-құрдас, қарындас керек. Қалыптасқан қогамдық қарым-қатынаста қалыс қалу қатардан қағылу. Дер кезінде үн қатпау азаматтық парызынды актамау. Айтарынды айтпау – ар-ојдан бостандығы құқығынан бас тартумен тен. Жалпы құқық пен поэзияны бір-бірінен бөлек дүние деп қарастыруға болмас. Бірінші құқық пайда болды ма, әлде поэзия ма? Құқықтың ең биік шыны поэзияда.

Адал жүргендер, жақсылық жасаушылар қатары қашанда қызық. Қазақ поэзиясындағы Жұмекен құбылысы – өзіне магниттей тартады. Жұмекен жұмбак емес, айқын ойды – ашық сөзбен бейнелеген шебер. Оның Қарағандыға келуінде өмір не өлім, өсу не өшү деген сауал тұрған сыр барын іштей түйсіндік. Әуел баста белгілі бір жоспар, бағыт-бағдар, нақты мақсат болмады. Елге қашама жыл қызмет етіп келе жатқан «Менің Қазақстаным» елеңіне неге құрмет көрсетпеске деп ойға қалдық. Қарағанды қаласымен, Жұмекеннің 70 жылдық тойлары, тын ерлігінің 50 жылдығы тұспа-тұс келген соң бір жақсы іс қылайық деп толғандық. Қөпке пайда келтірер іс жасау қолдан келе ме деп кірістік. Женіс әлде женіліс? **Тек қана женіс!** Женіліс жігерсізді іздесін. Еркіндік пен идеалға ұмтылғанда ұтылуға жол жоқ. Ұпаймен ұту да ұтыс емес. Біз толыққанды, бүкіл ел көзінше ашық, сөзге қалмас, кір келтірмес, таза женіс іздедік. Ақ орамалды ортага еріксіз тастатқызар ерік-жігер қанымызды қайнатты. Күш-қайратымыз тасқын, сел болып ағылды. Жұмекен жыры жүргегімізге рух ұраны болып құйылды. Мәрт мінезден мерт те болу мерейлі. Таңдауымыз тек текті женіс. «Женілме, дос, женілме - қайратынды құмарлыққа косақта» деп Жұмекен тұр. Осы жолда туымыз - «Менің Қазақстаным» жыры болмак.

«...Женеміз деп ту жамылып тұр едім,

Женеміз деп дүрсілдейді жүргегім» (Әмин Омарі - Жұмекен. Онтүстікten хат).

Жұмекен жүргегімен бірге женеміз деп жанымыз жөнелді жыр жүртіна. Тәуелсіздік туы - женіс туы.

«Женіс аты- қызыл жалау.... нан деген

Сәби ойы- айта алмаймыз бекер деп.

Енді ойлаймыз: Женіс тамшы қан менен

Өз күшіңе мықтап сену еken деп».

Тамшы қанымыз қалғанша, күш-жігеріміз сарқылып таусылғанша Женіс әкелеміз елімізге. Өз ақылымызға, күшімізге сенімдіміз. Елімізге, жерімізге сенеміз. Отанымыз - Қазақстанды сүйеміз. Біз осы елдің азаматымыз.

Адамның өзіне қояр мәңгілік «Мен - кіммін?» -деген сұрағы әкелді мына әділ, әсем әлем – поэзияға.

«Кіммін осы? Не бердім мен? Не берем?-

Алушы еді пенде не.

Лақылдатып жалынды жыр төгер-ем —

Тарлау еken қеуде де.

Қырсыз ойдан күйініш пен ыза алдым,

Жан екемін тас маңдай...

Ақырында өз-өзімнен қызардым,

Тан алдындағы аспандай».

Жұмекен «Кіммін осы, не бердім» деген сауалына өз ісімен жауап беріп кетті. Біз оның жырынан не алдық, не аламыз? Өз-өзімізден қызарар қасиет біздің бойда бар ма? «Өшерде бір мықтап қызара» аламыз ба? Жұмекен өзі мақтана айтпаса да, мақтанаарлық істі шахтада кенші болған кезінде жасады. Жұмекен қаршадайынан қалжақ тағдырымен тайталаса жүріп адам, азамат, ақын болып шындалды. Оның тұла бойы өзінің туған жеріне тартып, тәзімнен тұтас құйылған. Алмас бұрғы батпас «Галит». Қошалақтай қарапайым болған ол – Нарын күмында өсіп-өнді. Өнері елім деп өмір сүрді. Жүргегі елінің жүргегімен ұғысқан, елін - Гүл елі, жыр елі деп жырлаған. Неткен дархан сәби көніл. Мөп-мөлдір, пәк сезім. Ағыл-тегіл сыр. Жұмекеннің өмірі мен өнері ел шежіресіне, әлем әдебиетіне «Менің Қазақстаным» өлеңімен енді де, мәңгілікке қалды. Ұлы

қазақ ұлты мәңгілік болса, Жұмекен осы бір шағын дүниесімен-ақ мәңгілік ел жадында. «Қөтерілді ел өлең болып» деген ақын сөзі осы әнге арналған сыңайлы. Қазақ өнері мәңгілік, уақыт қас-қағым. Өтпелі ғасырдың ақтауға жатпайтын өктемдігі мен өзімшілдігі, шектен шығуы хас шебердің көркем ойын ешқашан шектей алмайды. «Әділетсіз қүш» ән алдында әлсіз. Адамзаттық идея ұлттық идеядан құралатын болса, қазақ ұлты Жұмекендей ұлы ұлдарымен ұлы.

Жұмекеннің өзі осы жайларының демеңде еді:

«Әзілдейді жұрт бізді: үш ұлы ақын...

Ұлы десе несі бар қызылатын?

Екшеп айттар еріннен, жанымызға

Ойнаса да мақтаған кісі жақын».

Жұмекендей ақындар мактауга да, мақтануға да тұрарлық ұлы ұлдар екенін өмірімен де, өнерімен де көрсетті, дәлелдеді.

Жел етінде жырлаған жетім шыбық тамыры тереңіде, жапырағы биіктегі бәйтерекке айналды. Қазақ ұлтының тағдыры үшін аландаган, тілінен, өлеңінен ерте өлейін деп гүлің болып егілген, жырың болып төгілген, елден де ерек өлімге асыққан Жұмекен ерте өтіп өмірден, жанып кетті. Оған ол өкінбейді, өксімейді: Сен барсың, бақытты елі, туған жері Қазақстаны. Сен барсың, сан мындаған жасыл жапырақ жас Жұмекен - жыр сүйген жас. Сен барсың: жақсынды тану үшін ғұмыр бойы окуға дайын оқымысты оқушы, сауатты сыншы. Сен барсың ұлт басшысы, ұлттық әкім, ұлттық меценат, ұлттық оқырман. Сен барсың ұлттық қазақ әдебиеті. Ұлттық әдебиетке ұлдарың халық ішінен, қайнаған өмірден келді, сырттан келген ешкім жоқ. Көркем сөз әрқашан халық иелігінде, оны еш пенде жеке меншігіне көшіре алмайды. Халқының ұлттық мінезін, бар бітім болмысын, рухын, жан-жайлауын дәл тауып көрсете білген, «Менің қазағым мықты ғой» деп жырлаған әдебиет нағыз халықтық әдебиет. Оның шынайы өкілі Халық ақыны- Жұмекен бақытты ақын. 2005 жылдың 20 сәуірінде «Менің Қазақстаным» әні Караганды қаласында алғашқы рет толық үш шумағымен бірдей орындалды. Тәттімбет атындағы академиялық оркестірдің сүйемелдеуімен ұлken хорға қосылып Жұмекеннің құдай қосқан қосағы Нәсіп Мұстақызы, өзінің сүйікті кенже

қызы Саидасының жары Самал Дәрібаев, консерваториядағы ұстазы Шамғон Қажығалиев, көмірлі өнірдегі тәрбиешісі Кенжин Әукебайдың ұл-қыздары, келіндері, бауырлары: Төлеш, Болат, Сәуле, Роза, Ермек, түркінің тексті ақыны Ақсұнқарұлы бұл әнді шырқап жарасып тұрды. Неткен бақыт. Сұлу сезім, сәнді саз. Терен сыр мен тәтті наз. Жұмекен жыраған мейірім, махаббат тұнып тұрды жан дүниелерінде.

«Бүкіл әлем - мейірімнен тұрады,  
Бүкіл дүние - махаббаттан тұрады».

Мәнді, мазмұнды мейірім, махаббат мейрамын сыйлаған мәрт мінезді мәдениет майданының Махамбеті - Рымбала Кенжебалакызы Омарбекова.

Жүректі жарып шыққан сөз алдымыздан шықты сол кеште. Жанартаудай жалынды жырымен жас Жұмекен тұрды халық алдында:

«Қандай жыл да ортайтпаган көнілін  
Біздің ел де – бір керемет ел еді».

Әлі де сол қалпы. Қайта көнілі толыса, толыға, түрлене түскен.

Елу жылдан кейін бір өлең қаншама адамдарды табыстырыды, таныстыруды, танытты, туған туыс, бауырлас етті. Сахнаның торінен жүлдышдай жарқырап қарап тұрған Жұмекеннің де бейнесі елімен тағы бір қауышып, оның да жанарына жас үйірілді. Бұл күн Жұмекен жырының тағы бір жеңіс күні болды. Жастық шағы өткен Қарағанды топырағында оның жеңіс туы жетпіс жылдық тойында желбіреді.

Ол осындағы сәттерді өз ғұмырында ансан, армандал, күтіп еді. Кеңес заманындағы спорт шебері, бірінеше дүркін әлем, олимпиада жеңімпазы Ирина Роднина арнаған өлеңінде сол тілегін ашық білдірген. Өлеңді қысқартпай өз қалпында келтірейік. Өлең жолдарында Жұмекен жүрегі соғып тұр, әрбір үтірінде көзден аққан жасы, жаны үйірліп тұр:

«Жоқ шығар-ау қанша шарла жер үстін  
Шаттығынан өткен шаттық жеңістін,  
Бақытынан өткен бақыт жеңістін—  
Деді біреу,  
Мен келістім, келістім.

О, еңбектің женісі,  
Рұхтардың женісі..  
Бір балладам тауып туса желісін  
Женіс, женіс мен үшін.  
Шу етті ұлы стадион—соқты қол,  
Жер солқылдақ кетті білем тепкіден.  
Сонша сүйген, сүйсіндірген кім бізді?  
Женіс өзі қалап титтей бір қызды  
Құдіретті тұғырына мінгізді.  
Біздің гимн әмірін бір жүргізді,  
Көтерілген сәтте Қызыл Ту біздің.  
Тудай шалқып сезім шіркін «мен», «мен» дер-  
«Менге» құмар келеді ғой женгендер.  
Ал, мына қыз гимн ойнаған шақта  
Қып- қызыл Ту төбеде айналған шақта  
Тыйылмады көзден жасы бұршактап.  
Алғыс толы ойлар туып көнілде,  
Жанаарыма жас үйірілді менің де:  
Жасыл бақта жаздағы  
Жарып шығып жасыл сабак басынан  
Гүлдер бар- ау көз алдында ашылар.  
Соған ұқсан жүрегім  
Көкірегімді жарып шыға жаздады  
Қызыл тудың сәулесі мен жүзі шын  
Жанған сынды болды маған –  
Ұлы елдің  
Гимні ұлы ойналды осы қыз үшін,  
Туы төбеде айналды осы қыз үшін –  
Неткен бақыт.  
Ұлы еліңнің ұлы гимні алдында  
Жүрегіннің қызыл туы алдында,  
О, құдірет, тап осылай, құдірет,  
Жыласаң ғой ғұмырында бір рет».

Жұмекен! Тап сол күні, тап сол өзіңіз қалағандай жыладық.  
Женіс көз жасы төгілді. Женіп тұрып жыладық. Өлеңдегі  
өзіңіздей елім деп, егілдік. Бақыт сезіміне бөлендік. Жұмекен

өлеңі Шәмші әуенімен бірігіп қазақ ұлтының ұлы гимніне айналды. Өнер күдіреті. Ұлттың ұлы ұлдарының ұлы жеңісі. Халықтың қатесіз қабылдауы, қалауы. Қаулы қарарға қарамас халық жарлығы. Қазақ ұлтының ұлы гимні, тәуелсіз ел туы алдында Жұмекен мен Шәмші - қос қаңарманың еңбегінің, рухтардың жеңісін көріп, шаттыққа бөленіп шырқадық. Хормен бірге бүкіл халық алғашқы дыбыс, әуенге ілесе көтеріліп, тік тұрып ән салғанда, еркіндіктің, ғажап поэзияның не екенін тагы да түсініп, түйсініп рухтандық. Қазақтық мінез-құлық бұрқанып атой салды. Қекіректен жүректі жұлдып беруге дайын едік. Қазақ ұлтының бақыты бірлікте екенін сезініп қайраттандық. Ақынға деген алғысқа толы көнілден тұған шаттық, мақтаныш бұршактары еді халықтың көз жасы. Бұл кеш еңбек пен рух жеңісінің жемісі, жетістігі, көрсеткіші іспеттес. Жұмекен жырының таза жеңісі тағы бір жарқырады. Тап өзі айтқандай: «Біздің жеңіс, тек аспанның сыя алады құшағына. Алдағы күндердің жүзінен жеңісін көруге келем мен. Бұл күннен кім бізді іздесе, келер күн төрінен табады». Халық, ақын, билік бірлігін көрсеткен тұста туды бұл бақыт қуанышы. «Біздің ел бақытты, біздің ел осындей» деп Жұмекен біліп айтқанына куәлік еттік. Бәріміздің, әр қайсымыздың арманымыз бақытты болу. Эрбір ұлт, мемлекет бақытты өмір сүргісі келеді. Ақын сезінің астарында қаншама сыр, ой мен еңбек жатыр. Ол өзі де күнделігінде «...Жұрт ғұмыр бойы маган тиісіп келеді. Ал, мен әлі жауап берген жоқ. Еңбек. Жауаптың да, сұрақтың да көкесі - сол еңбек. Біздің қолдан басқа не келеді», - деп жазған.

Расында да, ақын бәріне де еңбекпен жауап берді. Ақылға салды. Тиіскенге жауап берген жоқ. Жауап беруге қауқары жеткілікті емес пе еді? Еңбек ете алмаған ғана тиісуге дайын тұрады. Өнері тұрганда басқа амал-айланың қажеті не? Жұмекен осы арада таза еңбек жайында сөз қозғап отыр. Ешбір қоспасызыз. Ақ, адал еңбек. Қарындар мен жұтқыншақтарды толтырар еңбек емес. Өнерін, өмірін мәнгілікке апарар еңбек.

«...О жастық шақ, ақ шаш сенің не теңің!

Білемісің көргенсіздік екенін

Бурыл шашты сатып алу тыынға?

Шаш па бурыл,  
Бурыл әлде миың ба?!

О, сәнкөйлар, есер едің сен неткен?  
Мода, мода күа аламын мен де еппен,  
Бірақ ақ шаш... Данқ, Орден секілді  
Оны- дағы алу керек енбекпен»  
(Мая Румянцева - Жұмекен. Бурыл шаш жайлы баллада).

Еңбексіз келген данқ, орден бәрі сағым-алдамшы, ойыншық, уақытша алданыш. Баяғы сол мода күу. Көргенсіздік. Тиынға келген танымалдық таң атқанша ғұмыр сүрер. Бір қыр асқан соң сән де жоқ, мән де жоқ. Бәрі айдалада атаусыз қалады. Өмірін өнерге қызып енбек еткен ақын гана мәңгілік табалдырығын аттай алады. «Еңбек деген махаббат қартаюды білмейді». Еңбек - махаббат. Қартаймау формуласы. Бұзылmas, өзгермес заң. Мәңгілік заңы.

Жұмекен өмірде де, өнерде де еңбектің, ерліктің небір көкесін көрсетті.

Қарағанды қаласының шахтерлері 1955 жылдың қыркүйегінде Қазақстан жастарына үндеу тастап, көмір өндіруге шакырганда Жұмекен де алғашқылардың бірі болып 16 қыркүйекте «Лениншіл Жас» газеті арқылы «Шахтаға мен де барамын» деген өлеңімен:

«Ежелгі мениң арманым-  
Шахтер боп шығу болатын.  
Қыялмен шарлап лаваны  
Жүрекке шаттық толатын:  
Қолымда міне, жолдама,  
Жарқ етті сол бір арманым.  
Тұрындар, достар қатарға».  
«Шахтаға мен де барамын»

- деп үн қосып, Қарағанды қаласына аттанды. Ақын шабыты суреткерлік қасиетіне қанат бітіріп қиялмен лаваны шарлап кеткен. Әлі шахтага түспеген. Лаваны көрмеген. Алайда, айна қатесіз дәл сурет.

Жұмекеннің бұл шешімі саналы, ойлы аттаныс еді. Алматыда мұғалімдер институтының филология факультетіне

түсем деген тұста, пендешіліктің қызғанышы шығармасына сия болып құйылып, бұлақтың құтырынған толқынынан қос алақан сумен шөлін басарын кім болжапты. Ауылда анасы мен әжесінен басқа сүйенері қалмаган, қалтасында кек тыын көрінбейді, бұл енді кайда бармак, не амал қылмақ? Ой арпалысында отырып, қолына Қошалақтан ала шыққан қоңыр домбырасын қай мезетте алғанын өзі де сезген емес. Бұның ту сыртынан, таңқалып, қазактың небір қүйін, кала ішінде, бұлақ басында үсіз-күсіз, үнсіз үзілдіріп, пернелерге сыр шерткізген жас жігіттен естімін деп ойламаған Ғұбайдолла Ержановты да байқамапты. Өзі бұлақ сүйна қанып, жана танысы бұның сырьна қанығып болған сон жаңағы шешімге келген еді. Ең дұрысы осы дегенге екеуі де тоқталды. Қекесі Нәжімedenнің жас қабіріне шағыл құмның себілгеніне де көп уақыт өтпеген. Төрт жасынан жетім қалып, соғыстан бұрын болған өз әкесі Сабыреддин қабірін құшып жылай да алмады. Қарт Нәжімeden қара інгенге жүгін артып, картайғанда жақын-жыуық жағалап, қайын жүртты қуалап Қошалақтан ірге аударғанда Жұмекен қатты қиналды. Қекесі де ырым қылып белбеуіне бір уыс құм түйіп ап, көзбен де емес, сақалымен текті жас. Қекесінің немере ұлына, бұл ірге аударуы қатты соққы болды. Қолында бар биігіне кетеріп есірген атасымен айырылу қабыргасын қақыратта сөккенмен бірдей болды. Қекесі өзін 1955 жылдың 19 маусымында қоштасуға шақырғанында, ат-матқа қарамай жаяу, жалаң аяқ, жан ұшырып жетті ұлы әкесіне. Өкпесі өшсе де, өкініш - өкпесі жоқ еді бабасына. Өлемге әкелген әкесіне ұланыңмын, ұлыңмын мен сенің деп ұмтылды. Оның бертінде жарияланған «бар қазак, өткен өмір атаптанның, бурыл сақалдардың менің әкем» деген өлеңі атасынан айырылғанда туған сезім-ойдан келді.

Тұған топыракқа табан тіреу, табалдырықтан танбау сол қабірдің басында серт болып құйылды жас жүрекке:

«Кеке, енді сен де кешір.  
Өзіне ұқсан мен де жүртқа сыйлы өстім,  
Мен де сүйем топырағымды,  
Бірақ сеншес сүймеспін:  
Қоныс іздеп көше алмаспын сен құсан,  
Топырағымды белбеуіме түймеспін».

Жұмекеннің проза ауылына бұрылып, роман, повесть жазуының бір сыры өзінің атасы Нәжіменге деген махаббатында жатыр. «Көке енді сен де кешір» деген сөз қимагандықтан туған жан айқайы. Кезінде жеткізе алмаган бала махаббаттан жаратылған ересек ердің сөзі. Әкесі Сабыреддин соғысқа кеткенде Жұмекен төрт жасынан атасының тәрбиесінде болды.

«Кетті әкелер майданға!..

Бір карасам, он бір жасар қарт боппын,

Арасында мені аяған көп қарттың...».

Қошалақтың қара домалақ қарт баласы. Соғыс әкелген қасірет, аяныш. Жұмекен түйіктығы – ерте есеюмен бірге аянышты кездерде аяуга да бата алмаудан туған мінез болар. Табиғи мінезі емес, уақыт пен тағдыр таңған мінез. Іштегі аяушылық атты ұлы сезімнің телегей теңіздей төгілуін ұстап тұрған тосқауыл. Жанартаудай ақтарылуға, атқылауға тежеуіш болған аяулысын аямау. Мұқалту, жығу. Бәз баяғы поэзияның қас жауы - пендешілік. Ретін, тетігін тауып ағытып жібергенде не болар еді? Екі жұдышырығын түйіп жұру әдеті, адамдарды аяп көмек жасауға даярлықтың белгісі мә? Санадан туған махаббат пен аяушылықты арқалған ақын жүгі, жұдышық пен жүрекке жиналғандай. Қаталдық пен қорлауды қатар көрген, көтерген қарт бала жұдышырығы жазылып, жүргегі жарылып кетті...

Атасы жалғыз ұл немересін өз ұлынан артық өсірді. Жалғызын жауға сала алмады. Өзінің бұл тіршілікте дәм-тұзы таусылғанын сезді мә, әйттеуір Жұмекенің мына қатал тіршілік-заман заңынан қорғап, сақтап қалуды ойлады. Қам жасады. Жұмекен ДОСААФ-та (Әскер мен флотка еркін ықпал ету қоғамы) оқып жүрген кезінде атасы Нәжімен оған әскери билет алғып береді. Әскер қатарында болды деген. Сүйікті ұлына соңғы сағатында сыйлаған сыйы, сыйлы адамның. Қолынан бар келгені. Қажет санағаны. Оны біз Жұмекеннің шахтада толтырылған, осы жинаққа енгізіліп отырған жеке құжаты арқылы анықтадық. Әскери есеп бойынша мамандығы нөмір 133 деп көрсетілген. Қатардағы жауынгер. Есеп категориясы – екінші. Сталин аудандық әскери комиссариатында тіркелген. Бұдан Жұмекенде әскери билет болған деген тұжырым шығады.

Жұмекенді әскери борышын өтемеді, әскер қатарына шақырылудан жалтарды деп кінәлуға болады ма? Әрине, жоқ. Себебі, бұндай шешімді атасы қабылдады. Әскери билетті бар беделін салып, ауданның әскери комиссариатынан алған. Ресми орган солай шешсе оған Жұмекенді кінәлі қылуға болmas. Жалған құжатты атам алып берді деп жар сала ма? Өз атасын өзі үстап беру гой. Құжат алып берген азаматтардың тағдыры тағы бар. Әскери дайындық курсынан өткен. Қару ұстауды, колдануды үйренген. Керек кезінде сапқа тұруға қабілетті. Сонымен қатар, кезінде орыс патшасы, қазак әскер қатарына алынбасын деген жарлық шығарған. Бұл, бірінші құқықтық актау. Екіншіден, большевиктер орнатқан кеңес үкіметі патшаның отарлау саясатын сөзсіз жалғастыруши болғаны тарихи мойындалып отыр. Осы себептер негізінде құқық және тарих тұғырынан Жұмекенге қандай да бір кінә тағу негіzsіз. Үшіншіден, Жұмекен әскери қызметтен қындығы мен қатері асып түсетін шахтер енбекін өткерді. Абыроймен атқара білді. Ата ерлігін актады. Әскерде солдат болмағаны, Жұмекеннің азаматтық білігін төмендете алмайды. Оған, қазақ поэзиясының генералы болу жазылған еді тарихи тағдырына. Осы арада Нәжімеден атаны актауга болады. Себебі, жалғыз ұлы Сабыреддин соғыстан оралмаған соң әскерге жалғыз ұлды-немересін қайтіп қызып жібермек. Өз қолымен өлімге аттандыру мен барабар санаған. Кеңес әскерінде болған біздер не бітірдік? Әйтеуір, сан миллион саналған солдаттар қатарын толтырып сапта жүрдік. Атасы Нәжімеден айтса Жұмекен одан асып қайда барады? Алғашқы паспорты 1954 жылдың 20 шілдесінде берілген. Туған күні 1935 жылдың 23 маусымы деп көрсетілген. Туған күнін белгілеуді де, Нәжімеден атасы шешкен. Неліктен Нәжімеден бабамыз осы күнді Жұмекенге туған күн деп таңдал алды екен? Өлде, қазактың бас ақыны Абайдың қайтқан күні ескіше есеп бойынша 23.06.1904 жылы болған соң таңдал алды ма атасы? Немересінің табиғи, тума талантына тәнті болып Абайдай ақындық өнер тіледі ме? Анна Ахматованың туған күні де осы күнге түседі. Өлде, жәй сәйкестік пе? Жұмекен кейін өзінің туған анасы оның қысқы соғым союға екі күн қалғанда тудын деген уәжімен жаңа паспортына 28.11.1935 жылы деп

жаздырған. Қайсысы дұрыс? Әлде 1934 жылдың 28 қарашасында туып, келесі 1935 жылдың жазында ауыл кенесінде тузы туралы жазба енгізілді ме? Әбден мүмкін. Ашақ пен Қошалақ ауылдық кенесінің ара қашықтығын есептесек, қазақтың үкіметке тіркелуге асыға қоймайтынын ескерсек, қыстактан кенесеге келу жаз келіп жер аяғы кеңіген кезде жүзеге асырылғанға ұқсайды. Алғашқы рет Жұмекеннің туу туралы жазбасы қалай айтып, айналдырсаныз да 1935 жылдың маусымында жүзеге асқан. Бұдан Жұменнің 1935 жылдың қарашасына шейін дүниеге келгені нақтыланады. Тумаған балаға туған күн белгілемейді гой. Паспорттың туу күәлігіне, не жазбасына сай толтырылып, соның негізінде берілетіндігін ескерсек Жұмекен 1934 жылдың 28 қарашысында туғандығы анықталады. Жұмекеннің жазылып жүрген аты мен азан шақырып қойған аты бірдей ме? Ақынға атын қойдырған әрине атасы Нәжімеден. Ол кісінің сауатты екені белгілі. Жұмекен деп жазылуы Жұмакән дегеннен туды ма екен. Кән – арабша - кен, кениш. Ауыспалы мағнада: мейірімділік бастауы, қайырымдылық, ізгілік; негізгі мағынасында Құдайдың эпитеті. Жұмекен деген есімде жарасып тұр. Жыр кені, кеніші. Сонымен, Жұмекен паспорттына сәйкес ақынның туған күнін екі рет атап өтуге болады. Атасы Нәжімеден қайтыс болған 1955 жылдың 19 маусымы Жұмекеннің жаңадан туу күні болды. Оның алдында енді өзі ғана жүре алатын жолы жатты. Асыраушы, қорғаушы, қолдаушы адамынан айырылған күн оның тұлғалық жолға түсетін сәтінің басы еді. Содан ... «садан жетісі күні бейіт салынды, қырық бірінші күні бұл елден кетті». Нәжімеден-Әжімгерей қайтыс болған күн 1955 жылдың 19 маусымы болса, Жұмекеннің Ашақ-Қошалақтан шыққан мерзімі бірінші тамыз күні. «Облыс орталығынан астанаға шейін поезд үш тәулік жүгіреді». Жұмекен - Идаяттың Алматыға келіп түскен күні 5 тамыз 1955 жыл. «Данқ пен дақпырт» романын талдағанда нақты өмірбаяндық дерек табылады. Алда, Жұмекенді қазақтың ұлы әнін тудыратын ұлы ақынның туар күні - 1956 жылдың 25 қазаны күтіп тұрды.

Атасы Нәжімеден көтерген биқтен, төбеден Жұмекен түспеді, төмендемеді. Көкесінің оған «аналарыңа қарайлама,

олар ел ішінде, сен окуға бар, адам бол» деген соңғы аманатын естен шығармады. «Әжекенің қадір-қасиеті, барлық өлгендер секілді, қайтыс болғасын, әсіресе, айқын танылды. Мұны о баста ауылдан итеріп шығарған да, сол қарттың аузынан шыққан сөздердің дуасытын:

- Әжімгерей бейбақ өлерінде жалғыз немересін шақырып алышп... - Иә, кет, бұжерде не бар саған? Оқу ізде, өнер тап, депті». Әуел басында Жұмекен ауылдан шыққысы келмеген сыңайлы. Оны окуға, өнерге итеріп шығарған атасы болған. Ақиқаты осы. Өнерге, өмірге жолдама берген атасы Нәжімеден қайтыс болғанына да биыл 50 жыл.

Алматыдағы 1955 жыл 8 қыркүйекте болған жастар жиынына да қатысып отырғанда да атасының сезінде үстады. Қарағанды көмір өндірісінің бастығы Иноzemцев, Қазақстаның Коммунистік партиясының хатшысы Брежnev Л.И. астана мінбесінен жастарды еңбек майданына шақырып жатты. Жұмекен осы екеуімен тақау арада тағы да кездесетінін білмеді, бұлардың көп сөздерінің шындықтан алшак жатқанын өз көзімен көреді. Өтірік өртінен өтеді. Қарағандыға барамыз деушілер мінберге шығып сөйлеп жатқанда, оның көкірегінде жыр жолдары құйылды. «Барам, мен де барам, аброй ізделп барам» деп бұлқынып жатты жас жүргегі, шахтер болам деген өлеңі келді көніліне. Жастар газеті қолма-қол жариялад, Жұмекен Қарағандыға баратын поездің 10-ыншы вагонына 1955 жылдың 16 қыркүйегінде, дәп осы күні жарияланған өлеңімен, коныр домбырасымен бірге енді. Республикалық жастар газетінде өлеңінің жариялануы Жұмекеннің Алматыда өткен жиында болғандығын да дәлелдейді. Өлең тез арада басылуы газет тілшісі мен Жұмекеннің жиында танысқанын білдіреді. Бұндай үлкен науқан кезінде дер кезінде ұн қату міндетпен қатар газетке бедел де ғой. Газетке де комсомолдық жолдамамен бара жатқан жастың өлеңін аттаныс күні жариялау үтімді. Атыраудан жана келген Жұмекен Алматыда «Лениншіл жас» газетімен бірден байланыс орнатты деуге ешқандай дерек жок. 1955 жылды Жұмекенге көмек бердік, өлеңін жария еттік деген ешбір қаламгер де жок. Өлеңнің 16 қыркүйекте жариялануы оның 12 қыркүйекте жазылуын дәлелдейді. Вагонға ақын енді,

Жұмекеннің бар арманы шахтер емес, ақын және де нағыз ақын, мықты ақын болу еді:

«Қалам қасқа сен айтсаң сенем деді,  
Сен жұмсасаң сөз байғұс көнем деді.  
Сенейін бе мен саган, көнейін бе,  
Қайда апара жатырсың, өлең мені?

Шешемді еміп өсіп ем, жел емгелі  
Біраз болды, желіктім,  
Желем дедім.

Асықпай- ақ туып ем,  
Дедектетіп  
Қайда әкеле жатырсың, өлең мені?

Басы айналмас кісінің төмендегі,  
Төменіңе қалдыршы, өлең, мені.  
Бір қарызыым бәрібір төленбейді,  
Ақын болды десе де жасында әйгі,  
Қақ жартысы жырымның басылмайды.  
Бір сөзім бәрібір айтылмайды,  
Бір есігім бәрібір ашылмайды...».

Осы өлеңнің негізі, сүйегі сол Қарағандыға бара жатқан жолда туған ба деген ойға қалып отырмыз. Өлең жолдарындағы жасында әйгілі ақын болды деген сөздерге назар аударайықшы. Асықпай-ақ туып едім дейді. Жұмекеннің дүниеге келуін атап-аналары 4 жылдай күткен. Сенім мен сезім өлең әлеміне әкелді. Жолға Жұмекенді алып шыққан жолдамағана емес жасынан тағдыр жазған жыры болатын. Қарағандыға алып бара жатқан өлең еді. Поззияға апарар жыр тудыратын ортаға тартты.

Қарағандының қоңыр желі аппақ жүзінен, қара бұйра шашынан сүйген Жұмекенді өлең мәңгілікке әкеле жатты. Қазақ елі көнілінің, жадының есіргі айқара ашылды оған, басқа пендешілік есіктері қажетте де болмай қалды. Жұмекен жыры әлі толық басылады, оған деген қазақ халқының маҳаббаты жана оянуда. Себебі, Жұмекен қазақ даласына сиынды, қазақ ұлтының алдында адап бола білді, оның ақылдылығы, ұлылығы осында.

Ұлттық тіл, ұлттық мәдениетке қызмет еткен Жұмекен ешкімге қарыздар емес, қайта біз оның жырының, рухының, қайталанбас қос талант әлемге экелген әдемі, әсем ән «Менің Қазақстаным» алдында қарыздармыз. Ұлттың ұлттық тұлғаларын тиесілі, тиісті тұғырларына көтеру қажет! Ежелгі анызға сай ән қонған ел саналсақ осы екі тұлғага ескерткіш соқса. Ескерткіш «Қазақ әні» аталса. Сол акқу әннің қос қанаты іспеттес, қазақ ұлтының қос халық қаңарманы Жұмекен мен Шәмшінің бейнесі берілсе ескерткішке:

«Сен ғана үнсіз бұл аспанның астында,  
Үнсіzsің сен, үнсіzsің ғой, тас тұлға.  
Көп қараумен, жыл легіне - тасқынға  
Қартайдың ба, әлде әлі, жассың ба?

Не қарайсың, нені ұғады өз басың,  
Өз өмірің, өз дәуренің озғасын.  
Сұп-сұық тас жанарыңың ұшында  
Қайнап-қайнап қатып қапты - көз жасың...

Екі- үш ғасыр беріледі пендеге  
Бұл заманда,  
Тез өлмекші ер неге ?!  
Бұзылар ед тас көңілің талқан боп,  
Бұл жүректі салып көрсөң қеудене....

Ажал сені тартты – бермедік,  
Табаныңды жapsырдық та жерге нық.  
Осыған - ақ риза бол, тұлғанды  
Туган жердің алақанымен тербедік!».  
Жұмекен мен Шәмшіге ескерткіш қойылар, халық қаңарманы атағы берілер күн де келе жатыр. Ұлт басшысы, ел ағалары ерлерін неге ұмытсын! Өмірден өткендеге атак, сыйлық берілмесін деген қаулының ар жағында пендешілік тұрмасын.

«Өлді деуге сия ма, ойландаршы,  
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған».

Енді қайтіп тумайтын әнге негіз болған өлең сөздері өлмейтін сөздер. Өлмес сөздің иесі де өлмес. Тың медалін тыңдан кейін туған да таққан заманда елін, жерін танытқан таланттар тартусызы қалмақ па? Мәселе, сый мен атақта да емес, гәп принциpte.

«Біреуден біреу артылса,

Өнер өлшенип тартылса», - деген Абай ұстанымына сай өлең өнерінде қандай да болмасын атақ пен сыйды өнерлі өмірден өткен соң берілсін деген ереже енгізілсе не болар еді? Тірілерге берілсе, өлгендерге неге берілмес? Шәмші мен Жұмекен өнері ерлікке бара бар дүние. Бұлар өмірлерін өнерге қиды! Өнермен өтті өмірден. Көзге көрінбес мәдениет майданында қайтыс болған азаматтар ғой. Ерлікті өлгеннен кейін де бағалайтын үрдіс ежелден белгілі.

Шахтер Жұмекен қайласы, айбалтасы тас қабырғаны қиратса, қаламы да қайраулы алмас қылыштай жарқырады. Қөніліндегі көркем сөзін қазақ халқының мақсат-мұддесіне жұмысашан, талап, таланттымен өз ырқына қөндірген Жұмекен жүргегінің локомотиві - өлеңі оны қазақ поэзиясының биігіне көтерді. Оның Қарағандыға барап жолы егіні жайқалған, алтын астықты жинап, думандатып жатқан дала төсі арқылы өтті. Тың және қазақтың ерлігімен Жұмекен таныстыры осы жолы басталғанды.

Ертеңінде – 17 қыркүйекте өзімен бірге келген 59 болашақ шахтерлерді перронда кеншілер қауымы құшақ жайып қарсы алды. Естен кетпес күн. Есімін өзіміз ескеріп еске алып отырап бір күн. «Қара көмір жанатыны - әдемі» деген Жұмекен жыры жанымызды жылдытысын. Құнделікті сан рет көріп жүрген жанып жатқан көмірдің жалынынан да әдемілік көру қандай ғажап. Шебер қолмен, от жалынын жырмен өріп, жұртқа жеткізу ақынның нағыз, шынайы ақындығы. Құнделікті күйбенін өзінен қөнілге күй тауып беру ақынға міндеп. Ақын өлеңі оқырманға рухани азық, қөніл күйіне тамызық. Ақынның мол мұрасын толық басып халыққа тарту ету қажеттілігін рухани азыққа мәжбүрлік қалыптастырады. Өнерінде өлең жоқ ездердің татымсыз сөздерінен қажыған халық таза таланттарын іздей бастайды. Қарағандының оттарымен дос болған, оттар мен ойға

толы кіп-кішкене қазақ халқының тостағаны болған, жүректерді жаңымен, жырымен жандырган Жұмекен жұлдызы Қазақстанның көгінде жарқырасын. Өзімізді өзіміз көтерейік! 2005 жылды Жұмекен Нәжімеденов жылы, қазақ әдебиетіндегі Жұмекентану жолы десек артық емес. Жыл сайын түгіл әрбір апта сайын асқақтатып, кекке көтеретін ақын қазакта құдайға шүкір баршылық. Бізде қай ақын өлеңін алсаңыз да басқа халықтың ұлттық поэзиясынан кем емес. Кең халықпұз ғой, барлық ұлылықты басқаларға беріп койып қарап отырамыз. Кейбіреулер тіпті Абай Гете, Гейне және тағы басқа Батыс европа ақындарының деңгейіне көтеріле алмады деген тұжырымға шейін барады. Бағы батысқа бас ұрган бір сарын. Оу, ағайын, неге біз солардың бәрі Абайдың деңгейіне көтеріле алмағанын көрмейміз. Абай батысына да, шығысына да қосылмайтын өзі бөлек бір далалық, даналық, даралық, дархандық әлемі. Біздің қазақ ақыны басқа тілден аударған өлеңдері әлемнің классигі саналатын ақынның туындысынан асып түседі. Тұпнұсқамен салыстырып отырып оқысаңыз соған көзіңіз жетеді. Қазақтың классикалық аудармасы атты қаншама жүздеген том жинақ шығаруға болады. Аударма мен тұпнұсқаны қатар беріп отырып, талдау жасау керек, екі тілде бірдей. Өлең өнерінің үздік үлгісі, өнеге-өрнегі, суретшілік шеберлігі аудармаларда жатыр. Олардың бәрін бөлек жинақ етіп шығару біздің тілімізге, әдебиетімізге, жастарымызға көл-көсір пайда әкелер еді. Бұл өмір бізben бітпейді, келер ұрпақ қамын қазір ойлайық. Мынжылдық талдауга жетерлік дүние қалдырыды емес пе – ақындар аударманың өзінде. Бір Жұмекеннің көркем аудармасы қандай тамаша десенізші, ол туралы жинақтың орыс тілді бөлімінде сөз болады. Осы арада айтпақ ойымыз ұмытуда, ұмыттыруда, ұлы ұлды ұлы деп ұлықтауда, ұланның ұлы ұранын ұрпаққа үлгі-өнеге ету, өзім деп өзегіміздің өртенуі де өзімізге ғана байланысты екендігі. Өзім деп өзіміз өзгеріп, өзгені, өмірді өзгерту міндет. Өзімшіл өршілдіктен, өктемшілдіктен, өзгешіліктен, өркөкіректіктен тартынып, басқа шауып төске өрлеу. Өсіп-өну. Өзім өзектен тепсөн де кетпейді деген пікірден бас тартатын кез. Тепкінің аты да, заты да тепкі. Жұмекен «Біз өзіміз туралы» былай толғанған:

«Шындық деген көк аспандай тым биік  
Мұхит сын-ды әрі терең тұңғыық.  
Жан сендіріп жаңсақ жайлар, кате аңыз  
Біз де содан қателесіп жатамыз.

Шынды, рас, мойындастық сүйиқ деп.  
Көрген шақта шын қасірет- қайғыны  
Аяғаннан жүрегіміз айныды.  
Шашақтарын самал желге жүздірген  
Қызыл туды- қызыл дедік біз бірден.  
Қараны, рас, қара дедік бір қарап,  
Адалдықты ақ атадық бір қарап.  
Жапыракты жасыл деген секілді,  
Гаунар тасты асыл деген секілді,  
Жақсы десе- ауруға да дарыды ас,  
Жаман десе көніл қайтып арымас,-  
Рас, рас, бәрі -бәрі- бәрі рас.

Тайғанақтап із секілді мұздағы,  
Бірақ кейде қателестік біз- дағы:  
Тау мен сайдың арасына, дес бермей  
Төбелердің өсетінін ескермей,  
Байғыздың да аңсауы бар еkenін,  
Бұлбұлдың да жемсауы бар еkenін,  
Ақылдың да ажалы бар еkenін,  
Бақырдың да базары бар еkenін,  
Ұмыттық біз,  
әділеттен үміт қып,  
әділеттің өзін кейде ұмыттық.  
Жақсылардан еңбек күтіп, тер күтіп,  
Жалқауларды алдық біраз кергітіп.

Тебелердің көнілі үшін, ғасырлық  
Кейде шыңының асқақтығын жасырдық.  
Жапалақтың шыққаны үшін тасқа ырғып,  
Таққа сүйеп отырғыздық «тақсыр» ғып.

Ал, кей күні қыран құстың қанатын  
Қып алып бір байғызға жапсырдық....

Таудың даңқын көтерем деп байқаған  
Тәбе бірақ қақты бір күн қайқалаң.  
Бұлбұлдардың әнін шырқап байқаған  
Қызыл әтеш – әтеш болды қайтадан

Біз керемет кең халықпыш,  
Сөз бе еді  
Қателесу көтерем деп өзгені.  
Жақсылығын – жақсылардың өздері,  
Жамандығын – жамандардың өздері  
Дәлелдеді.  
Ал, бір жақта құлан құлап құдыққа,  
Құлағына ойнап жатты құрбака...».

Аңы айтылған ойлар, аңы болса да шындық. Көркем сөзбен жетемізге жетерліктей жеріне жеткізе жырлайды.

Ендігі қателесуге мына келген жас үрпак, жаңа заман көтермейді, қөнбейді. Қендіктің де шегі бар, кең боламыз деп өмір сұру, тіршілік ету кеңістігін тарылтып алуға болмас. Ешкімді кемсітпей де, кемітпей де өзіміз өзіміздік келісім, көркемдік, кемелдік кеңістігін кеңейтуіміз қажет. Жасаураган, жалтактаған, жағынған көкжиектің қажеті шамалы. Патша құдай - аспан астанасымен астасқан қендік кеңістігі керек.

Жұмекенниң қазақ халқының тарихында мәнгілікке қалар енбегі қеншілердің, ғажап адамдардың астанасы Қарағандыда басталды. Оның Қошалакта қазақтың қоңыр тіршілігінен басталған қоңыр түсі, қоңыр күйі, қоңыр әуені, қоңыр әні, қоңыр дәптері, қоңыр жыры, қоңыр үні, қоңыр түні, қоңыр-қоңыр ойлары, қоңыр философиясы Қарағандының қоңыр көмірімен жалғасты:

«Тас қабырға бара жатыр шегініп,  
Балуан қолдар бұргылады, құлатты.  
Тас қабырға бара жатыр шегініп  
Жолаушының көкжиегі сияқты.

Комбайндар қабырғаға енеді,  
Бұргы дір-дір қадалады қара тастың төсіне.  
Қонырайып көмір ағып келеді,  
Қоныр бұйра толқындары есіле».

Жұмекен өнерімен өмірдің небір тас қабырғаларын шегінте білді. Өмірде жолауши болсақ, өнер ғана көкжиеғізді кенейте алады. Қара тасты қоныр өлеңге айналдыру алып ақын Жұмекенге бұйырды. Қара тас болып қатып қалған қагидаларды жаңа шебер тілмен, терең оймен бұргылады, құлатты. «Ұйысқан көмір шаңы қалың түнгі ойлардай қапсырды. Кәдімгі қара көмір қара жалында лапылдады жырында. Құс тұмсықты кен қайласы дән поэзиясын терді. Көмір қабыргасын тіреген тақтайға сілтенген балғасы, өз кеудесін қаққандай сезілді».

«Шахта туралы есте қарғандардан» атты өлеңінде ол Қарағандыға келген алғашқы күнін елесте те отырып былай деп жазған еді:

«Еске алып ем:  
Қарағанды бір қарған секілді  
Күйе басқан кірпіктерін сәл ашып.  
Содан кейін менің қоныр бетімді  
Сүйді желі күн нұрымен таласып.

Әр тасынан бір-бір ұшқын жүр ыршып,  
Қараши, анау порадаға үйілген:  
Қара таулар қайғыдан да тымырысық,  
Әлсін-әлсін түтін құсап ыңырысып.

Мұның бәрі сезбен айтсаң – тыныштық,  
Көзбен көрсөң?..

О, түсінем, түсінем:  
Қарағанды қайнап жатыр, бір ыстық,  
Бір керемет жүректердің күшімен...».

Қарағандыға келгенде Жұмекен бәрін өз көзімен көрді. Көргенін көкірегінің көркем көрігінде қорыта білді. Түсіне білді

түрлі жүректерді. «...Неткен қызы жанды жүрт. Неткен қайырым, неткен жылу! Мына Құн - Құн бе, нағыз күнді солардың жүрек, ет қызының жасаса ғой». Жүрекпен өмір сүріп, жүрекпен сойлеу жүректі жігіттерге тән.

Сол жүректерге тағы бір ыстық, тағы бір керемет жүрек - Жұмекен жүргегі қосылды. Ол үлкен жүректі адаммен жолықты, жолы болды. Керемет жүректі жандар көзге түспес қөнілдегі қасиетті көре білді. Таңқалдыраар асыл сөзі бар ақылды таныды. Қайратына сенді. Жүректері жүректіні түсінді. Перронда Жұмекендерді Қарағанды қемір өндірісіне қарайтын Сталинуголь трестінің басшылары, қалалық партия мен комсомол хатшылары, еңбек ардагерлері, жастар, нөмір 33/34 шахтасының ұжымы қарсы алды. 1956 жылдың 18 қыркүйегі, жексенбі нөміргі 185/6117/ «Советтік Қарағанды» газетінде жарияланған мақалада Жұмекен поезі тұнгі уақыт сағат 3-ке жақындаған кездे келген. Оркестр күй тартқан. Музыка ойнады деп емес, тура күй тартты делінген мақалада. «Қарағанды комсомолі» газетінде оркестр марш ойнады деп көрсетілген. Гүл шоқтары, мінбे, сөз, камералар ызыны. Қарсы алушылардың қатарында Қарағанды қаласына 1942 жылы соғыс уақытында келген Енбек Ері, Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің депутаты, 33/34 шахтаның проходкашылар бригадасының бригадирі Петр Филимонович Акулов, шахтаның бастығы Фролов, Сталинуголь тресінің бастығы Обухов, қалалық партия комитетінің хатшысы Маuletov, Сталин аудандық партия комитетінің хатшысы Шорманбаев, қалалық комсомол комитетінің хатшысы Нурмагамбетов болған. Дайын тұрған автобустармен шахтаның поселкесіне апарып, 3-ші интернатқа орналастырды. Шахта мен интернаттың ескі жұрты Қарағандыдан Астанаға бара жатқанда темір жолдың бойында, Майқұдықтың сол жағында, Жаңа Қарағанды станциясының тұсында. Қазір одан тек қана әкімшілік-тұрмыстық аталатын бөлігі ғана қалған. Қыркүйектің 28-інен Жұмекеннің шахтерлік өмірі басталды. Соныменен, Жұмекеннің Қарағанды қаласына келу күні нақты 18 қыркүйекке түсіп тұр. Жұмекеннің «Шахтаға барам» деген өлеңі 16 қыркүйекте жарияланған. Алматы жастарының жиыны 8 қыркүйекте өткен. Жұмекеннің өлеңі нақты оқиғага құрылған,

сондықтан да оның сол жыныға қатысусы күмән тудырмайды. Сегізінші қыркүйектен 16 қыркүйек аралығында жастардың 17 қыркүйекте жолға шығу уақыты шешілген. Жұмекен комсомолдық жолдама алғандықтан да оның өлеңі «Лениншіл жас» газетінде жарияланған. Өлең жарияланудан сәл ертерек тапсырылғаны көрінеді. Жазылу уақыты, редакцияға тапсыру, оны тиісті нөмірге жастардың жолға шығар алдында жариялануын еске алсақ, Жұмекен алғашқы 60 адамның арасында болғаны дәлелденеді. Алматыда Жұмекенге қолбайлау болатын, кідіртетін ештеңе жоқтын. Паспорты қалтасында, домбырасы ораулы, шешім қабылданды, жолдама қолда. 18 қыркүйектің түнінде келген жастарға әрине тынығуға біршама уақыт берілгені сез жоқ және ол күн жексенді, демалыс күні. Келгендердің әрқайсысына мамандығына, жасына, денсаулығына сай жұмыс орнын анықтау да уақыт талап ететін белгілі. Әртүрлі құжаттарды толтыру, тиісті дәрігерлік байқаудан өту, кеншінің жұмысымен таныстыру, өндірістік техникалық қауіпсіздік ережелерін арнайы оқыту, кәсіподак ұйымына алу, участкілерге бөлу, бекіту, нақты жұмыс орнымен таныстыру, шахтерлere берілетін өзін-өзі құтқару құралын қолдануды үйрету, бұның барлығы да уақыт талап ететін шаруа. Нақты жұмыс орны анықталып, табельдік номері берілгеннен кейінғана бұйрық 28 қыркүйек күні шығарылған. Себебі, еңбек ақы тек қана жұмысқа тікелей кірісken қүнен бастап есептеледі. Шахтерлердің еңбек ақысы қазылған көмірдің көлеміне тікелей байланысты. Денсаулығы келмесе немесе атқарылатын жұмыс бойынша қойылатын талаптарды орындаі алмайтын болса, жұмысқа қабылдап алып, қайтадан шығарып жатпайды гой. Жұмекеннің комсомолдық жолдамамен келгендерге арналған нөмір 3 интернатқа орналасуы да осыны бескітеді. Сонымен қатар Жұмекеннің кеншілердің ән-би ансамбліне тіркелердің алдында өз қолымен толтырған анкетасы бойынша ол шахтаның клубы жанындағы көркемөнерпаздар үйірмесіне 1955 жылдың 1 қазанынан бастап қатысқанын жазған. Осында мән-жагдайлардың негізінде Жұмекеннің Қарағандыға алғашқы келген күні 1955 жылдың 18 қыркүйегі, жұмысқа шығу күні 28 қыркүйек - сәрсенбінің сәтті күні болғанын анықтадық. Тура 50

жылдан кейін Нәсіп апай Қарағандыға 20 сәуір 2005 жылы келіп, Жұмекеннің әдеби-музыкалық кеші сәрсенбінің сәтті күнінде отті. Кездесік сәттілік! Жұмекен көмір қазатын комбайнердің көмекшісі болып ресми түрде қабылданып, табельдік нөмірі- 390 болып тіркеліп, комсомолдық жолдамамен келген жастардың жатаханасы - нөмір 3-і интернатқа орналасып іске кірісті. Шахтаның 300 орынды клубы, 5100 кітап қоры бар кітапханасы, 4 интернаты болған. Жұмекен тұрган нөмір 3 интернаттың жағдайы біршама дұрыс, қалғандарының жағдайы аса мәз болмаған. Интернаттағы буфеттерде шахтерлерді ақшадан, тамақтан алдаған. Кейбіреуінде шахтаға қатысы жоқ адамдар тұргандықтан, ұрыс-керіс, төбелес, жанжалдар, ұрлық көбейген. Тәртіп жөнінде 1955-1956 жылдары 15 лекция оқылған, оның ішінде 3 мәрте шешен тілінде. «Крокодил» атты кабырға газеті құрамында 17 адам редколлегия, шығып тұрган. Клубтың жанында 52 адам қатысатын көркемөнерпаздар үйірмесі құрылған, олар кейде тегін, кейде ақылы концерттер берген. 1955 жылдың 17 желтоқсанында өткен Қарағанды қаласының көмір өнеркәсібі еңбекшілерінің Сталин аудандық кәсіподагының 4 аудандық конференциясының хаттасын (Ф-513, т.1, іс-30) оқысаңыз сол жылғы шахтерлер өмірінің оңай болмағанын көресіз. 335 делегаттан конференцияға 296 адам қатысқан, 25-і белгілі себептермен қатыспаса, 14 делегаттың келмеуі белгісіз. Конференцияның төралқасына қалалық партия комитетінің хатшысы Аубакиров, облыстық көмір өнеркәсібі кеншілерінің кәсіподагының төрағасы Кенжин Ә., Сталин аудандық партия комитетінің хатшысы Шорманбаев, нөмір 33/34 шахтаның кеншілер бригадирі, Социалистік Еңбек Ері Акулов сайланған. Баяндамада Сталинуголь тресінің басшысы Обуховтың көмір өндіруді жоспарлы, жүйелі түрде ұйымдастыра алмай, көмірді шабуылға шығып, қамал алғандай, слідін бәрін қаптатып, аласапыранға салыну арқылы қаздыратынын атап, бұндай күндерді шахтерлер ауыз әдебиеті «Сабантой» деп атап кеткенін келтірген. Нөмір 33/34 шахтаның проходчигі Шлегель, өз сөзінде – жұмысшылар мен қызметкерлерден шахтада жалақы өте нашар және уақытында берілмегенін айтса, Ускова шахта әкімшілігіне тек қана көмір

қазуғана керегін атаган. Акулов, шахтаның интернаттарында жастармен ешқандай тәрбие жұмысы жүргізілмейтінін тіліне тиек еткен. Шахтадағы монша әлі күнге дейін бітпеген, сменадан шыққан шахтерлерді жуынуға көрші 35, 61 шахталарға апарған. Келесі жылы 19.07.1956 жылғы конференцияда нөмір 33/34 шахтаның кәсіподақ ұйымының төрағасы Стариков шахтадағы үлкен өрттен келе алмай, шахтадағы партиялық ұйымдастыруши Толмачев қатысқан. Бұл конференцияда шахтаның бұрынғы бастығы Фролов пен қазіргі бастығы Волковтардың өндірістік жұмысты дұрыс ұйымдастыра алмауынан, өздері барлық былыққа кінәлі екені, көмір қазатын жерлерде жұмыс орындары алдын ала дайындалмайды, көмір қазатын сменаның шахтерлері дайындаушы сменалардың жұмысын атқарады, уақытында бос вагондар мен тіреу ағаштар жеткізілмейтіндігі сөз болған. Бастықтардың бар ойлайтындары тек қана көмір қазу, шахтерлердің өміріне көніл бөлмейді. Шахтаның қуаты 78 пайызға ғана игерілген. Пархоменко заводының манайында арақ сататын 20 дүкен орналасқан. Костенко паркінде таза су ішетін бірде бір киоск жок. Мерзімінде орындалмаған жоспарды еңсеру үшін елдің есін шығарып, екі аяқты бір етікке тығып, бәрін көмір қазуға айдаған. Шахта поселкесінің айналасы адам көргісіз, лас, нешетүрлі өндірістік қоқыс, түрлі қалдықтар, барлық көшелер шұнқырлар мен жыраларға толы. Шахтерлер үйін жөндеу жұмыстары жөнжобасыз жүргізіледі. Шахтада өртке қарсы пайдаланылатын екі камера керекті саймандармен жасақталмай, жара байлайтын пакеттер алынбаса, екінші көюжиекті желдетіп тазалау үшін керекті істер атқарылмаған. Шахта жатаханалары ыстық, қайнаған су беретін титандарсыз түр. Шахтаның жуыну комбинаты 20 жыл бұрын салынған, ал жұмысшылардың саны 3 есе көбейген. Моншаны жөндеу мерзімінде шахтерлердің уақытша жуынатын орны өте сусық, жел өтінде. Шахтада қысқы киім жоқтың қасы. Әкімшілік шахтерлерден тек қана жұмыс істеуді талап ете біледі. Бірақ ешкім оның тұрмыс жағдайын ойламайды, оған не жетпіспейдігіне мән бермейді. Өндірістік киім қолмен жуылады. Шахтаға кейінгі кезде өте көп жастар, әскерден оралған солдаттар, әртүрлі тараптардан ағылған

адамдар. Шахтада 4 интернат бар. Олардың ішінде жағдайлары өте нашар, еркектердің және әйелдердің интернаторлары. Бөлмелерде радио, репродуктор, орындықтар қойылмаған. Кейбір бөлмелер киім ілетін шифонерсіз, жылыту жүйесі жұмыс істемейді. Су құбының ыдыс, киім үтіктейтін бөлме бөлінбеген. Тек қана көмір қазудағы жоспарды орындауға жеккен елді. Әлеуметтік жағдай мен тәртіпке мән бермеудің салдарынан 1956 жылдың бірінші жартысында шахтада 554 кісі жұмысқа себепсіз шықпаған. Жолдастық сотқа 70 іс түсінен, қаралғаны - 17. Шахта әкімшілігі тек қана жазалаумен тәртіп орнатамыз деп ойлады. 489 еңбек тәртібін бұзушылық орын алған, оның ішінде 43 адам шахтаны өз бетімен тастап кеткен. Ал, Фролов пен Волков осындай жағдайда не істеді? 127 кісінің еңбек жылдарын кесті, 17 адамды басқа жұмысқа ауыстырып, 14 адамды жұмыстан шығарса, 34 адамның ісін жолдастық сотқа берді, 254 адамды әкімшілік жазаға тартты. 1955 жылдың қарашасы мен 1956 жылдың қарашасының аралығында шахтада 367 қайғылы жағдай орын алып, 3 адам ауыр жарақаттанса, 4 адам қаз болған. Сталинуголь тресі 1955 жылдың қазуда 211 мың тонна көмір кем беріп, 1956 жылдың 4 айында берешегі 102989 тоннға көбейген. 1955 жылдың шахта әкімшілігі ұжымдық келісімнің өндіріске байланысты барлық шарттарын орындаған. Қараганды қаласының облыстық газеттерінде 1955-1956 жылдары бұл трест, шахта бірнеше рет, дүркін-дүркін сыналған. Сталинуголь тресінің басшылары қалайда болса көмір өндіру жоспарын орындауға жан салды. Бұған қарағанда басқа трестердің жұмыстары әлдеқайда жақсы болатын. Қазақ ССР академиясының нөмір 8/137/ 1956 жылдың тамызы айында жарияланған Қарагандықөмір комбинатының техникалық басқармасының бастығы М.И. Шнайдман, 1995 жылдың көмір өндірі 1950 жылға қарағанда 68,5 пайызға, соғыс алдындағы жылдарға қарағанда 1940 жылдан 4,2 есе өскендігін, бесінші бесжылдықтың жоспарынан тыс миллион тонна артық көмір өндірілгенін жазған. Жоспар, тек қана оны асыра орындау. Миллион тонна көмір, миллиард тонна астық беру. Асыра сілтеу. Тек қана жоспарға жету, асып түсу, ал аржағында, астарында адамның өміріне, оның адам құспап өмір сүруіне көп

мән де бермеген сол кездің кейбір өндіріс командирлері. Женістің туы желбіреп, жаңару желі ескеніне 10 жыл болса да, жетістік үшін жұртты жұдышықта ұстау, жан аямай жұмсау тоқтамаған. Бәрі соғыс үшін, бәрі майдан үшін ұраны енді бейбіт кезеңде бәрі коммунизм үшін деген ұранға алмасқан. «Қатал, қалың мұртты, мылтықты адамның» заманынан келе жатқан үрдіс көпке дейін үзілмейді. Сол кездегі көмірөнеркәсібі кәсіподак үйымдарының хаттамаларын оқып отырып, Жұмекеннің қандай ауыр, күрделі, қын уақытта кенши болғанын көресіз. Иноземцев пен Брежневтің барлық жағадай жасалды, мындаған жастарды қарсы алуға дайынбыз деген құрғақ сөздерінің, өмір шындығына сәйкес болмай шыққаны мұрағаттарда сакталған сол кездің кеншілерінің ресми жиналыстарда сөйлеген сөздерінен көресіз. Шынырау тереңнен көмір қазып, тер аралас көмір шаңын даладағы қалай болса солай салына салған уақытша моншада шайып, сұық желдің өтінде жуынған жас денеге салқын тимей коя ма? Қыраулы қаңтарда, аязы ақырған ақпанда басқа шахтаның моншасына жетіп жуынғанша тер қатып, бойға сұық енбей тұра ма? Лавадағы шаң дариясынан жас өкпе молымен ұрттады, сыртқа шықса, тұтінде, улы газбен лоқсып, құсып жатқан тау-тау порода-террикондар, көмір күйесіне көмілген көшелер. Жұмекен бізге сонау кезден сыр айтып:

«...қарашы , анау породага үйілген:

Қара таулар қайғыдан да тымырысық,  
әлсін- әлсін тұтін құсап ыңырысып», - деп қатігез, қайғылы кезеңді сүреттейді. Тау-тау болып үйілген жер қабатынан көмір қазу барысында шығарылып тасталған порода үйінділерін «террикондар» деп атаған. Әжептәуір төбе іспеттес. Алысқа апарып «тастаяға қынысынып шахта маңайына жиған. «Террикон» сөзі «көлбей жер» деген ұғымды береді. Породаның арасында көмірі 20 проценттей ғана құрайтын тастар да болған. Олар породаның астында қалып ауа арқылы жеткен оттегінің әсерімен тұтандып, жанып жатады. Жел әсерімен сыртқа теуіп, тұтіндейді. Қасынан өткенде шынында да террикон породасы «ухілеп» дыбыс береді. «бух-бух» деп ыңырси тұтінді сыртқа лоқсытады.. Ауыр науқас, қайғылы алып адамның, көмек

сұраган күрсінісі тұтінге тұншығып жым болады. Террикон манайында арбаларын жетектеп үй қабырғасын ақтайтын извесь жинаған қапалы байғұстар қаптарын арқалап өріп жүрер. Сол жылдары Қарағанды қаласын ондаған лагерлер қоршап тұратын. Атакты КАРЛАГ аталаған жүрген елді мекен. Жұмекен қайғы деп осы 1929 жылы құрылған Қазақстандық еңбекпен түзеу лагерлерін көрсетіп отыр. Бас бостандығынан айырылған талай боздақтар қамалған еңбекпен түзеу мекемелері де шахта терриконындағы тізіліп тұрды қала маңайында. Қайғылы, камаулы, қайлалы Қарағандының кірпігін күйе, күйік, күз-көніл аштырмады қабатын.

Жұмекен қайсарлық, қажыр-қайрат пен құдай қолдан аманесен шықты сонау бір қыын да, қауіпті жылдан. Жатақханада жанжал, тәбелес, еңбек ақы дұрыс, уақытылы төленбесе, асхана, буфетте алдаса-азап емей немене. Өзі жер астынан шыққан адамды одан сайын жерлеу, жүндеу. Бас көтертпей басып тастау, бұқтырып ұстау.

Шаң, күйе, улы газ бөккен, сыз бен сұық өткен жан – қеудесіне сырқат алып шыққанын жастық жалынымен өзі де сезбеген, рухы мықты болғанмен кішкентай кезден қажыған дене сыр береріне мән бермеген.

Жұмекеннің өзі де:

«Жасырмайтын сөзім бұл,

Айтпасам да мактана:

Бір мінімді өзімнің

Казып аппын шахтадан», - деген.

Ел үшін, поэзия үшін ерінбей еңбек өткен ер 48 жасында жұмыс үстінде, қол жазбасын құшып көшкен бұл дүниеден. Жұмекен бұдан да ерте талай рет 9 айда таңғы сменага бара жатып, кешке шықпай да қалуы мүмкін еді. Жалғаның жазмышы көп. 2004 жылы республика аймагында жол көлік оқиғаларын қосқанда, 35887 төтенше жағдайлар мен табиги және техногендік сипаттағы оқиғалар болды. Бұдан 28667 адам зардап шегіп, 4508 адам қайтыс болды. Материалдық шығын 4549,5 млн. теңгеден асты. Қарағанды облысында 2004 жылда бірнеше ауыр және қайғылы табиги да және техногенді төтенше оқиғалар орын алды. 2004 жылдағы 6 сәуірдегі Нұра өзеніндегі

су тасқыны, сол жылдың 16-17 ақпанында Қарағанды қаласында болған бұрқасын жел материалдық шығындар экелді. Абай қаласында өршіген жүқпапалы сары ауру адамдардың денсаулығына қауіп төндірді. Самарқан су қоймасынан Нұра өзеніне су тасуы салдарынан Чкалов және Гагарин поселкелерде 96 үйді су басып кеткенде 237 адам дереу көшірілді, олардың ішінде 115-і балалар еді. Қарағанды қаласында 16-17 ақпанда бұрқасын желдің салдарынан 883 тұрғын үй мен 102 әлеуметтік мәдени-тұрмыстық объектілерінің шатырларына зақым келді, 233,6 млн теңге шығынға батты. Өндірістік объектілерде қайылы жағдайлар мен авариялардың басты себебі технологиялық тәртіптің өрескел бұзылуы, жабдықтар мен агрегаттарды пайдалануға алудың тиісті тәртібінің жүйелі сақталмауы, еңбек қауіпсіздігінің алдын алмау, техника қауіпсіздігі мен нормаларын бұзу, өндірістік бақылаудың және міндетті мемлекеттік қадағалаудың нашарлығынан облыс қесіпорындарында жергілікті төтенше оқиғалар көптел орын алуда. Қемір өнеркәсібі саласында «Миттал Стил Теміртау» АҚ қемір департаменті шахталарында 2004 жылы апаттар 3 ессе көбейді, арты өлімге әкеліп соқтыратын жаракат 5 ессе артып отыр. «Шахтинская» шахтасындағы 23 кеншілер қайтыс болған апат – соңғы он жылдағы ең ауыр қайылы оқиға болды. Қозғалған қылмыстық іс әлі аяқталмаған, авария себебі нақты анықталмаған. 2004 жылы «Қазақмыс» корпорациясы объектілерінде адам өлімімен аяқталған 22 жазатайым оқиға орын алды, бұл тау-кен саласындағы жалпы санын 76 пайызын құрап отыр.

2005 жылдың мамыр айында Ресейдің Кемеров облысында, Қытайда шахталарда жарылыстар болып қаншама шахтерлер қаза тапты. Жұмекен қемір қазған шахта жабылып қалғандықтан, біз Шахтинск қаласындағы «Шахтинская» шахтасына 2005 жылдың 29 шілдесінде түстік. Жер астына, 500 метрден аса терендікке. Шахтага түсер жерді «оқпан» дейді. Өте енді, тік, терең шыңырау-құдық іспеттес. Сол арқылы жер астына жүк жеткізіледі, шахтерлар сменаға барады, ауа үрленеді. Жер асты бір алып өндіріс. Қемір қазып жатқан комбайнға дейін бардық. Оның шабылған қемірді тартып тиетін бір тетігі

сынып, шахтерлер соны жөндеу үстінде екен. Лава іші уілдеген жел. Метан газы бір жерде жиналып қалмасын деп тұрақты жел соғып тұрады. Кәдімгі даланың самал желі сияқты. Бірақ, салқын. Қара күздің желіндей. Бұрқыраған көмір ұсағы/ұнтағы. Үйіріп-үйіріп әкеп көзіне үрлейді. Көмір қазылған жерге келгенде кейбір жері ағаш бөренелермен тіреліп қойылған. Жанжагын, тәбен, табаның бәрі көмір, саз, балшық, порода, тас. Тонна-тонна. Темір тіреуштер қаншалықты қорғайды, бір күдайым біледі. Жер қабаттары жылжып та кетуі ғажап емес. Бір сөзben айтқанда өте қауіпті. Қасымдағы шахта директорының өндіріс бойынша орынбасары Лещук Ю., оның айтуынша шахтаның әрбір жері, штректің небір тұсы, бұрылсызы, қилемесі қауіпті. Аса қауіптісі көзге көрінбейтін метан газы. Ол көмір қабатының өн бойында, көмірмен бірге бітіскең. Қанша сорсан да шыға береді, шыға береді. Желмен қуалап, айdasан да қалтарыс, қыстарға жинала қалады да, бір сэтте бұрқ етіп жарылуға дайын тұрады. Тек қана бір ұшқын, қысым болса жетті – жарылып, жан-жағын жайпауға аттанады. Өрт. Құйын. Дауыл. Жалын. Аяушылық жоқ. Қатығез. Қашып құтыла алмайсың. Қазылған қуыс кеше іспеттес штректермен жөнеледі. Бұкіл лаваны шарлап береді. Штректердің бойын қуалап жаңағы оқпанға шейін жетуге жанталасады. Соңғы жарылыстың жеткен жеріне бардық. Қаншама жуса да өрттің кара күйігі – күйесі қабырғалардан кетпейтін көрінеді. Көмір алынған жерге баратын тұс жер қабатынан құйылған су. Ол да, қанша сорса соншалықты қайта жиналуға дайын. Аяқтағы резинка етік судан қорғағанмен тайғанаудан құтқармайды. Бірекі рет мұрттай ұша жаздадық. Жиыны үш километр, үш сағат жүрдік лаваларды аралап. Бірде таза піроздадан тұратын тас қабырғага тірелдік. Жер асты танғажайып өртегідей. Бір жагынан қорқынышты, бойың үйренген соң қызық. Анау қалай, неге олай деп жолбасшыдан сұрауға шаршамайсың. Ол кісі түсіндіруден жалықпайды. Үсті басым малмандай су болды. Қара терге түстім. Көмір қазып емес, жәй жүргенде. Көмір қазуға пайдаланылатын қол бұрғының өзі 9 килограмм. Оның кейбір тұрлери 17 килограмға дейін барады екен. Көмір қабырғасын бірер минут бұрғылап көріп едім, жеңіл көрінген

сияқты еді. Бірақ, ертеңінде қолдың қары талғанда көмірге білек, құш-қайраты керек екендігін сезіндім. Осының алдындағана жер астынан шыққан шахта директорының өндіріс бойынша орынбасары Лещак Юрий Вячеславович менімен тағы да жер астына түскенде бір сыр берген жоқ. Бізben бірге болған шахта директоры Задавин Геннадий Дмитриевич бізден сәл ертерек көтеріліпті. Бас инженер Зебелин Александр Васильевич біраздан соң шықты. Қазіргі техникасы мен технологиясы дамыған, жетілген тұста мынадай, Жұмекен істеген мезгіл қандай болды десенізші деген ойға қалдық. Жұмыстан соң қайла, қүрек, бұрғыдан талған саусақ перне бойын қуалайды, қалам, қағаз, кітап ақтаруға шамасы қалай жеткен. Өмірге, өнерге деген құштарлық, құмарлық жетелеген сірә.

Жұмекенге әуел баста, небір қындық, қауіпті, бейнетті көргенде, кешкенде шахтаны тастап, безіп кетуге де болар ма еді? Қас қылғандай қайдағы бір күрделі, қауіпті, әлеуметтік әділеттілігі шамалау, адамгершілігі тәмендеу шахтаға түскенін көрмейсіз бе. Қындықтан қашуға болмайтын, ол комсомолдық жолдамамен бүкіл Қазақстанға мен барамын, шахтер боламын деп жар салып келгенді. Сырт беріп, сыйылып кетуге жол жоқтын. Мықты қазақты жыр еткен ақынды сол мезетте ездік жасауы мүмкін еді деп кім айта алар. Екі жылын толық өткериүүшін, ол, қайласы бар, айласы жоқ, құлкісі құркіреген, жас қырандай түлеген, әзілі мен анекдотын қоса айтып, жас қазақ тағы да лавага бара жатты:

«Таңғы самал сәл сергіткен, денелі,  
Қандай жақсы ер өңі  
Келеді эне, қайсарлығы шахтердің,  
әзілі мен анекдоты келеді.  
Қандай ғажап құлгені оның құркіреп,  
Сол құлкімен қалады өзі бір түлеп.  
Қайлалардың жылт- жылт еткен ұштары,  
Қаранғыны жыртып өт.  
Сұйық ауа қалар сонда қойыла,  
Көмір исі желпиді алғаш бетінді.  
Тізілген шам штректің бойына  
Керзі етіктің жez шегесі секілді.

Одан әрі Лава жатыр - тұнған шаң,  
Қайт ізінмен бетті басып бұлдансан.  
Жану қыын ілкіде,  
Сөңе алмайсын бір жансаң.  
Кеше қойған тіреуінді қайта андал,  
Күйбендейсің қолғабың мен балтанды ап.  
Қап – қара тер көрінгенде арқаннан  
Қара вагон шығар толып қайқандап...».  
Елім деп, еңбек деп жанған Жұмекен жұлдызы сөнген жоқ,  
әлі де жарқырап жанып тұр. Қарағанды лаваларын жырлары  
шарлауда.

Шахтер Жұмекен кейін атқыты ақын болған сәтінде де өзінің  
орны лавада. Қайнаған өмір лавасында деп санаған:

«Бұл өмірдің лапылдаған  
Бар жалыны - лаваларда-  
Сол жалынға жер үстінде  
Жалғыз теңеу табылар ма».

Жұмекен түйік емес, тұнғиық. Өмір лавасынан жалын атқан  
жанар тау. Бар жалынды бойына, жүргегіне жиып алған ақын  
жанбаған да, кім жанады? Жанбау, жанып кетпеу мүмкін емес  
еді. Ұлттық, халықтық, еңбек идеясымен жанды, жас ақынның  
жан-жүргегі. Ұлы істер жалынды жастық шақта жасалады -  
Жұмекен өмірі, үлгісі соған дәлел.

Ол жану үшін қажетті қызуды, еңбек пен өнерден іздел  
тапты. Жер түнегінен шыққан шахтер дән егіп терлеген  
қазағының енбегінен Сарыарқаның сардаласы сары алтындей  
жанып тұрғанын көрді:

«Жарық деген әлемдегі ең әдемі,  
Демен, бірақ тек жарықпен жанасын,  
Жану үшін – қызу керек әуелі,  
Ол қызуды - өзің іздел табасын».

Жұмекен жануға қызуды қазақтың небір ыстық, керемет  
жүргегінен тапты. Өзі Алматыдан іздел шығып Арқада  
кездестірді. Қапы кетіп кателеспеді. Елінің енбегімен есті. Өзін  
өзі жолықтырды. Жүргегі күн боп жанды. Жыры нұр боп  
құйылды қазақ көніліне.

Жиырма жастан жаңа асқан жас жігіт жалынды жыры - «Менің Қазақстаным» - өлеңін табыс етті қазақ халқына.

Жұмекен енерінің тамыры тым теренде, оның өлеңінің күре тамыры - халықта. Жұмекен құнделігінде: «Мені жұрт қыын ақын санайды. 60-70 жылдар арасында жазылған жырларда... есть некоторые неточности. Но в основном Я литератор народный. Тым қарапайым жазам», - деген.

Расында да, Жұмекен қыын ақын емес, оның өмірі, тағдыры қыын, құрдеп болды, өзінің туған қазақ халқының тағдыры, өмірі сияқты. Ол өзінің өмірі жайлы жар салып, айғайлап шындыктың қадірін түсірген жоқ. Қарапайым жазса, өз ұлтындақ қарапайым болды. Қазактың қарапайым қара өлеңі қасқайып әлі тұр. Қара - пайым. Қара - мол деген үғымды білдіреді қазақ тілінде. Қарапайым - пайым молдығы. Құдіреті, қасиеті осы қарапайым мінезінде. Қарапайымдылықта қайырымдылық, адамгершілікті қастерлеу басым. Қарапайым қарабайлықта, қарабайырлыққа баспайды, бастамайды. Қарапайымдылықта пайымдылық мол. Жұмекеннің қарапайым өлеңін түсіну, қабылдау үшін ішкі пайым дайындығы мол, жеткілікті болуы шарт. Жұмекен поэзиясының ой-өресін танып, түсіну үшін үлкен зерде, зейін қажет. Қыындық Жұмекеннің өлеңінде емес, өзімізде жатыр. Қыыннан қыстырыған ақын метафорасы жәй логикага сыймайды, сырғыма сынға көнбейді, көркем көюжиекті көретін кемел қиял қажет. Оның өнерінің көркемдігі көз көретін деңгейден алыс, теренде жатыр. Жұмекенді түсіну үшін жүрек керек. Қазақ ұлтының жандүнесін, болмысын білу, бүкіл жөн-жоба, жолға жорға болу қажет, себебі Жұмекеннің өлеңі сан-килы:

«Кейбірінен құмның исі анқиды,  
Кей сөзімнен мұнның исі аңқиды,  
Кей жолымнан шық исі анқиды,  
Кей ойымнан жөргек исі анқиды», -

Ііс десе иілу іісі қазақтың беріне тән дүние емес пе. Жұмекеннің өлеңінен көмір іісі, өмір іісі анқиды. «Мен - далама сіңіп кеткім келеді» деген Жұмекен жырынан қазақтың өзіндік сую философиясы, мәдениеті, махаббат, сүйіспеншілігі

аңқып тұр. Екпіні қатты ақын, есті сөзге жүрек отын қосып сойледен, поэзиясының негізгі тірері осы қазақтығында.

Оның қарапайымдылығы өз замандастының ойы мен сезімін бере білуінде, өзінің менін көрсетуді мақсат етпей, ұлтының көркем бейнесін суреттеуінде. Ақын өнерін колдан қындастып жіберу дегеніңіз оның өлеңін оқытпау. Оқырманды алдын ала үркіту, көзге көрінбеген қындықпен қорқыту. Көркем туындыны талдауда, тануда, таныстыруда таяғам, тәлім-тәрбие, ең бастысы білім, біліктілік қажет. Ақынның бір өлеңін талдау үшін, сын айту үшін оның бүкіл шығармасын оқу, білу керек. Онсыз ақын алдырмайды. Ақынды толық зерттемей орынсыз сын айту дегеніңіз сырттан, тасада тұрып алып тас атумен бірдей. Дүниеден өткен ақын жөнінде жөн жазбау, әділдіктен аттау. ол аруаққа қиянат, дін занынан сырт, ділімізге жат. Өлген ақын корғансыз, өзін өзі қорғай алмайды деп күнәға белшеден батуға болмас. Ақынды тірісінде де, өлсе де қорғайтын халқы бар. Жұмекеннің өз сөзімен айтқанда, шынайы ақындар үшін олардың өлеңдері құреседі, соңғы сөзді бәрібір халық айтады. Сауатты, саналы, салауатты, саралы, салиқалы, салқынқанды сөз әрдайым халықта. Даттау да, мақтау да өз жөнімен болмақ. Шекітен шықса не болатынын Абай да айтып кеткен. Сынның өзі уақыт сынынан, сынағынан өте алуы міндеп. Әдебиет халық тарихы, адамдардың тағдыры. Сынның өзі соттау деген сөзден шыққан. Ар занының алдында ақын хақында арзан, арсыз, аяр, аяусыз сөзге бару ақиқатқа қиянат. Аруақтың артынан ауыр сөз айтудың тағы бір жөнсіздігі өткен адамның жауап қата алмауын пайдалануда жатыр. Қалам ұстаған адам үшін бұл сөз алдындағы кешірілмес қылмыс. Естеліктердің де есті болғаны жөн, кейіпкерлердің немере-шөберелері бар екендігін ескеріп, олардың да көніліне кіrbін түсірмеуді ойға алып, ұстамды болу қажет. Оқырманға ұсынатын да, ұсынбайтын да тұстар бар. Өзінде өзгелерден өтімдірек өткізем деп өтірік, жалған жалаға баспауды ұмытпау, сапасыз, сандырақ мақалаларды, естеліктерді әдебиеттануға тықпалай берудің жөні жоқ. Кейін жас ғалымдардың сондай кір-қоқыстан әдебиетті тазалауға қаншама уақыт, қажыр-қайраты зая болмақ. Сыни мақалалардың өзін сын көзбен, сақтықпен оқығанымыз абзал.

...Кісі бола қалғаным жоқ  
мен демде,  
ең ойымнан өзім талай  
айныдым.  
Шын айтсан да сын айтуға  
келгенде  
Керек екен парасаттың  
байлығы  
- дегенді осындай оспадарлықтың орын аларын біліп айтқан  
да шығар Жұмекен.

Сын деп ақын мен оқырман арасына сынға дұрыс емес. Әдебиет пен оқырман бір дүние. Ғажап поэзия тұрғанда көріп, кате сын сөзге жол жоқ. Тап қазіргі уақытта қазақ әдебиетіне сынау мен мінеуден гөрі сылау, сипау, аяу, аялау ауадай қажет. Сыр мен сын соңы сыбау, сабауга ұласып, арты соракы сottасуға салынып, сот төрелігіне араласуға шейін бару орын алды.

«Сырттай сайлап Абайдай бір құдайды,  
Сот құрса егер кейінгі ұрпақ былайғы», - көбісі актай алар ма екен өздерін? Сын бұрын да болған. Әдебиеттегі көзқарас тартыстары, таласы – сын және өзара сын аталған. Әйтеуір, әңгіме төркіні сынға ауысқан соң әдебиет тарихында болған стенографиялық жазбаларда қалған, мұрагаттарда сақталған тақырымбызға қатысты бірде-екілісіне тоқтала кетейік.

Алматы. Қазақтан Жазшылар одағының III съезі. 07.09.1954 жыл. Ә.Әбішев. Стенографиялық жазба. 367 бет. «....Сланов пен Иманжановтың жазығы «Қарағанды» романын қатты сынаганы ма? Егер олар қате сынаган болса, жиырма бес мың дана болып басылған «Қарағанды» романы отқа жағылmas еді ғой. Сол жолдастардың, әсіресе Москвадағы жолдастардың сын көмегі арқасында «Қарағанды» романы шала болса да қайта жөнделіп, жарық көрген жоқ па еді? Ендеше оларға кектенудің, олардың шығармасын оқымастан басылуына тыйым салудың, қала берді, олардың енбегін атаяға еріну сияқты пандықтың не жөні бар?».

378 бет. «Шындығына келгенде, сынға ең төзбейтін, ең кекшіл бізде екеу болса, Фабиден бірі де, біреу болса өзі. Қөзіңің сырқатылығынан ол ештеңе оқи алмайды. Соның салдарынан ол бастық болғалы бір де шығарманы оқыған емес. Өзі оқымай өзгелердің айтып отырғанын айтып отыру Елтайшылдық болатынын қатты ескерген жөн».

26 қантар 1955 жыл. Қазақстан Жазушылар одағының партиялық бастауыш үйімі бюросының мәжіліс хаттамасы:

«Қатысып отырған бюро мүшелері: Орманов, Мұстафин, Моргун, Райымқұлов, Омаров, Молдағалиев.

Шақырылғандар: Жароков, Ергалиев, Мұқанов, Аманчин.

Күн тәртібінде: Екінші Бүкіл Одақтық жазушылар съезінің корытындылары.

Моргун Ф.А. сөзі: Ергалиевтің мінезі мен тәртібінде кемшиліктер бар. Мұстафин жолдас та кемшиліксіз емес. Әдебиет-те бұйыруға болмайды. Ал, Мұстафин жолдаста көғамдық үйымның басшысынан гөрі әкімшілік әдет басымдау».

Алматы. 02.12.1955 жыл. Қазақстан Жазушылар одағы. Жас жазушылар творчестволық енбекіне арналған пленум.

56 бет. Тоқаш Бердияров: «Поэзия - акынның ыстық қаңы, жастьық шағы, жалынды махаббаты, қысқа өмірі... Мені бейбастық қылыштарға бой ұрғызып, рюмкеге қол создырған кейбіреудің каталдығы, әділетсіздігі, яғни қиянат жасауы. Мені құлдіретін де, жылататын да Жазушылар одағы. Менің тағдырым, өмірім, жүрегім солардың суырмасында сарғайып, жапа шегіп жатыр. Мені қалпақтай ұшырамын десе де, есіремін десе де солардың қолында. Мен Алматыға қонақ боп келіп, қонақ боп кетемін. Сондықтан біз сияқты қонағын қанцелярист жолдастар есіктен сығалатпай, «ішкіш» деген қарғыс маскасын кигізбей, балағаттамай адамгершілік жасаулары тиіс. Сөз нарқын ажыратта білетін бізде де ар, ұят, намыс деген үар. Тәрбиелеудің жолы осы екен деп, ішкілікке салынған үлкен сақа жазушылармен тең қойып, қатаң жаза қолданып, жұртқа қарабет қып көрсету болмас деп ойлаймын».

Әбу Сәрсенбаев: «Тоқаштың өз адамгершілігі, өз мінезі туралы мен жеке тоқталмақтын. Ал, поэма туралы қойылған айып әділетті емес. Куандық, сен өзің де нәзік жанды акынсың.

Бір кезде кей жолдастар, саған да құйрек деген айып қойған еді. Сондықтан да нәзік сезімге құрылған шығармалардың бәрі де құйрек болады еken деп қалғансың ба, қалай? Әділетті болған макұл.

Жастардан жаңа жолмен, тың жолмен келуді талап етер едік. Таланттың қарыштар жері – Өмір орталығы.

Жақсы ақындардың донышша аунап жатқанын көрген оқушы, олардың өлеңдерін окуға да жириенер еді.

Қарағандыда жазушылар бөлімшесі ұйымдастырылсын деген ұсынысты қолдаймын».

Бұл Жұмекеннің Қарағанды қаласында кеншілердің ортасында жүріп, Мәскеу сапарына дайындалып жатқан кез. Әбекен бір сөзінде әділеттік ұғымын екі қайталады. Салмақ сала, мән бере, қадап, түйіп тұрып айтқан. Жас ақындарға айтқан ақыл-кеңесі әлі де өз мәнін жоғалтқан жок, жоғалтпайды да. Құдай тағала бұл ғаламды жаратқанда ерінбеген, келісімменен, хикметпенен кәмәлatty бір жолға салып жасаған. Әлем әділдігімен әсем. Рас сөздің бір аты – хақ, хақтың бір аты- Алла. «Хақ» араб тілінде әділдік және құқық деген мағына береді. Әділ әлем әсемдігімен әдемі. Поззия - әділ, әсем әлем. Осы әлемде әркімнің өмір сүрге құқығы бар.

Ақынга сын айтарда ойланған жөн:

«Жаулар босқа У жұтады ызадан,  
Бізге сыншы – тәнірі мен халық бар.

Отан үшін күрестік қой біз әман

Күрес құнын - ажалымыз аныктар.

Мейлі өлейін.... өлім бұлдыр тұс білем,

Бұғауды ұқпан, ажалыңнан саспан да.

Шыбын жаным темір шатыр үстінен

Тұтін болып көтерілер аспанға» (Лермонтов- Жұмекен. Паткульден ).

Шынайы ақындарды сынайтын осылар - халық пен тәнірі, солақай сынның сойылын ала жүгірер содырлар емес.

Жұмекен де албырт жас шағын ёске ала келесі жолдарды жауаптылықпен ойлана жазған:

«Мынау келген қай жасық

Демесін деп бір текті,

Тәуекелдің найзасын  
Тәніріге сілтеппін».

Өлеңге келгенде тақырып таңдауда ойланып алған аbzal. Халық пен тәнірі тақырыбы арзанқолдылық пен таяздықты кешірмейді, көтермейді. Жұмекендей ашық айтып, кемшін түсken жерін өзі көрсетіп мойындау әркімнің қолынан келе бермес.

Тіршілігінде ешкіммен де қуреспеген Жұмекен үшін оның өлеңдері құресуде.

Жұмекен жұмбак ақын да емес, бәрін ашық, анық, айқын жазып кетті. Жұмбағы небір метафора, ойды көркем сөзбен жымдастыра білуінде жатқан шығар. Бір қараганға қарапайым, ұғынықты сияқты өлең жолдарына үніле, тереңіне батылымыз жетіп бара алмаймыз, үстірт қарауга ыңғайлымыз. Кеңес кезінен келе жатқан таптауырын болған тар жолға түсіп алып, тайрандай жөнелеміз, қазактың жолына жоламаймыз. Әр нәрсенің тубін, хикметін білмекке ынтық болуға асығу арманы жетелесін.

Мысалы, «Біз өзіміз» деген өлеңіндегі: «Шашақтарын самал желге жүздірген, қызыл туды - қызыл дедік біз бірден» - деген жолдарды алып көрейікші. Ақынның «қызыл ту» деп отырғаны коммунистік идеямен Ресейде билік басына келген қызылдар, большевиктер партиясы. Тарихи деректерден көбіміз қызыл идеясының байыбына бара алмай, ойланбай, оянбай, бас тарта алмай «қып-қызыл» болғанымызды көреміз. Өзімізге тән, алаштық мемлекет керек екенін үқпадық, ұлттық мемлекеттікке ұмтылғанды ұлтшыл дедік басқалармен қосылып. Алашқа іші жау боп, сырты күлді. Абай айтқан адам алдаушы, аулаушы, андуши, арбаушыға айналды. Сүбелі-сүбелі суреткерлерді сузіп-сузіп Сібір су-суығына сінірдік. Ақын осы ойды астарлап «бірден» деген сөзбен беріп отыр. Әсіре қызыл тез онар дегенді қазақ осындаидан айтқан. Большевик те онбады, біз де олар озбыр отарлау саясатының жалғасы екенін үқпай, ұлт болып ұрындық. Қатты қателестік. Осының бәрін Жұмекен таратып, талдамай ұлттың ұғымына сеніп ұсынды. Сол кездің цензурасын бір-ак сөзбен айналып өтті. Мүмкін, Жұмекен қызылды бірден қызыл дегенді мақтанышпен айтып отырған шығар деген пікірге

біз, онда неге Жұмекен осы жолдарды «Қателесу сез бе екен» сөзбен, ой–тұжырыммен жалғастырады.

Тағы да бір оралайқышы өлеңнің сол түсіна:  
«...Біз керемет кең халықпыш,  
Сөз бе еді  
Қателесу көтерем деп өзгені».

Жұмекен қателесу туралы сөзді қазақ халқына қарата айтып, қолданып отыр. Бүкіл халық болып қателесу. Сүмдық қой бүл. Оп-онай. Түкке де тұрмайды. Сөз бе екен. Кеңбіз гой. Бір қателікті жасасақ кеңдігімізден кем болмаймыз. Өзімізді өзіміз көтереміз деп жасасақ қателікті бір жөн–ау. Осы өленде қаншама салмақ, сабак жатыр. Мойындау, сынақ, сыналу бар. Ақынга да оңай түспейтін, жүргегіне жүк болып тиелетін жыр жолдары.

Жұмекен өлеңнің соңғы жолын былай :  
«Ал, бір жақта құлан құлап құдыққа,  
Құлағына ойнап жатты құрбақа»- деп бітіреді.

Осындай ойларды біз Жұмекен поэзиясына жоқ жерден алғып келіп жалғап, танып жатқан жоқпыш. Ақынның қолданған сөздерінің талқылау, таразылау осы ойға әкеледі. Байыппен барласаңыз Жұмекен өз қазақ халқының трагедиялық тағдырын өте ерте, жас кезінен түсіне, ұғына, сезіне білген. Оған біз Жұмекеннің алғашқы жарияланған жырын талдап, таратқанда тоқталымыз.

Жұмекен қазақ халқындағы адаптациясында адал, ашық, ақ. Дүниенің бетіне тұра қарап, алға аттауға ары бар қазақ ұлтының ұлы Жұмекен – өз халқынан, өмір лавасынан жалын атып, алмас болып жарқырап шықты:

«Шықтым, шықтым өз сөзімнен – шенберден,  
Қайла, қүрек, қайдасындар- кел бермен.  
Қағаз, қалам, сия сауыт- кет аулақ,  
Шабыт тауып жарымадым сендерден.  
Енді алдында: қызыл ұшқын тұр борап,  
Қара тасқа қадалады сұр болат.  
Менің орным- жалын атқан лава іші,  
Менің сөзім – темір шеге бір қорап,

Қағылады ол таба алса егер өз орнын,  
Таба алмаса? – Қобдишада жатады.  
Басып озса – қалай ғана төзермін,  
Ақын даңқын бұрышының атағы.  
Жо, жоқ, достым, атак емес мұратым,  
Жақындаған сайын оған бір адым,  
Адал аққан әр тамшы тер алдында  
Бөркімді алып тұрамын».  
Ақын өз шенберінен шыға білді, шабыт желімен желді.

Атаққа да адал, ақ енбекпен ие болды. Өлең әлемінің өзіне өнерден келді. Әдемі өлеңі әділ адамдар, шахтерлер арасынан шыкты. Жаңағы Әбекең айтқан Өмір Орталығында қарыштады. Жаңа, тың жолмен келді. Менің мұндай ойымнан Жұмекен жайында жазған сон, бар жақсыны соған тели беру деген пікір тумас. Сол заманғы дереккөзден алып отырмыз жақсы сөздерді. Өзгертілмеген, өңделмеген өмірден. Дау тудырмас үшін жаңағы жастардың шығармасына арналған жиыннан дерек келтірейік.

73 бет. Қ.Беккожин: «Қарағанды шахтерлерінің еңбектегі ерлігі, табиғаттың байлығы, басқа өрнектерін өлеңді Қарағандының Қарағандылық лебі анқып тұратын өлендерді көре алмаймыз. Қарағанды мен Қекшетау табиғатын суреттеу арқылы өңегелі шығармаларымен келген ақындар жоқ деуге болады. Біздің бәріміздің жазғанымызда қолдана беретін Алатау, Қекшетау. Бұл екі таудың пейзажы айырылмайды. Біздің ұлы ақындар өзінің көрмегенін, сезбегенін жырламаған».

Қалекең қандай ғажап, поэзиялық талап қойған: Қарағандылық леб анқып тұру керек. Ол үшін Қарағандыны, жер астын, лаваны көру кажет. Өмір орталығынан өту. Онымен қоса талантты болу шарт. Көргендей, естігендей жаза білу міндет-үлгілі, өнегелі өнер үшін.

Ғ. Қайырбеков: «Өлең жазу мәдениетінде бір жағымсыз құбылыс орын алды. Жалаң мәлімет - өлең-акпарлар пайда болды. Өмірді жырлау, еңбекті, еңбек адамын жырлау өлеңнің бір сұрықсыз, мінсіз түрін тудырып алды. Өлеңде өнер азайды».

Бұл да тарихи дерек, мұрағаттан алынған. 1954-1955 жылдардағы өлеңдерді талдаудан туған ойлар. Өлеңде өнер азайды? Өлеңі бардың бәрі өнерлі ме?

Жұмекен ақын даңқына алғашқы қадамын Қошалақтан бастаса, Қарағандыда шахтерлердің көркемөнерпаздар үйірмесінде жалғастырыды. Ол мектепте скрипкада ойнаса, Қарағандыға қоңыр домбырасын ала шығып, кеншілерден көмір қазуда да, көркем өнерде де қалыспады. Қошалақ құмынан, Қарағанды көмірінен кәрі Кремльге өнерді апарды.

Көміршілердің кәсіподак ұйымдарының жиналыстарында нөмір 33/34 шахтаның көркемөнерпаздар үйірмесінің жұмысы көңіл аудараптырығы жылдың сөзбен аталып өткен. Осынау сөз жерде қалмады, еститін құлак естіді де, көніліне тоқыды. Әлеуметтік әділдікпен бірге әдемілікті де ұға білген адамның, есінде қалды. Үлкен жүрекпен жас жүректің кездесуіне аз уақыт қалған-ды. Көмірмен бірге Қарағандыда өнерлі адамдар кені де мол еді. Өнер сүйер қауымға Алматыдан 1955 жылдың 18-20 ақпанында ССРО халық артисі Құләш Байсеитова мен бірге Құрманғазы атындағы ұлттық аспаптар оркестрі өнер көрсетіп кеткенді. Оркестірдің құрамында 45 адам, дирижері У.Нұсіпов, бас дирижері, КССР енбек сінірген артисі Шамғон Қажығалиев. Қарағанды қаласындағы кеншілердің мәдениет сарайында өткен концерттерден «Советтік Қарағанды» газетіне хабар жазған Ә.Әзизев болатын.

Осынау ғажайып концерт өткен Қарағанды қаласының төріндегі кеншілердің мәдениет сарайы пайдалануға 21.03.1952 жылды тапсырылған, көрермендер залы 1000 орын, лекциялық залы – 400 орын. 1955 жылдың қазан айында көркемөнерпаздар саны – 421 адам. 1955 жылдың жазында өткізілген Республикалық көркемөнерпаздардың байқауына облыстан 170-тен аса адам қатысты. Облыс бойынша үш бірінші орынды кеншілер сарайының өнерпаздары жеңіп алды. Республикалық байқауға 8 өнерпаз іріктелді, оның ішінде 2 грамота және 300 сомнан ақшалай сыйлық алды. 1955 жылдың 9 желтоқсанында өткен республикалық байқау жюриі хаттамасына сәйкес КССР кәсіподагы Кенесінің құрмет грамотасымен нөмір 33/34 шахтаның моторисі М. Сүлейманова марапатталған.

Республикалық байқау аяқталмай жатып жұмысшы және қызыметкерлердің Бүкілодақтық көркемөнерпаздар байқауына дайындық басталып кеткен еді. Осы жолғы байқаудың өзіндік

ерекшелігі Совет Одағында билік еткен коммунистік партияның XX съезімен тұспа-тұс өтуі. Сталиннің жеке басына табынудан бас тарту съезі болғанмен, оның ісін басқа басшылардың басқаруымен жалғастыру жиыны болды. Өмір мектебі саналған кәсіподак үйімі да жұмысшы мұддесін қорғауға жанталасты. Жеке басқа табынудан бас тарту дегенмен өз жемісін берді. Елге тұтқа боларлық тұлғалардың әрқашан болғаны, бар екендігі, болатындығы баянды етілді. Жұмыс уақытын 8 сағатпен шектеу, демалыс күнін енгізу осы кәсіподак үйімінің бастауымен қайтадан қалпына келтірілді. Кәсіподак мәдениет ошактарын көптеп үйімдастыруға көніл бөлді. Қарағандыда кеншілердің кәсіподагының басшылығында коммунист, облыстық партия комитетінің тақаудары екінші хатшысы болған Кенжин Әукебай жұмысшылардың әлеуметтік жағдайын жаксартуга қызмет етті. Өзінің барлық өмірлік тәжірибесін, абырой беделін, атағын, білімін, біліктілігін әлеуметтік әділдік жолына жұмсады. Кеншілердің облыстық кәсіподагының тәралқасының 1955 жылдың 17 акпанындағы қаулысымен Кеншілердің мәдениет сарайының жұмысын қарап, қызметтің дұрыс атқармаған директор Пронинды жұмыстан босату туралы шешім қабылданады. Кенжин Ә.К. бүкілодақтық байқаудың мәнін, мағынасын, маңыздылығын жете түсіне білді. Жұмысшылардың мақсат-мұддесімен қатар Әукебай ақсақал қазақ ұлтының да мұддесін ұмытпады. Байқауға барса ұлттық өнермен баруға бел шешті. Әрине, бұл іске бүкіл республика, облыс басшылары араласты. Алайда, мұрағаттан Әукебай атамыздың істің негізгі, шешуі сәттінде ерекше рөл атқарғаның анықтадық. Ең бастысы, байқауға қатысу мақсатында Кенжин Ә. Қарағандыда кеншілердің ән-би ансамблін құруға кеншілердің облыстық кәсіподагы тәралқасының 1955 жылғы 18 қарашасындағы қаулысын қабылдайды. Одақтық байқауға Қарағанды кеншілерінің занды түрде қатысуына құқықтық негіз қаланады. Қарағанды қаласының энциклопедиясында шахтерлердің ән-би ансамблі 1961 жылы құрылды деген қате ақпарат берілген. Кеншілер кәсіподагының 1955 жылғы 18 қарашадағы қаулысына сүйенсек ансамбльдің құрылуы сәл ертерек болған. 1955 жылғы қаулыда 25 қарашага дейін

ансамблің құрылуы талап етілген. Талап бұлжытпай орындалды, ансамбль құрамы белгіленген күннен бастап жасақтала басталды. Оның негізін Кеншілердің мәдениет сарайының жанындағы көркемөнерпаздар ұжымы құрады. Кәсіподактың Орталық Комитетінен ансамбльге керекті киім тіктіру үшін 60 мың сом қаржы сұралады. Бұған дейінгі Кеншілер сарайының жанындағы 1954 жылдың басында үйимдастырылған ән-ансамблі тарап кеткенді. Бұкіл мәдениет жұмысы тиісті жоспарсыз, жүйесіз жүргізілген. Енді, шұғыл түрде, дереу барлық үйимдық жұмысты жолға қойып, ән-би ансамблін құру керек болатын. Оған шахтілердегі клубтардың көркемөнерпаздар үйірмесінен ең үздік деген өнерпаздарды тарту туралы клуб басқармаларына нұсқау қаулыда тұра көзделген. Ансамбль-шахтерлер ансамблі ретінде құрылатын болғандықтан оған шахтерлердің қатысуы қажеттін, онсыз кеншілердің ансамблі деп есептелмес еді. Кәсіподак қаулысының тарихи құндылығы сол заманының қолданыстағы зандарына сәйкес болып, кеншілердің ансамблі ресми танылуы. Осы қаулының негізінде нөмір 33/34 шахтаның шахтері, сондағы көркемөнерпаздар үйірмесіне қатысып жүрген Жұмекен Нәжімеденов те ресми түрде шақырылады. Бұл қаулы ресми кәсіподактың қаулысы болғандықтан құқықтық, занды күші бар. Жұмекеннің өнерге занды, құқықтық жолмен келгенін көрсетеді. Жұмекенді шахтерлердің ақыны, данқты шахтер, Қараганды қаласының құрметті азаматы атаптың құқықтық негізінің бірі осы қаулыда. Қараганды халқының Жұмекенді мақтаныш етуге занды түрде, құқықтық негізі мықты. Қараганды мұрағатында Жұмекеннің сол жолғы өз қолымен толтырылған үш анкетасы сактаулы болып шықты. Одан біз Жұмекеннің нөмір 33/34 шахтаның клубының жанында үйимдастырылған көркемөнерпаздар үйірмесіне келе салысымен 1955 жылдың 1 қазанынан қатысқанын білдік. Негізі солист-орындаушының үш есеп құжаты Жұмекеннің өз қолымен толтырылған. Жас Жұмекеннің қолтаңбасы. Екеуді 25 қараша күні, үшіншісі 2 желтоқсан 1955 жылы жазылған. Ақынының сол кездегі қол қою ерекшелігі көрінеді. Өзінің және атасының атына қосып әкесінің де есімін белгілеп қол қойған. Екі құжатта домбырашы екендігін

корсеткен. Хорда өлең айтатыны жазылған. 1955 жылдан кәсіподак мүшесі, Қоркемөнерпаздар үйірмесіне 1953 жылдан қатысқанын хабарлайды. Тұрғын мекені - 33/34 шахтаның нөмір үшінші интернаты. Қызметі - көмір қабатын бекітуші. Кейін қазақтың кара өлеңінің қабыргасын бекітушілік, өнер-қызметі осы шахтерлердің ең бір қауіпті саналатын мамандығынан басталған. Мұрагатта Жұмекенмен бірге ансамбльге қатысқан шахтelerдің анкеталары тіркеулі. Нөмір 33/34 шахтадан: Абжатов Қажымұрат Құсанович, 1936 ж.т., интернат - 3, бөліме - 6, Абраимов Алмас, 1935 ж.т., интернат - 1, Байшев Баюхмет Баишевич, 1935 ж.т., интернат - 3, Мықтыбаева Әмина Кішкенбаевна, 1936 ж.т., Мажиханов Шамет, 1935 ж.т., интернат - 1, Сартаев Айтбай Байменович, 1935 ж.т., интернат - 1, Сулейманова Майя, 1925 ж.т. Ансабльде тәртіп катал болған, негізгі жұмысына бармай, еріншектікке салынған адамды кешілер мәдениет сарайының директоры Е.Л.Пелещук, - дайындықтың жауапты үәкілі, бұйрықымен ансамбль құрамынан шығарып жіберіп отырған. Осы деректен шахтерлер негізгі жұмысынан босатылмай жұмыстан бос уақыттарында ансамбльге қатысуға тиісті болғаны көрінеді. Мұрагаттағы деректерге сәйкес хорға қатысатын ер-азаматтарға 28 қазақтың ұлттық киімін тіктірген, шалбар, камзол, бөрік. Жұмекеннің киімі: 48 пішін, 2-бойлы. Хормейстірді Алматыдан өнер шебері ретінде самолетпен алдырған. Құжаттарда Жұмекенді хорда бірессе бағын, бірде тенор дауыспен қатысады деп жазылған. Ансамбльдің киімін Алматыда арнайы тапсырыспен тіктірген. Астанадан кәсіби балетмейстер шақырылған. Кәсіподактың Орталық комитеті сұралған 60 мың сомның орнына 28460 сом қаражат ансамбльге бөлген. Мұрагатта сақталған істей ансамбльді дайындауга кететін қаражаттың сметасы табылды. Ең қызығы қарапайым бухгалтерлік есеп-қисап қағазында Қарағандылық кешілердің ән-би ансамблінің Москва каласында ететін байқаудың қорытынды бөлігінде өнер көрсететіндігі алдын ала жазылып қойылған. Өздеріне, өнерлеріне сенімді болған ба, әлде жоғарғы жақпен келісім солай болған ба? Екіншісі болса, ондай көлісім сөзді Қөмір бассейнінің бастығы, Кеңес Одағының Жоғарғы Кеңесінің сол

кездегі депутаты Иноземцевпен бірге кеншілердің кәсіподагының басшысы Кенжин Әукебай жүргізген сынаилы. Қалай болса да, Мәскеуге сөзсіз баратындықтары анық болған. Қоркемдік жетекші мұғалімдер училищесінің ұстазы В.Е.Кепп. Мәскеуден бұрын дайындық байқауын комиссиямен қабылдаған, комиссияның төрағасы – облыстық кәсіподак ұйымының хатшысы А.Пирибинус. Сол сапарда кеншілер ансамблі қандай репертуармен қатысқанындығын анықтайдын деректер мұрағатқа тапсырылмапты, бүкіл тізімді толық анықтай алмадық. Алайда, Қарағандыда шығатын «Комсомолец Караганды» дейтін газеттің 1956 жылғы 14 февраль, нөмір 20/1255/ санынан байқауда орындалатын туындылардың кейбірін таптық. Байқауға қатысуға бара жатқан адамның мақаласына сәйкес байқауда Мұқан Төлебаевтің «Бақыт» және «Шахтерлер әні», халық әні «Қараторғай» орындалатындығы айтылған. Жұмекен өзі кенші болған кезінде ән салғанын өлеңінде жазған. Осы газеттегі мақала Нәсіп апайдың Жұмекен Мәскеуде «Қараторғай» әнін айтқаны жайлышты деректі дәлелдейді. Жұмекеннің Қарағандыда 1956 жылдары түскен суретінде костюм өнірінде бір белгі - значоктің тағулы тұрганы байқалады. Бүкілодактық өнер жарысына қатысып, женіп шыққан көркеменерпаздарға байқаудың арнайы белгісі табыс етілген. Өнірге тағылатын белгіде алтын түсті дәні пісіп толықсан бидай масағының бейнесі бар. Сол белгіні біз Қарағанды қаласындағы өлкетану мұражайынан байқауға қатысқан В.Ф. Ипатованың, кейін Қазақ ССР еңбек сінірғен артисі, жеке қорынан таптық. Мамандарға көрсеткенде олар Жұмекеннің өніріндегі белгінің нақты сол белгі екенін раставды. Осындағы бір бірінен тәуелсіз, бейтарап дерек көздері арқылы Жұмекен ансамбль құрамында Мәскеуге барып, өнер көрсеткені дәлелденді. Мақалада Мәскеуге 105 кісі аттанғанын жазған. Мәскеуге ансамбльмен бірге мына адамдарда барған: А. Рахиев, В. Брайковская, Т. Досболдинов, З. Байсеитов. Теміржолдық билеттерді тапсыру тізімінде Жұмекен көрсетілген, билеттің бағасы – бір мың сом. Кейбіреулер тіпті отбасының мүшелерін ала кеткен. Байқауға қатысушы М. Петрусевич - біз Қарағандылықтар қорытынды концертте XX съезд делегаттарының алдында Одақтар Үйінде

өнер көрсөттік деп мақтанышпен жазған. «Бұндайды ешқашан ұмытпайсың» деп жазыпты. Мақтанса мақтанарлық оқига. Алып империяның салтанаты асқан, аса бай, көркем сарайында дәуірі жүріп тұрған өңкей ығай мен сығай алдына шығып өнер көрсету де онайға түспеген. Бүкілодақтық «Труд» газетінің 1956 жылғы 8 ақпан күнгі нөмір 32/10679/ санында «Кәсіпкерлер Одағының Бүкілодақтық Орталық Кеңесінің бұқаралық мәдениет бөлімінің басқарушысы Ивановтың баспасөзге берген сұхбатында кеңестер елінде 130 мыңнан аса адам қатысатындығын атап өткен. Соғы байқауга Одақ бойынша 1200 өнерпаз, Москва мен Москва облысынан 2000 адам қатысатынын айтқан. Байқаудың концерттері Кеңестер сарайының колонна залында, Чайковский атындағы Концерт залында, Өнер қайраткерлерінің орталық үйінде, астананың мәдениет сарайлары мен клубтарында койылмақ». Байқауга қатысқан 3200 өнерпаздардың ішінде қазактың Жұмекені де болғанына біз де мақтаныш етеміз. Жұмекен Евтушенко мен Вознесенскийден әлемдік әдебиетке бұрын шықты. Коммунистердің «женімпаздардың съезі» деп ат қойған жиынына бүкіл әлемнен, жан-жақтан жақсы-жайсандар жиналған. Олардың ішінде әдебиет, өнер қайраткерлері болған. Социалистік Кеңестер Одағынан: А.Е. Корнейчук, М.А. Шолохов, А.А. Сурков, М.С. Каримов (Мұстай Кәрім). Қазақстаннан: Брежнев Л.И., Қонаев Д.А. Солардың алдына коңыр жүзді қазақ жасы Жұмекен шығып күй ойнап, ән салды, яғни өнерімен алғашқы рет әлем сахнасына, көркем өнер әлеміне аттады. 1955 жылдың 25 мамырында драма жазу мәселесі бойынша өткізілген жиында М.О.Әуезов былай деген: «Я почти вышел на литературную арену с коллективом драмтеатра». Әдебиет әлеміне сахна арқылы келдім дейді Ұлы Мұхан. Менің, Жұмекен қазақ, әлем әдебиетіне, өнеріне 1956 жылы ақпан айында еркін енді дейтінім осында тарихи деректермен негізделеді. Бұл тұжырым занды да. Жұмекен қарапайым, сыйайы болғанымен қазақ әдебиетінде, поэзиясында қатардағы жауынгері болған жоқ. Ол бірден танымал генерал болып келді. Оны қазақ поэзиясына кеншілердің генералы, тау директоры деген ресми дербес атағы болған Кенжин Әукебай әкелді. Бүкіл

Қазақстаннан, Совет Одағынан Қарағанды кеншілерінің кесіподак ұйымы небәрі екі айдың ішінде ән-би ансамблін дайындалап, ұлттық өнермен бірден Москвада, Кремльдегі қорытынды концертке қатыстырды. Бұл еңбек пе? Еңбек. Ерлік пе? Ерлік. Қазақтың әні шырқалып, күйі күмбірлеп, шалқыды. Бұл аз ба, көп пе? Қаптаған қалың қарасы бар, сарысы бар орыс тілділердің ортасынан Жұмекенмен бірге бірнеше қазақ жігіттерін қатыстыра отырып қазақ өнерінің классигі М. Төлебаевтің, халық әнін репертуарға кіргізу, ансамбльге қазаққа тән ұлттық киім кигізу дұрыс шешім болған. Кенестің өнер кеңістігінде тек қана ұлттық өнермен жеңіп шығуға болатындығын болжай білген көрегендік. Дәл сол тұста ұлттық өнермен жеңіп шығу, ұлт ұлдарының рухын көтеру үшін де қажет еді. Міне, қазақ Қенжин Әукебайдың мықтылығы осында. Ұстамды ұстаз, табанды тәрбиеші, ұлттық ұлы тұлға. Женіске жете білуге баулыды. Кесіподактық қызметте жүріп, ұлттық өнерді ұмытпады. Қазақтың ұлттық өнерін өмір ортасынан іздеді. Қай қызметте жүрсөнде ұлттық мақсат-мұддені ұмытпау керектігіне үлгі боларлық іс. Өмірлік іс. Қемір сөзінің өзінің негізі өмір: К-ӨМІР.

«...Уатамыз қемірді біз—

көрінбейді бірақ шаңы.

Кемір ... өмір... бірнеше от

Бір кеудеге тұрақтады» (Жұмекен).

Қолданыстағы қемір өнеркәсібі деген сөзді алып қаранызышы. Негізгі түбірі ӨНЕР. Қемір қазу да өнер. Біздің Жұмекен өнерге өмір-өнерден келді дейміз осыдан. Оның тұла бойы тұнып тұрған өнер: скрипка, домбыра. Ән салу. Анекдот айтқыштығы. Артистігі. Қемір, өмір, бірнеше от Жұмекен кеудесіне тұрақтады. Жұмекен «Қарағанды топырағында туған қазақ ақыны» деген тұрақты тіркес ұғымды қазақ әдебиеттануында қолдануға осындағы өмірлік негіз бар. Тарихта белгілі тұнғыш қазақ ұлтының ұлттық гимнін тудырған Қарағанды топырағы. Одан тұнғыш президент, тұнғыш ғарышкер жаратылды. Тұнғыш ұлттық гимн туды. Тұнғыштар тұлғалармен танысты, табысты. Тұлғалар тұнғыштарды тәрбиеледі, баулыды. Тұнғыштардың топырағы - жаса, жаса

мәнгі қасиетті Қарағанды топырағы. Тұлғаларға, тұңғыштарға, таланттарға тұнып тұрған төнірек.

Жүмекеннің көмірді өмір деп көркем бейнесін берген оның мына екі бір өлеңінен көреміз:

«Қайла. Құрек. Көмір қара, көз қара,  
Мөлтілдер тек аппақ тамшы сұт- шамдар.  
Алақанын алдырыпты бозбала,  
Алқынды шал... аңы ауаны жүтпәндар!  
Аппақ жарық актарылды анқа сып,  
Қоп- қою шаң тұнып жатса тымырысқ.  
Өз шыдамын жеді әрбір жан тауысып,  
Сым бойында жасыл ұшқын жүр ыршип.  
Қос рельс- мандолиннің қос шегі,  
Қара вагон құмбірледті –

Жүгір, шық.

Мұндағы қүй- құш тілейді, өстеді –  
Бұлшық еттер бейне темір шығыршық....

\*\*\*\*\*

Кара бұйра сел алса,  
Қара вагон толып шығар біртінде.  
Қара толқын аяқтарға оралса,  
Мотор- жүрек соғып қетті зіркілде.  
Қаранғыны шаммен іреп жүр кеме,  
Бақытты еді шам қандай!  
Екі-ұш адам сәл жантайса іргеге,  
Екі-ұш үйдің оты сөніп қалғандай.  
Екі-ұш бұлшық тулап кетсе толқын боп,  
Мың-сан көніл рахатқа батады.  
Екі-ұш тамшы тер төгілсе мөлтілде,-  
Жылынар деп бүкіл байтақ Отаным».

Олеңде қоп-қою шаң. Алқынған шал. Аңы ауа. Желінген шыдам. Көмір уатудан ойылған алақан. Мөлтілдеген мөлдір тер. Аяқта оралу. Аңқа кебу. Іреу. Зіркілдеу. Аппақ тамшы. Сұт шамдар.

Қандай-қандай қазақи тума төл ұғымдар актарылады мына шахта мен шахтерлерге арналған жырлардан. Ақын тенеулері

лавадағы қоп-қою шанды жабағы жүндей жыртады. Қараңғылық қабырғасын жарықтың айбалтасымен сөгеді. Шаң дариясын ұрттап-төгіп тұрған лава қандай қорқынышты. Сырық сәуле. Көп аяқты мосы. Оған ілінген комбайн - шэйнек гүрлдейді, ызындаиды. Шыраққа айналған ақыл мен ой. Күндей күкіреген құлқісімен түлеген шахтер. Бетінді желпіген көмір исі. Көмір қабырғасы – қап–қара тақта. Балуан қолдар. Екі иінінен дем алған шахтер. Забой мен лавадан атқылаған асыл, алмас сөздер. Адал жүректі тұлғалар болар елге тұтқа деп, ұлттық тұлғаларды үлгі тұтқан Жұмекен.

Коммунист Кенжин Әукебай: «Біз қазакпыз, біз бармыз» деді. «Өнерліміз, қайраттымыз, жеңеміз» деп, жеңіп қайтты өнер бәсекесінде. Осы ансамбльдің бір мүшесі Жұмекен Нәжімedenovtің кейінгі өнердердегі атақ-данқы кеншілер ансамблінің құрамының шынында да осал еместігін көрсетеді. Басқалар жеңісті оңай беріп қойып қарап тұра ма? Жұмекеннің барлық жеңісінің басы осы жеңістен басталады. Сырттан келді деп, сырттансынғандар сыртқа тепкенмен Жұмекен өз замандас, қатарлас құрбы-құрдастарынан бұрын аттады әлемдік өнерге. Бұған басқа ағалар реніш-өкпе білдірмес. Қанары мен қаруымен бүкіл әлемді қалтыратып отырған Кеңес Одағы болғаны шындақ қой. Ақиқат. Партиядан қорыққанымыз рас қой, рас. Онсыз мансап, дәрежеге, атақ, данққа жетпейтіндігімізді білдік пе? Білдік. Білдік те, білекті сыбанып жіберіп, арды белбеуге түйіп алып қып-қызыл белсенді болып шыға келдік. Кейбір қоңыр жүздерді қып-қызыл шиедей қылышып жібердік. Ол жолда ешкімді аямадық, аянбадық. Шындық па, шындық. Жас Жұмекеннің Көкжал қасқыр коммунистердің жиынында қатысуы тағдырын да бір белгісі, еміреуіні болды ма, бір құдай біледі. Әйтеуір, Жұмекен қазақпын деп шырқап шықты әлемдік өнерге. Мен қадала, мән беріп, баса айтып отырғаным кейбір сыншылар Жұмекен орыс ақындарының ізіне көп үңілді, солардан шықты ма дейді. Бұндай қате, жаңсақ пікірлер Жұмекеннің өмірін, өнерін білмегендіктен айтылады. Әдебиеттануда жастарға дұрыс бағыт- бағдар бермейтін тұжырымдар. Аттары аталған орыс ақындарын Жұмекен оқыса кейін оқыған, дәп сол 1955-1956 жылдары олардың жинағы Мәскеуде де шыға қойған жоқ.

Шықса да, Қазақ еліне жете қойған емес. 1956 жылы Жұмекен Вознесенскийден де, Евтушенкодан бұрын өз тұлғасының даралығын көрсетіп, программалық өлеңдерімен шыққан. Олардан басқа оқитын орыс классигі қалмап па? Жұмекенге өзінің төл, тиесілі Жұмекендігін қимаймыз. Ол өзінен өзі неге шықпайды. Тәнірі берген табиғаты, талантты, Қошалақ пен Қарағанды топырағы бар емес пе? Ашақ, Азғыр, Атырау, Арқа елі қайда қалады? Жұмекен шықса Абай, Илияс, Қасымдардан, өз қазағынан шықты, үйренетін, үлгі алатын қазақ ағалары тұрғанда Жұмекен басқаны қайтсін. Орыстың ұлы әдебиетін тәмемдетіп «ұлтшылдыққа» ұрынып отырған жоқпыз. Ұлтымызben мақтанудан және де бас тартпаймыз. Тек қана біздің өзіміздің ұлы әдебиетіміздің барлығының, оның негізі, нәрі басқалардың ықпалынсыз-ак сонау ежелден еркін елдің ғажап поэзиясының негізінде шыққанына баса назар аударамыз. Қазақ поэзиясының сөз кестесі мен өлең құрылышының түпкі негіздері көне дәуірде қалыптасқанын ғалымдар дәлледеген. Ежелгі түркілердің үйқас жасаудағы «көг» деп аталатын поэтикалық өлшемді Абайдың «Білімдіден шыққан сөз» деген өлеңінде аскан шеберлікпен қолданғанын зерттеушілер атап отыр. Халықтық әдебиеттерде бір бірінен ауысу, алмасу, үйрену, үлгі алу ұрдісі болған, болып та жатыр, болады да. Бірақ-та, әркімнің өз түп-төркіні барлығы баяғыда мойындалған тұста Жұмекенді басқа ел-жүргіт ақындары ізін кездіріп қоюға және де болмас. Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін жария еткенімізге 15 жыл болды. 2005 жылы Ресей мемлекетімен екі арадағы шекарада анықталып, бекітілді. Ендігі кезекте қазақтың ұлттық әдебиетінің тәуелсіздігін жариялау қажет. Егеменді елдің ежелгі еркін поэзиясына оралу күтіп тұр. Мәдениет мұрасы мол халық – қазақ халқының әдебиеті де тәуелсіз болатын кез келді. Түпкі арғы қазаққа, түркіге оралу. Кім қай тілде жазса, сол ұлттық тілге, ұлтқа қызмет етпек. Орыс тілін Республика азаматтарына қарым-қатынас тілі ретінде ұсыну құқықтық кателік. Конституцияға сәйкес емес. Ата занға сай әркімнің ана тілі мен төл мәдениетін пайдалануға, қарым-қатынас, тәрбие, оқу және шығармашылық тілін еркін таңдалуға алуға құқығы бар. Әлім жеттілікке салынып, бұрынғы беделмен тізеге салып

адамның еркін орыс тілімен шектеуге болмас. Әркімнің өз тандауы, тағлымы, танымы бар екендігін ұмытпайық. Артық сейлем қою әрқайсымызда бар деп Жұмекен айтпақшы, ана тілге келгенде абай болған жөн, кім болсаң да. Ал, қазақ тіліне қатысты қате пікір ұстандың екен, онда қазақ тілі сенің ана тілің болмағаны. Батыс пен солтүстікке бас шүлғи беруді құнделікті тіршілікте көретіндегі көріп жүрміз. Ұлттық әдебиеттің негізі – Ұлттық тіл. Ұлттық тұлға – ұлттық тіл, мәдениет, әдебиет төлі. 1958 жылы 20 мамырда Алматы қаласында Кенестер Одағының Жазушылар Одағының бас хатшысы А.А.Сурковтың қатысуымен Қазақстан жазушыларының жиналышы болып өткен. Жиынға F.Mұсірепов тәрағалық етеді. Сол жиында Жұмағали Сайн жаңағы Сурковқа былай деген: «Александр Александрович, Сіз біздің поэзияны нашар білесіз. Менің байқауымша қазақ әдебиетін, басқа бауырлас республикалардың әдебиетін біршама білуге деген мақсат та қойылмаған, ешқандай да орынды қадамдар жасалмаған сыңайлы. Бізге бекітіліп берілген Симонов біздің әдебиетті білуге қадамдар жасайды деп күтіп едік. Біз қайдағы бір колхоз емеспіз, бізді проценттеп білу үшін. Біздің әдебиетті білу үшін әрбір поэмани, әрбір кішігірім өлең-такпақты білу керек, және де оны оқу қажет».

Сурковқа қазақ Ж.Сайн қалай ашық, тұра, әділін, ақиқатын айтқан. Тайсалмай. Білмейсін, білсеніз де нашар білесіз, білуге ынталы да емессін дейді.

Мартынов С.Н., Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының 1956-58 жылдарғы хатшысы, өз сөзінде: «...әрине осында туған, 20-25 жыл тұратын, орыс жазушыларына қазақ тілін білмегендегі жаман, кешірімді емес. Алайда, оларды қазақ тілін үйренгісі келмейді деп айыптауға болмайды. Бұнда қазақ тілін үйренуді ұйымдастыру керек», - деген.

Қазақстанда туғандарға қазақ тілін білмеу кешірімді емес дейді орыс ағайын.

Сәбит Мұқанов: «бауырлас тілдердің Бүкіл Одақтық институтын ұйымдастыру туралы мәселе қоятын мезгіл жеткен сияқты», - деп ұсыныс жасайды. Оны М.Әуезов іліп алғып, қолмақ, бұл дұрыс ұсыныс. Шетелдік Шығыс тілдері институті бар, ал Кенестік Шығыстік жоқ деп С.Мұқановті ұлттық мақсат-

мұддеде қолдап шыққан. Ұлттық тіл мұддесінде бір жерден шыққан, қазақ әдебиетінің екі алыбы.

С. Мұқанов одан әрі жалғастырып, жиналыстағы сөйлеген жолдастар ұлттық республикаларда тұратын орыс жазушылары сол республиканың тілін оқып-үйренбейтіндігін жиі айтып жатыр. Бұл занды және дұрыс «упрек».

Қараңызшы сонау заманнан Сәбит Мұқанов қазақ тілін үйрену, білу, оқу занды талап деп отыр. Енді, әрі қарай С. Мұқанов былай дейді: «Жолдастар, мұнда өзіміздің ортамыз, мынандай фактіге жүгінейін. Мысалы, Дмитрий Федорович Снегиннің экесі марқұм Федор Снегин қазақ тілін тамаша білген, ал Дмитрий Снегин қазақ тілін білмейді. Иван Шуховтың экесі де қазақ тілін тамаша білген, ал Иван Шухов білмейді».

Сәбит Мұқанов осы сөзімен өз заманындағы орыс жазушыларының қазақ тілін білмеуінің негізгі себебін астарлап келтіріп отыр. Сіздерге де түсінікті.

Ал, енді сөз майталманы орыс А.А.Сурков не деді дейсіз гой. Ол төтесінен бірақ тарты да былай деп толғады: «Әркімді соның туған тілінде оқи білу – ол бір-біріне деген сүйіспеншіліктен туатын махабbat. Біз кезінде Т.Г. Шевченконы орыс ақыны қыламыз деп тырысқан адамдармыз. Жолма-жол 12 жол өлеңіне аударма жасадық, одан әрі ештеңе шыққан жоқ. Себебі, бізде тұпнұсқаға сай келетін орыс тілінде сөз табылмады, орыс тілі мен украин тілі ағайынды деп айтса да».

Сурковтың сөзінен бір-ак тұжырым шығады: қазақ тілін үйренгісі келетін адамға сол тілге, сол ұлтқа деген махабbat керек. Қазақ тіліне, ұлтына, халқына сүйіспеншілік. Бауырым деп сүйсөн - үйренесің. Қазақ тілін білуді талап ету әділетті талап. Абай атамыз айтқан жол:

«Махаббатпен жаратқан адамзатты,  
Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті.  
Адамзаттың берін сүй бауырым деп,  
Және хақ жолы осы деп әділетті».

Махабbat жоқ жерді қиянат жаулайды. Әділет жоқ жерде әсемдік те тұрақтамайды. Абай өнерінің де негізі қазақ тілі.

Абайға дейін де қазақтың ғажап поэзиясы болғандықтан да, қазақтың бас ақыны да осы қазақтың даналығынан шыққан.

Үйренсе батыстан да, орыстан да, шығыстан да үйренген шығар. Алайда, түпкі негізі түркі, қазақ. Абайды, қазақ әдебиетін қит етсе батысқа апарып бас идіретіне келіспейміз. Абайды әлемдік әдебиетті, ілімді, ғылымды оқыса, оқығанын қорыта, байыта, жаңартса, жаңғырта білді. Адамдық ойлауды қазақ даласында отырып-ақ адамзаттық деңгейге көтерді. Қазақ топырағының негізінде. Абай талайларды талай ғасыр толғандырған толық адам концепциясының негізі поэзия, дін, ойшылдықта екенін көрсетіп кетті. Оқып, үйренгенін даланың даналық мінезінде сақтады. Отарлау саясатын терең түсінген Абай өте сақ жазды, оның поэзиясы бодандыққа, отарлауға қарсы көрсеткен азаматтық қарсылықтың, бағынбаудың, күрес идеяларына, үніне, ойларына тұнып тұр. Тереніне үнілсеніз Абайдың сөздерінен оның Кенесары ханының ұлттық-азаттық қозғалысын қолдаушы, қазақ поэзиясында ұлттық идеяны жалғастыруши болғанын көресіз.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік мұрағатында сақталған Қазақстан Жазушылар Одағының партия ұйымының ашық партиялық жиналышының 1951 жылы 20 сәуірінде өткен отырысында «Правда» газетіндегі 26.12.1950 жылы жарияланған «Қазақстан тарихы туралы сұрақтарды маркстік—лениндік тұрғыдан көрсету» деген мақаланы талқылағанда жазылған хаттама-стенограммаға сәйкес Мұхтар Әуезов Абай жайында былай деген: «Маркстік ілімге шейінгі барлық ақындар мен ойшылдар сияқты Абай да қоғамдық өмірдің өзгеруіне ықпал ететін құбылыс-имандылық деп санаған. Абайда өз діні болған, басқа да қателері болған». М.Әуезов қылышынан қан тамып тұрган билік алдында «қателік» деп айтқанмен, бәрібір Абайдың негізгі ерекшелігін, ұлымдығын көрсетіп кеткен. Осы жиында Қасым Аманжолов та өзінің 1940 жылы «Кенеке» атты Қасымов Кенесары туралы поэма жазғанын мойындейдый. Өзі де кейін «Бір партия жиналышы» атты өлең жазды. Қ.Аманжоловтың осы өлеңі партия жиынтынан кейін жазуылуы әбден мүмкін. Өлең мазмұны мен жаңағы оқиға соған дәлел.

Жұмекен өзі де:

«...Бірақ Пушкин емесім бәріне аян,  
Белинский емессін, эрине, сен.

Мезгілім аз қайтпаған, жасымаған,  
Ал түнілген кездерім басым одан.

...Мазалама Пушкинді,  
менің үшін

жетіп жатыр өзімнің Қасым ағам... демей ме?

1957 жылдары Жұмекен Алматыда жерленген Қасым ақынның бейтіне барып, тағым етіп жүргені белгілі. Қасым ақынның образын қазақ поэзиясында бейнелеген Жұмекен оны космостық ақынға бағалады. Қошалақ құмына барғанда Жұмекеннің Қасымды дәл осылай бағалауының негізін түсіндік. Жұмекен жырындағы Қасым ақын бейнесі жайында ғылыми еңбек жазуға тұрарлық дүние өте көп. Жұмекеннің сүйіп айтатын Сарыарқа әндерінің ішінде ерекше беріліп шырқайтын әндері Қасым мен Мәди әндері болған. Әлде, Қарағандыда жүрген кездерінде үйренген әндері жастық шағын елестетті ме? Мұмкін Арқа елі оған Арқа жақтан сокқан Қошалақ желін еске салған шығар. Әлде, осы үшеуінің бір ортақтығы бар ма? Биыл - 2005 жылы Мәдидің туғанына 125 жыл, Қасым ақынның, Нәжімeden атаниң қайтыс болғанына тұра 50 жыл, Жұмекеннің туғанына 70 жыл толып отыр. Ұлттың ұлы ұлдарын бір қылатын дүние ол - жалпы ұлттық мұддеге келгенде қапысыз, қалтқысыз қызмет өтуінде жатқан сынайлы. Ахмет Жұбанов Мәдидің «Қаракесегін» музыка өнерінде қазақ ұлтының гимні деп бағаласа, біз де Жұмекен мен Шемшінің «Мениң Қазақстаным» әнін қазақ ұлтының гимні деп бағалайтынымыз, таныйтынымыз шындық қой. Бұлар қазақ халқының тұтастығының, бірлігінің белгісіндей, ескерткішіндей тұлғалар. Қалай айтсақ та, мен Жұмекенді өзімсініп өзіміздің, біздін Арқаның, Қарағандылық азамат, ақын деп карастыруға бейіммін. Жұмекенді бар қазақтан, Атыраудан, Азғырдан, Алматыдан бөліп алғып бүлік шығарайық деген ниет жоқ. Жұмекеннің Қарағандыға келуі кездейсоқтық па? Заңдылық па? Нәсіп апайдың Қарағандыға алғаш рет 20 сәуір 2005 жылы келгенде бүкіл халық алдында «Мен Атыраудың қызымын, Сарыарқаның келінімін, сіздердің алдында басымды ием» деуінде қаншама қасиетті дәстүр, тағым, таным жатыр. Жұмекеннің Қарағанды ұланы, Арқаның азаматы, ұлы ұлы екендігін жария ету!

«Дариға- ай қайда кетті Қасым ағам!

«Дүние қасіретіне жасымаған».

Жоқ енді, амал қанша!

От еді ол

Мен ұшқын сол бір отан шашыраған».

Осындағы актарылудан кейін неге біз Жұмекенді басқаға апарып телиміз?

Абайдан, Илиястан, Қасымнан ұлгі, өнеге алған Жұмекен неге Андрей мен Евгенийден шығуы тиіс? Жұмекеннің өзі не дейді:

«Жасырмайтын сөзім бұл,

Айтпасамда мақтана:

Бір мінімді өзімнің

Қазып аппын шахтадан.

Ырқына еріп сезімнің

Арман ойлап, қауіп қып,

Бір мінімді өзімнің

Домбырадан тауыппын.

Адал шыным анық бұл,

Күңгірт шықты дегенмен,

Қоймай жазып, алыппын

Бір мінімді өлеңнен.

Ой – кенім боп, ой- ән боп,

Ойдан бәрі бас апты.

Бір мінімді жоям деп,

Екіншісін жасаппын.

Мінім көп- ау,

байқайым,

Сіңіпті бояуы,

Қайсыбірін айтайын,

Қайсыбірін жояйын...».

Осы жырында Жұмекен шахтерлігін бірінші жолға қойып отыр. Ойшил кенші болғандығын жасырмайды. Ақын еркінен тыс кім артық айта алар. Не айтсақ та ақынынан асып айтпаймыз. Біз, Қарағандылықтар, Жұмекенмен ерекше мактанаатымыз - шындық. Бұл жасырмайтын сезім, сезіміз.

Қарағандылық өнерпаз-кеншілер Москваға 1956 жылдың 8 ақпанында жол жүрген. Жолда 20 күн болып, ақпанның 27 күні Қарағандыға оралған. Байқау жайында «Правда», «Известия» газеттері де жазған. Сол кездің партиялық рупорлары. Партияның съезі 1956 жылдың 10- 23 ақпан аралығында өткен, делегаттардың келуін қоса есептегендегі, Жұмекен Қарағандыға оралып, лавасына түсіп, көмір уатып жатқанда, елде жана еңбек бастамасы жария етілген еді. Ол 1956 жылы Қазақстанның тың және тыңайған жерлерінен миллиард пүт астық беру міндепті болды. Әрине, тыңдағы еңбекті көрсетуден жазушылар, ақындар тыс қалмады. Олар Қарағандыға да келіп, кетіп отырды. Оның алдында 1954 жылдың сәуір айында өткен Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының VII пленумында тың жерлерді игеру кезіндегі республика жазушыларының міндепті жөнінде мәселелер талқыланған. Баяндамашы F. Мұстафин. Пленумға қатысып отырған сол кездегі Қазақстан Коммунистік партиясының Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Пономаренко да жазушылар жайында, өнер жайында өз пікірін білдірген. Сейлегенде былай деген: «Мұсірепов жолдас сөйлеңіз деген де келіскенмін, бірақ-та менің кейбір пікірлерім Мұсіреповтің және басқалардың пікірімен үйлеспей шығуы мүмкін екенін ескерткем. Мен басқа ештеңемен айналыспай таза сыншы болу дегенді түсінбеймін.

Тек қана талдаудың маманы ғана болу қалай болмақ. ...Міне, Қазақстанда аса өткір идеологиялық сұрақтар, мәселелер болды. Дөрекі қателіктер болды, сол қателіктерді дөрекі қателіктермен түзедік (залда құлқі). Мұнда кейбір жолдастар іс-сапар жөнінде армандайды, киялдайды. Ескертіп айтайын, біз сондай жағдай жасаймыз, сонда көбісі қайтып оралуды арман етер. Онсыз болмайды. Жазушылардың осынау міндепті де орындауын қамтамасыз ету үшін тәсіл табамыз. Жазушыларды бағаламауга болмайды, ол өте қымбатқа түседі».

Тың жөнінде, ондағы жазушылардың міндегі жайында Қазақстанда осындағы әңгімелер жүріп жатты. Тың туралы талай дүниелер жазылды, кейбіреуі кезінде танылды, оқылды. Облыстық «Советтік Қарағанды» газетінің редакциясы жаһындағы 1954 жылдың 27 сәуірінде ұйымдастырылған әдебиет бірлестігі қалаға іс-сапармен келген жазушылар Мұстафин F., Ақтанов Т., Бегалин С. жолдастармен кештер өткізген. Бірлестік мүшелері – 9 адам. 01.12.1955 жылы Жас жазушылардың творчествалық еңбегіне арналған пленумда А. Теміржановтың бірлестікке қатысты сөзін келтірейік: «Қарағандыдағы Байсейтовты алайық. Газет жаһындағы бірлестік дұрыс жөн сілтеудің орнына осы Байсейтовты бұзды деуге болады. Себебі, оның бір жыл ішінде жазған жеті поэмасын газетке басып шығарды. Қазір Байсейтов өзін бір гений санайды. Қарағанды облысы бойынша Жазушылар одағының бөлімшесін ұйымдастыру қажет. Жас жазушылардың республикалық кеңесі қарсанды Қазақстан Жазушылар одағының тапсырмасымен 1956 жылдың кыркүйегінде Қарағандыға Қапан Сатыбалдин келген. Әдеби бірлестіктің 1956 жыл 12 қыркүйектегі нөмір б хаттамасынан, бірлестіктің хатшысы Ә.Әзизев, оның Қарағандылық қalamгерлермен кездесу өткізгендегі белгілі. Сол кездесуде Қарағандыда Жазушылар одағының бөлімін ашу туралы сөз қозгалады. Әдеби бірлестіктің тәрағасы, «Советтік Қарағанды» газетінің редакторы Тайкіманов Б. облысқа Алматыдан іс-сапармен жазушылар жиі келеді. Бірақ, олардың шахтерлермен, өз окушыларымен кездесуі, бой көрсетуі аздығын» айтқан.

«Социалистік Қазақстан» газетінің Қарағанды облысы бойынша тілшісі, ақын Теміржанов А. оның үстіне Алматыда шығатын «Қазақ әдебиеті», «Әдебиет және искусство» журналы «әдебиет мәселелерін дұрыс көтермейтінін» атап өткен. «Жазушылар одағы мұны ескерудің орнына тіпті біздің өзімізбен байланыс жасамайды. Оның басшылары қала берді не жазып жүргенімізді де білгісі келмейді» деп сыйнаған.

Жазушылар Одағына өзінің сапарынан есеп берген К. Сатыбалдин жауапты хатшы С. Омаров пен жас жазушылармен жұмыс жөніндегі кеңесші Ж. Сайнга жазбаша

баяндамасында барлық керекті адамдармен кездесуге егін жинау науқаны кезінде мүмкін болмағанын жеткізген. Облыстағы партия комитетінің үгіт-насихат жөніндегі хатшысы Хафизовтың Нұра ауданының егіс алқабында жүрген, Такуманов жолдас та сонда обкомның өкілі ретінде егістерді аралауға кеткен. Қарағанды қаламергерлерінің арасында әрине классиктердің табылмайтындығын, алайда оларға қол сілтей салуга болмас деп өз пікірін білдірген. Орыс бөлімі апта сайын жұма күні сағат 18-де жиналады әдет қылған. Бірақ, өкінішке орай одан нәтиже жоқ. Қазақ және орыс бөлімдері бөлек-бөлек өмір сүреді. Орыс тілінде сөйлеу киын деп қазақ бөлімі орыс бөлімімен бірігіп жиналыс өткізуден үзілді-кесілді бас тартты. Осы дұрыс іс пе деп өкініш білдіріпті.

Қарағанды қаласының қазақ тілді қаламергерлерінің сыны орынды болғандықтан Қ.Сатыбалдин жеткізген талап-тілектері жерде қалмады.

1956 жылдың 21 желтоқсанында Қазақстан Жазушылар одағының төралқасының мәжілісі өтті. Оған төралқа мүшелері : Г. Мұсірепов, М. Әуезов, С. Мұқанов, Д.М. Снегин, С. Омаров, Т.Жаров, Т.Ақтанов, К.Хасанов, партиялық бюроның хатшысы Ж.Сайн, Қазақстандық мемлекеттік әдебиет баспасынан Т. Балтагожин, Э. Иманғамбетов, М. Қаратаев, Советтік Социалистік Қеңестер Одағының Жазушылар Одағының П. Скоспрев, З. Кедрина, Р. Әлімқұлов қатысады. Күн тәртібіне бір ғана мәселе қойылған: Қазақстан жазушылар Одағының облыс аралық бөлімдерін құру. Баяндама жасаған Г. Мұсірепов. Мәжілісте Қазақстан Коммунистік партиясының Орталық Комитетіне және Министрлер Қеңесіне Қазақстан Жазушылар одағының облыс аралық З бөлімін: оның бірі Қарағандыда – Қарағанды, Ақмола, Көкшетау, Солтүстік облыстардың әдебиетшілері үшін, құру жөнінде ұсыныспен шығу қажет деген қаулы қабылданады. Қарағандыда Жазушылар одағының бөлімін құру қандай деңгейде, қандай уақытта шешілген. Өмір мен өнер, өндіріс тіршілік дейтін тай қазанда қайнап жатты.

Алғашқы миллиардты жинап алу науқаны басталғанда Жұмекен 05.07.1956 жылы шахтамен қоштасып Алматыға, окуға, жол жүргуге қамданған. Оның комсомолдық жолдамада

көзделген 2 жылдық мерзімінен бұрын шахтадан кетуге кеңес беріп, Алматыға оқуға кетуіне қолғабыс жасаған, қолдау көрсеткен үлкен жүректі, мықты қазақ – Кенжин Әукебай Қелмағанбетұлы еді. Қанды қырғын, Ұлы Отан соғысы кезінде «Қарағанды майдан үшін» атты эшелон-әшелон көмір, тамақ, киім ұйымдастыруға басшы болған Кенжин Әукебай, 1898 жылы туған, жас кезінен мемлекеттік іске араласқан, оқыған, тоқыған талай азаматты танып, таланттыға жол ашқан көреген болатын. Өте сауатты, мәдениетті, текті қазақ. Қарағанды кеншілерінің облыстық кәсіподағын басқаруы бекерден бекер еместі. Кәсіподақты басқарып отырғанда ол облыстық партияның пленум мүшесі, облыстық, қалалық кеңестердің депутаты, Одақтық, республикалық, облыстық кәсіподақтардың орталық басқару ұйымдарының мүшесі болатын. Билік те, бедел де, білік те, білім де бір басында жеткілікті бұл басшы болған қазақтың. Атағы мен ақылы Алатаудай Әукебай. Сондықтан да оны Жұмекен мықты қазақ деп еске алып отырған. Негізінде осы атаға Арғын Қуандық Барғана бабаларының тектілігі дарып тұрақтаған ба деймін. Самай Барғанаұлы Тілекесінің шөбересі Кенже атамыздан Құлмағамбет (Құлкей), Келмағамбет, Балқоңыр, Ахмет. Құлмағамбеттен Қарағандылық Құлкеевтер. Келмағанбеттен Әукебай, Мәүкебай, Мәуліт. Аталарының атын алып Кенжин есімімен бүкіл елге белгілі. Әукебайдың інісі Мәуліт те Москвада оқыған, тау-кен инженері, партия қызыметінің қайраткері. Бұл атаның ұлдары мен қыз-келіндерінен бір аксүектік, бекзаттық, кендік, білімділік, біліктік сезіліп тұрады. Сырт көз - сын көз. Жұмекеннің жары Нәсіп апай да Кенжиндердей тамаша қазақтар болады еken деп ризашылығын әркез білдіріп отырады. Әукебай атамыздың ұлы Төлеш қоғамдық қайраткер, Қазақстанда көп партиялық жүйенің негізін қалаушының бірі. Кенже қызы Сәуле ғалым-зангер. Мәуліттің ұлы Болат ғылыми диссертациясын Мәскеуде қорғаған, техника ғылыминың кандидаты, іскер, күрделі техника жасау өндірісінің бірінші басшысы. Осы кітапты жазу барысында Болат ғылыми жетекшілік қызымет көрсетумен бірге, көмір өндірісін көріп, түсіну үшін қажетті іс-шаралар ұйымдастырды. Ізденіс, жазу барысы Болаттың басқаруымен ғылыми-әдістемеге негізделді.

Болаттың қарындасты Айнұр, мамандығы экономист, жұбайы – Аймагамбетов Ерқара Балқарайұлы, Қазтұтынушылародағы Қарағанды экономикалық университетінің ректоры, экономика гылымының докторы, профессор. Қарағандының тұмасы, университетте бірге оқыған, бауырым-інім Қабиболла Қасымов - Атырау облысы прокурорының орынбасары өзі елде демалыста жүрсе де менің Атырау-Қошалақ-Қарағанды сапарымның сәтті өтуін қамтамасыз етті. Алматыда Несіп апай мен Жұмекен ұлқыздары, немерелері Ұлттық мұрагатта алансыз ізденуге жағдай жасады. Алматыдан Қазақстанның Халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Мұхтар Мағауиннің бауырым деп бауырына басқан туыстық көңіл, иш тілегімен, Қазақтың Жұмекені туған Қошалақ сапарына ақ батасын алып аттандым. Бұл да Алла сый еткен сәттілік, абырай, әдебиетке адал қызмет етудің үлгі, өнегесі. Кенжин Әукебайдің салып кеткен үрдісі. 1956 жылдың 10 наурызынан Кеңес Одағында жұмысшылар мен қызметкерлер үшін демалыс күні және мейрамдар алдындағы күндерде жұмыс уақыты 8 сағаттан 2 сағатқа қысқартылды. Сол жылы жоғары, арнайы орта оқу орындарында, мектептердің жоғары класстарында ақылы түрде ақша төлеп оқу жойылды. Бұның бәрі кәсіподактың жеңісі еді. Әлеуметтік әділдік үшін күрескен Ә.Кенжин әсем әлем поэзияға да қызмет етті. Жұмекен кәсіподак мүшесі, ән-би ансамблінің белді, белгілі мүшесі болғандықтан Кенжин Әукебайдың шахта басшыларынан оны мерзімінен бұрын жұмыстан босатуын талап ете алды. Жұмекенге өнер адамы, ақын ретінде болашағын болжап, үміт еткен, көмектесе алатын шахтада бірде-бір қазақ жоқ болатын, шахтаны, партиялық, кәсіподак ұйымының бәрін орыстар басқаратын, жинақтағы құжаттардан оған өзініз де көз жеткізесіз. Көмір өнеркәсібін басқарып отырған өндіріс басшылары тікелей Орталық Отарлау Одағына бағынатын болғандықтан, анау-мынауына, жергілікті басшыларға оңай көне қонбайтын. Тың өлкесін басқарып отырғандар да Қазақстанның астықты өлкелерін Ресейге тікелей бағындыруға жанталасқан. Бәрінікі бір саясаттын. Несіп апайдың Мәскеу байқауынан кейін үлкен, мықты қазақтың Жұмекенге сен шахтаны қой, окуға, консерваторияға баруың керек деп кеңес бергені туралы

айтқаны, Қарағанды қаласындағы мұрағаттарда сақталған ресми құжаттармен дәлелденіп отыр.

1956 жылдың 8 шілдесінде «Социалистическая Караганда» деген облыстық партияның органы болатын газеттің нөмір 134/5503/ жексенбі күнгі санында «Шығаруынызды етінем. Жұмыстан шығу туралы арыздар не айтады» деген журналист И.Ляховскаяның көлемді мақаласы жарияланған. Журналистиң берген ақпаратынан Жұмекеннің өз бетімен, еркімен оңайшылықпен жұмыстан мерзімінен бұрын есеп-айырысып кете алмайтындығы анықталады. Интернатта тұратын шахтерлердің паспорты комендантта сақтаулы болып, оны бұйрықсыз және ала алмаған. Паспортсыз қайда барады? Бұл журналистиң мақаласы бізге керемет қызмет көрсетті. Заман жайлыш жазсан осылай анық, айқын жаз. Жалпы сол кездің журналистеріне мың да бір рахмет айтамыз. Жұмекеннің мұрасын зерттеу барысында газет пен журнал беттерінде өз мерзімінде жария болған мақалалар мен ақпараттар көп көмек етті. Кейбіреулері арқылы мұрағаттарда сақталмаған немесе өзіміз таба алмаған жайт туралы деректерге кездесуге көмектесті. Бұқаралық құралдарда ақпараттардың, шешімдердің жариялануының қажеттілігін осындайда анық сезінесін. Қазақстан Республикасы Конституциясының 18-бабының 3 тармагындағы «Мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер, лауазымды адамдар және бұқаралық ақпарат құралдары әрбір азаматқа өзінің құқықтары мен мүдделеріне катысты құжаттармен, шешімдермен және ақпарат көздерімен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті» деген талап тұрғысынан ақпарат майданына келу қажет.

Жұмекен істеген шахтаның хал-жағдайын кәсіподактың жиналыстары хаттамасы, Жұмекеннің өлеңдерімен қосылып толық дерек беріп отыр. Журналист 33/34 шахтаның ахуалын беті бері караган ауыр науқастың халімен тенестіреді. Мақаланың деректік мәні мағыналы, құнды болғандықтан, Жұмекеннің өзі де кезінде «Лениншіл жас газетінде» журналист бол 1965-66 жылдары әдебиет пен өнер бөлімінің менгерушісі болғандығын ескеріп, жинаққа орыс тілінде толық енгізілді.

Өктемшіл өндіріс басшыларына сөзі өтсе Кенжин Эүкебайдың сөзі ғана өтетін. Жұмекенге құжаттарын алып берді де жолың болсын деп кеншілердің генералы Кенжин Ә.Қ. жас ақын, жас шахтерді жаңа ұстаздарына, музика маршалдарына шығарып салды. Жұмекен неткен бақытты еді, қандай ғажап адамдар оның ұстазы болған. Сол Кенжин Эүкебайды, оның жақсы істерін, елге, жастарға тигізген пайдасы жайында Қарағандының жұрты әлі күнге дейін аныз қылышпайттың үшінде. Ұмытпайды. Ұмытуға бола ма? Бір Жұмекенің өзі аяғындағы керзі етіктен, қолын қажаган қайласынан, азапты, ауыр еңбектеуден, жамбастап, бауырлап жатып қазып жатқан жерінде басып калуы ғажап емес көмір қабырғасынан, тұрмыс, өндіріс тозағынан, жәбірінен құтылып, аман-есен Алматыға кеткен сәті көз алдында көлендеп, осы бір балғын жігіттің тағдырына алан боласың. Бір атаның баласы, жар дегенде жалғызы, жетім жас жеткіншек лавада опат болмай аман қалғанына қалай қуанбайсың. Тап өзің құтылғандай, тап бір өзің Жұмекендей перронда Алматыға әкететін поезді тағатың таусыла, асыға күтесің. Асығамыз, қазақ ұлтының ірі тұлғасы Жұмекен жырының биігіне жетсек деп асығамыз.

«Сәл шыдай тұр, ағайын, мен өнерде енші алам,  
ұқсамайтын ешкімге жаңадан бір жол салам.  
Сай қуалап, жұрт құсап, соқпак қуман жымыскы,  
Басқан ізін ешкімнің аңдымаспын тіміскіп,  
Керек болса, ағайын, нағыз бұлак, нағыз ән,-  
Қара шынның төбесін тесіп тұрып ағызам.

Сәл шыдай тұр, ағайын, мен тұбінде енші алам,  
Алтынға кім қызықса - бәрін жиып бер соған.  
Маған темір күрек пен болат қайла бер мықты –  
Көрсетейін көкесін қайсарлық пен ерліктің.

Сәл шыдай тұр, мен ертең өз тайыма ер салам,  
Қартайды ғой Пегасың, кім қызықса - бер соған.  
Жақсы өлеңді достарым жазсын менің жан сала,  
Мықты өлеңнің көкесін көрсетейін мен саған».  
Шыдамдылыққа шақырган сабырлы үн. Қайсарлық пен ерлік. Өз ақылы мен күшіне сенімділік. Мансап пен алтынға

Қызықпау. Өз еншісінің барлығын пайымдау. Пегас емес Тайбурыл болар тайын тандау. Болаттан, темірден мықты біздің Жұмекен. Ешкімге ұқсамаған. Ұсақталмаған. Шынайы өлеңнің иесі.

Кенжиннің Жұмекенге консерваторияға оқуға барсан деп әкелік ақыл-кенес бергені тамаша ұсыныс болды. Консерваторияға бармаса Жұмекен Шәмші Қалдаяқовқа дер кезінде жолығар ма еді, жолықпас па еді. Кенжин Әукебайдың қазақ халқына, өнеріне жасаған жақсылығы, келтірген пайдасы өте зор. Жастық жалындары сөнбей тұрғанда қос талантты қосып, қазаққа ән-ұран келуіне бір себепкер болды. Жұмекенге қаншама қазақ ақсақалдары ақыл, кенес берді жас кезінде. Олар Жұмекенге сеніп, үміт артты. Ол да ақсақалдардың үмітін, енбегін ақтады. Қарагандыдан Жұмекен Алматыға құр алақан келе жатқан жоқ. Ол өз жүргегіне, жанына, жадына қазақ халқының енбегін, ерлігін, дархандығын, даналығын құйып алып бара жатты. Поэзияға ол «Таң сәріде» атты жаңа өлеңін әкеle жатты. Бұл өлең атақты, асқақ, арманышыл, ақ, арлы, адаптация «Мениң Қазақстанымның» негізі, бастау бұлағы, құлак қүйі сыңайлы көркем туынды. «Жұлдыз» журналының алтыншы нөмір, маусым 2004 жылы жарияланған Мыңбай Рәш «Мен айтпай, сірә, кім айттар» деген естелігі Жұмекеннің жаңағы өлеңнің қай мезгілде жазылғанын анықтауга көмек болды. «...Бұл осыдан қырық төрт жыл бұрын болған еді (естелік жариялануынан бұрын, ертерек жазылған сыңайлы авт.). Қазіргі «Жас Алаш» бұрынғы «Лениншіл жас» газетінде бөлім Менгерушісімін. Мынау жас ақын Жұмекен Нәжімеденов болады, ал мен консерваторияның бірінші курс студенті Шәмші Қалдаяқовпын – деді сарғыштау өндісі көңілділеу сөйлеп. Жұмекен де Құрманғазы атындағы консерваторияда оқиды екен. Ол өлеңдерін әкепті. Екі өлеңін іріктеп алғып қалдық. Бірер ай мөлшерінде газетте басылып шықты». Осы үзіндіден Жұмекен бірнеше өлең әкелгені белгілі бол тұр. Жұмекеннің өлеңімнің тап жартысы жарияланбайды дегені тағы да шындық.

Іріктеп алған өлеңдер «Лениншіл жаста» 1956 жылдың 17 қарашасында жарияланған. Жаңағы бірер ай уақытты кейін шегерсек ол сол жылдың қыркүйек айына келеді. Бір ай емес бірер ай. Сонда көрсетілген уақыт нақтылау болады.

Құрманғазы атындағы консерваторияның қазақ халық аспаптары кафедрасының 1956-1957 жылдары оқу жылындағы алғашқы мәжілісі 1956 жылдың 31 тамызында өткен. Оған барлық курстардың студенттері қатысады, яғни онда Жұмекен де бар деген сөз.

Енді осы Жұмекеннің алғашқы өлеңдерінің бірі «Тансәріде» деген өлеңін талдамастан бұрын Жұмекен қай жылдардан бастап жарияланды деген мәселеге тоқталсақ. Әзірше табылғаны, ол «Пионер» журналында, апрель, нөмір 4, 1955 жыл Гурьев облысынан, қазіргі Атырау, жіберген «Балуан» өлеңі.

Хат-хабар алмасуда жер шалғайлышын ескерсек, журналдың жоспары барлығын еске алып есептесек, бұл өлеңі 1954 жылда жазылғанға саяды. Жұмекеннің ақын ретінде шеберлігінін, ойының өсу барысын көрсетуге де септігін тигізетін өлең. Жұмекен 1983 жылғы күнделігінде «Мен әу баста-ақ сюжеттеп, оқиғамен сөйлеуге (немесе мысалдап деуге келер ме екен) бейімдеу едім» дейді. Жұмекеннің осы тәсілі, мәннері басқа көркем туындыларына да тән.

«Балуан» өлеңі.

«Сынасып, қарысып

Ынтыға алысты.

Ақылдар жарысып,

Айлалар салысты.

Алдабек құлады

Әрнеге „сүрініп,,

,„Қапы,, деп сұрады,

Жармаса жүгіріп.

Қапысын беріп ед.

Жығылды тағы да.

Сенімі берік ед,

Алысу жағына.

,„Қап,, деп тұра кеп:

,„Белбеудің жаманы,,

/Әйтпесе жығар ед,

Өзіндей баланы./

Белбеуі жаңа еді

Күш болар жетпеген!

Сылтаушыл бала еді  
Әрнені септеген».

Балаң өлеңінде де күрес, оқиға, сюжет, мінез. Ақыл мен айла жарысы. Ынтығу. Сенім. Арпалыс. Сынасу. Қарысу. Толып тұрган динамика. Қозғалыс. Жан талас. Өмір.

Жұмекеннің алғашқы жазылған, жарияланған өлеңдерін сол кезде «Социалистік құрылыш» атты Гурьев облыстық газеттің 1954-1956 жылдардағы тігілген сандарынан таба алмадық, кездестірмедік. 1954 жылдың 3 қазанында № 196/6120/ атап да газеттің «Әдебиет бетшесі» деген бетіндегі Т.Текеевтің мақаласына жолықтық. Бұл мақалада облыстық әдебиет бірлестігі сыналыпты. Мақалада Жұмекенің атын ұшыратпадык. «Социалистік құрылыштың» 1955 жыл 5 маусым № 110/6301/ санында әдебиет бетінде Әбу Сәрсенбаев бастаған бірнеше ақындардың өлеңдері беріліпті. Сонымен қоса «Жастық жыр жалынды болсын» атты Ж.Накбаевтың редакцияға келіп түскен өлеңдерге жасаған шолуы жарияланыпты. «Бізге түскен өлеңдердің көпшілігінде мазмұны тақырыбына сай келмеушілік жиі кездеседі. Мұндайда тақырып диапазонына өлеңде қамтылатын ой мазмұны жетпей, одан кем түсіп жатады. Жалынды жастық өлеңдей отты жігер. Ыстық сезім, әсерлі ой мен тың пікір болса, бұл жан азығы. Міне, осындағы өлең жазуымыз қажет» деп аяқталған. Мақалада мысалдар көлтірілген, талдаудың ішінде Жұмекеннің есімі аталаған. Нәсіп апайдың маған Жұмекен жергілікті басылымдарға өлеңдерін жариялауға бермеген деген сөзі расталды.

«Таң сәріде» өлеңі де оқиғаға құрылған. Қазақ халқының тарихында өзіндік орын алатын тың және тыңайған жерлерді игеру оқиғасына арналған. Азабы да, ары да, асқақтығы да, астығы да мол әлімжеттік астамшыл әрекет. Намысқа тиетін де, жаныңды жаныйтын да, тәлім-тәрбие, үлгі, өнеге алатын тарихи құбылыс. Сол оқиғаның негізгі мәнін, өзегін жас Жұмекен өте дұрыс түсіне, қалтқысыз, қапысыз көре білген. Көркем сезбен құрмеуі көп күрделі өмірдің көрінісін кең кемелдікпен шешкен:

«Бозарып жүлдyz сиреп аспандағы

Кек жүзін күрең шапақ астарлады.

Жалт етіп, түсті үзіліп мөлдір моншак

Қарағай, қайын, терек, жас талдағы.  
Тасалап күннің көзін тау қызғанып,  
Карайды ой мен дөңге маңғаздаңып.  
Тұр Шолпан кек көмбезін қимағандай,  
Жұлдыздар жайлауында жалғыз қалып.  
Алтын таң арайында нұрланды қыр.  
Дегендей, менен жомарт кім бар бұгін?!

Сол қырдың баурайында комбайндар,  
Сагатта жатты тиеп жылдар жүгін».

Жұмекен осы өлеңнің соңғы жолына қашама мындаған жылдардың тарихи жүгін артып жіберген. Бір бидай дәніне қашама тарих, тағдырды сыйдырған. Астықтың астарында талай- талай аласалыран ангарылады. Осының бәрі қазақ халқының тарихына қатысты екенін дала пейзажы мен таза қазактық ұғымдарды пайдалану арқылы берген. ...Кек күмбез, жұлдыздар жайлауы, жомарт, қызғаныш, тасалау - осының бәрі соңғы жолдың жүгін көтеріп тұр. Әсем де әсерлі, әділ, әрлі дүние - бұл өлеңі Жұмекеннің. Көркемдікпен астарлы ойын көзден аулақ, көрсетпей, бидай дәніне көміп тастаған. Былай қарағанда, жылдар жүгін 1954 жылдан бері басталған еңбекті ауыр жүк деп айтқан деуге болатын сияқты. Мақтанышпен, асыра бағалаумен айтты деуге, қолданған сөзінің мәніне қарасаңыз басқаша, біз айтқан ойға апарады. «Жүк» деген сөзді қазақ қандай кезде, қалай қолданады соны байыбына барып, барлап көрейікші. Қазактың түсіндірме сөздігіне сәйкес «жүк»: бейнет, азап, ауыртпашилық. «Жүк» ұғымын, сөзін Жұмекен қалай қолданғандығын көрсететін үзінділерді ұсынайық:

\*«Арқамда ауыр жүк - сын бәрі».

\*«Бұл өлімге, бұл өлімге төзер де ем-

Мұхтардан да жүк қалғанын сезем мен».

\*«Мезгілдің мол жүгі тым».

\*«Атқа жүк болады....амал жоқ».

\*«Бәрінің иығын басқан зіл – батпан жүк, әтпішу-әтпішу, әтпішу», деп жан-жаққа ұшып-ұшып түскендей болды.

Сонымен қатар, Жұмекен кейін өзі де бұл тыңдағы егін жөнінде былай:

«Адамға адам сенбей,

Күндер өтті.

Екі көз бір-бірінен күмәндандып.

Өтті сол ұтты құн, қателі құн,

Өсірген өз жеріне жат егінін» – деме пе еді.

Бұл арада тың кезінде еңбек еткен еңбекшілердің, барлық ұлт пен ұлыстың еңбегін, төккен терін жоққа шығарып, ерлік деп бағаланғанды теріске шығару ойда жоқ. Әнгіме Жұмекеннің тың тарихын, трагедиясын, тағдырын тани білуінде. Халықтың еткен еңбегі - еңбек, ерлік күйінде тарихта қалады. Бұрмалауға жатпайды. 1956 жылы ауыл шаруашылығының 139 озаты Социалистік Еңбек Ері деген жоғары атаққа ие болды. Ауыл шаруашылығында істейтін 40 мыңнан астам адам Совет Одағының орден, медальдарымен марапатталды. Қазақстан бойынша 387101 адам Тың жерлерді игергені үшін медалін омырауына тақты. Оның ішінде мениң әкем Ақторғай да бар, комбайн штурвалына отырып астық орган. Ертіс училищесінің өнерпаздары да сол жылы Мәскеуде ән салып, би билеген. 1954 жылы Қарағанды облыстық партия комитетінің хатшысы болған Кенжин Әукебай да тыңдағы еңбегі үшін медальмен марапатталған, оның күәлігін жинаққа енгізіп отырмыз.

Отарлау саясатының тыңғылықты дайындалған жымыскы жоспары бойынша қазактың жерін басып алу саясаты сыналып, сынға салынуда. Хрушев те орыс патшасының ғасырлар бойы жүзеге асыра алмағанын бір-ақ жылда атқардық деп мақтанды емес пе. Тек 1954-1956 жылдар ішінде Қазақстанның ауыл шаруашылығына 6 млрд. 105 млн. сом қаржы жұмсалды. Бұл осының алдындағы 4 бесжылдықта жұмсалған барлық қаржыдан 4 еседей көп. Осы мерзімнің ішінде 122 мыңдай жаңа трактор, 26 мың комбайн, 22 мыңнан астам жүк және арнаулы автомашина т.б. көптеген техника алды. Қаншама техника, қаржы, төтеп беріп көр. Тың жерді жырту жағамызды жыртумен пара-пар еді. Жұмекеннің аталған өлеңі осылай талда, түсінуге талап кояды. Тарихи шындық нақ осындағы талдауды қалайды. Тың кезіндегі қазақ халқының еңбегін, женсін Жұмекен керемет ойшылдық, суреткерлікпен түйсіне білді. Қазақ халқы тыңның бүкіл ауыртпашилығын көтерсе, тыңдағы ерлігі, еңбегі оны да биікке жеткізді. Қазақ тек қана қан майданда ерлікпен соғысып

қоймай, Москваны қорғап қалуымен қатар, еңбек майданында да өтімді іс өткөретінін дәлелдеді. Бүгілген тізесін тіктеп, тік тұрды. Тәуелсіздік бізге тыңдағы қазақтың тың ерлігімен де жетті. Тың кезінде халықтың көбісі нан үшін ағылды ғой Қазак жеріне. Ұлы сөз нан жайында Жұмекен сөздері:

\*«Сезген адам нанның нағызы бояуын

Сап-сары ғып көрсө керек даланы».

\*«Үзім нанда – тағдырлар бар, табан бар,

Жан терің бар, айналайын адамдар –

Токпыз содан. Басқаша айту маған да ар,

Нан көп дейді нанын актамағандар».

Қазак халкы, жері, ерлерінің еңбегі Кеңес халқының аузын асқа жарытты. Кім келмеді, не істемеді. Не айтпады, не естімдік. Қоюміз не көрмедин. Жаралы болса казак жері, казак жаны, жүрегі жарапанды. Жер мен тілдің езі тәркіленіп, тоз-тоз болды. Өз жерімізде өзіміз аз ұлт болып қалдық. Тың игерудің алғашқы жылдарында республиканың колхоздары мен совхоздарында, МТС-терінде тұрақты жұмысқа 20 мыңдан астам коммунистер келді. 1954-56 жылы Қазақстанның тың игеретін аудандарына РСФСР, Украина, Белоруссия т.б. республикалардан 640 мың жаңадан қоныстанушылар келді, оның 400 мыңдайы - механизаторлар мен маман жұмысшылар. Тыңның барлық зардабы, залалы қазақ еліне, жеріне әлі де ауыр жүк болып жатыр. Жаңағы Жұмекеннің «жүк» деген бір-ақ ауыз сөзі қаншама ғасырлық көркемдік жүк артып тұр. Комбайнға емес біздің жан-жүрегімізге жылдар жүгі болып құйылады. Сағат сайын. Бір тоқтау жоқ. Бұл өлең «Лениншіл жаста» толық жарияланса 28.05.1959 жылы өндіріске тапсырылған «Жас қанат» атты Қазақстан жас ақындарының өлеңдері мен поэмалары жинағында 400-бетінде қысқартылып берілген. Өлеңнің келесі жолдары кесіліп, алынып тасталған:

«Алтын тан арайында нұрланды қыр.

Дегендей, менен жомарт кім бар бүгін?

Сол қырдың баурайында комбайндар,

Сағатта жатты тиеп жылдар жүгін».

Мына жолдар жат көрінді ме редакторға, әлде астарлы мән-мағынасын түсініп, қырағылық көрсетті ме, әйтеуір осы

жинақтан бастап Жұмекен жырларының сүбелі, ойлы жолдары жариялануға жіберілмейтін науқаны басталған сыңайлы. Абайдың жәуаңмәрттілікті сипаттайтын қасиеті ретінде көрсетілген шындық, жомарт, ақылдылық алынып тасталды. Бұқаралық ақпаратта жарияланған өлеңді қысқартып, редакциялау әділдікten аттау еді. Шындықты бәрібір жасырып ұстай алмайсың. Тек, дәп осында қысқартулар ақынға, өнерге киянат жасау. Әсемдік, әділдік, әдемілік деген ақын жүргегіне жүк осылай тиеле бастаған.

«Трактордың табанына тапталды

Кетпен, кетпен, саган деген аяныш», еліне, кетпеніне деген аяныш ақынның жүргегін аяздай қарыды.

Трактор тісі жерімізді жыртумен қатар тілімізді де тілді.

«Шығынды қөтем бұлдама,

Шынныңды ұғар жан қайда:

Боразда салса, бұл дала

Ұқсайды қатпар мәндайға».

Осынау қатпар-қатпар астарында, астында қаншама қайғы, қасірет жатыр. Шынныңды ұққысы келген жоқ, ниет, пифыл басқада болатын.

Соның бәрін көтерген қазақ халқының рухы қаншалықты биік десенізші. Жұмекен қазақ халқын ең қайратты, рухани дені сау халық деп бағалаған.

Қазақтың мықтылығын мойындан Кеңес билігі Қазақстанды сол кездегі ең жоғарғы награда Ленин орденімен марапаттады. «Менің Қазақстаным» өлеңінің туу мерзімін нақты көрсету үшін Қазақстанға Одақтық ордендердің берілген уақыттарын тағы бір атайық. Екінші Октябрь революциясы орденін 1970 жылы 27 августа, Халықтар достығы орденін 1972 жылы берді. «Менің Қазақстаным» әнінің алғашқы рет ресми 1959 жылы орындалғанын ескерсек өлең 1956 жыл мен 1959 жыл аралығында жазылғандығы анық. Ал, алғашқы орден туралы осы өлеңнің екінші шумағында жазылған. Сол негізде, өлеңнің туу мерзімі 1956 жылдың қазан айы екендігі өзінен өзі шыға келеді. Өлең мәтінінің мән-мазмұны, тарихи оқиғалар, сол кездегі ақпараттар сондай дерек, дәлел береді.

Алғашқы орден тапсыру кезінде Жұмекен консерваторияда окуда. Алматының мемлекеттік консерваториясының директоры, доцент Круглыхин И.В. 1956 жылы консерватория сегізінші кезекті тұлектерін ұшырды. 38 адамның ішінде 16 қазақ. 1955-1956 оқу жылында окудан 24 студент шығып қалған, оқу үлгерімі нашарлығынан – 6 кісі. 1956 жылда консерваторияға түсуге 127 адам арыз берген, қазактардан – 48. Қабылданған студент саны – 75. Қазактардың саны- 32, оның ішінде 12 қазақ қызы. Ауылдық жерден – 4. Қазақ аспаптары кафедрасына осы оқу жылында тек қана музикалық дайындығы барларға қабылданған. Соның нәтижесінде бес–ақ кісі бірінші курсқа алынған, оның бірі біздің Жұмекен, дайындық бөліміне – 2 адам. Жұмекеннің Қарағандыда кеншілер сарайында ансамбльге қатысып музикалық даярлықтан өткені пайдалы болды. Кафедраның 31.08.1956 жылғы алғашқы жиналысына қатысқан ұстаздар: кафедра менгерушісі Жұбанов А.Қ., ұстаздар: Еркімбеков, Балғожин, Құдабаева, Иванов-Сокольский, Тастанов, Лапченков, Сабитова, Байзаков, Стианишевская, концертмейстер Попов, аға лаборант Разборова, барлық курстың студенттері. Қазақтың ұлы композиторі А.Қ. Жұбанов студенттерге осы жолы керемет үлгі енеге көрсетті. Бір-ақ ауыз сөзімен. Ол жиналысты ашпас бүрүн бәріне биылғы оқу жылын – карт ұстаз қайтыс болған Шабельский Сергей Ивановичсіз бастап отырганын атап өтіп. Марқұмның аруағын еске алып, орындарынан тұруды сұрапан. Неткен мәдениет, бекзаттық, тәлім-тәрбие. Жұмекен ғажап ұстаздарға кенде болмаған. Кенші генералдарынан соң консерваторияда да қазақ музикасының маршалдарынан сабак алып, емтихан тапсырған. Аттарын атағанның өзінен басын айналатын атақтылар: Жұбанов А.Қ., Хамиди Л.А., Шаргородский Л.М., Сарыбаев Б., Мұхитов К., Тастанов Х.Т., Мансуров Ф.Ш., Ш. Қажығалиев.

Реті келгенен кейін 1957 жылдың 6 наурызында Жұбанов А.Қ., Круглыхинның қатысуымен өткен жиналыста, хаттама номір 16, Шаргородскийдің айтқан бір ауыз сөзін алға тартайын: «Студенттер үшін оқу жоспарына қазақ халықтық аспаптарды орындаушылықтың тарихын енгізу керек. Студенттердің

білімінің жалпы деңгейін көтеру үшін қазақ әдебиетін оқыту қажет», - деп санаған.

1958 жылы 24 маусымда консерваториядағы ұстазы Османов Т. өздерінің міндегі, суреткерлерді дайындауда деген. Қандай ғажап жандар, асыл, бағасы есте жоғалмайтын ой-ұсыныстар жасаған. Жұмекен консерваторияда окуды Тастановтың класында бастаған, дирижерлік курсын дәрісін Ш. Қажығалиевтен алған. 50 жылдан соң Шамғон ұстаз өзінің шәкірті Жұмекеннің Қарағандыда өткен кешіне басшылық етіп, дирижерлік пультте тұрып «Менің Қазақстаным» әнін халықпен бірге шырқады.

1958 жылдың нөмір 17 хаттамасына сәйкес Ж. Нәжіменов емтиханды келесі құрамдағы комиссияға тапсырған: Профессор А.Жұбанов, Л.Хамиди, Т.Османов, Ф.Мансуров, Б.Сарыбаев М.Аубакиров. Оның дайындығын талдағаннан кейін комиссия төрттік баға қойған. Бұның бәрін тәптіштеп, тізбелеп қелтіруге мынандай себеп бар. Өнер мен ақын бар жерде атақ пен данқ бірге жүреді. Ақыкат пен аныз. Данқ пен дақпырт. Бәрі де бірге ілесіп, қалыспайды. Өтірігі, өсегі және бар. Жұмекен жөнінде де небір аныз тудырылған. Әркім әрқылды айттып, сан-саққа жүгіртеді. Кейде қиял мен қиянат қосақталып кетіп, көркем шеберлік құрбандағықша шалынады. Біз мұрағат құжаты мен тарихи оқиға негізінде, өлең мен өнерге, ақыкат, шындыққа жүгінеміз. Жұмекен жыры қазақтың, Қарағандының қайнаган қызыуынан, ыстық жүргегінен, жылдар жүгін көтере алған мықтылығынан жарапады. Оның өнері елім деп өмір сүрді. Жүрегі ел-жұртты жүргегімен ұғысты. Үміті мен тілегі елімен бір болды. Ұлтын ұға білді. Ұлттық ақынды ұғынуға ұмтылу, оның жан дүниесін, болмысын, бастау бұлағын тану үшін оның өлендеріндегі қолданатын сөздеріне үңілу міндегі. Санамен сарапал салыстыру. Жұмекен Нәжіменденовтің қазақтың сүйікті «Менің Қазақстаным» әніне арқау болған өлең сөзі 1956 жылы жаз айында Қарағанды топырағанда жарапады деген ойымыз, оның жыр жолдарынан туды. Қарағанды, Сарыарқа, Сарыжайлай түң өніріне кіргені тарихтан белгілі. Тың жөніндегі Жұмекеннің ойларын «Таң сәріде» өлеңі арқылы талдап, таныстырудық. Бұл өлеңнің Қарағанды топырағында 1956

жылдың маусым айының аяғы, шілденің басында туғанына ешкім дау тудырмас, қандай да бір дерек келтіріп жоққа шығара да алмас. Енді, «Менің Қазақстаным» өлеңіндегі ақын пайдаланған, қолданған кейбір сөздерге тоқталайық. Мысалы, «мықты» деген сөз. Осы сөзді таңдап алуында небір сыр бар. «Қоңыр» ұғымы мен қатар Жұмекен «мықты» деген ұғымды бүкіл поэзиясында мол қолданады.

Нәсіп апайдың айтуы бойынша Жұмекен Арқаның әндерін сүйіп, сүйсініп орындаған. Мектеп қабырғасынан музыкаға жақын болғаны оның Қарағандыда кеншілер ансамбліне қабылдаған анкетасында Жұмекен жазған. Жырларында өзі де күйіп-пісіп көмір қаздым, ән салдым деген. Мәскеу сапарының алдында тағы да арнайы музықадан дәріс алған. Музыкалық дайындығы мықты болғанынан консерваторияға қабылданғанын музыка маршалы А. Жұбановтың өзі айтып кеткен. Дыбыс, үн құдіретін, қасиетін түсінген Жұмекен «Сарыжайлау» күйі жайлы калай-қалай сөйлейді, қай сөзді қалай қолданғанына көшейік.

«Кей пернеге қадалады саусактар,  
Сол пернеде жатқандай бір сыр- тетік.  
Жаныңды, рас мазалаған, аңсатқан  
Нағыз дыбыс содан шығар бұрқ етіп-  
Күйіші сондай күлген кезде емес пе ер,  
Қайғырса да қадірлі екен нағыз жан.  
Саусақ енді бұрғы болып елестер  
Белгісіз бір кенді тауып ағызған.  
Тәттілігі жақсы қыздың назы да,  
Бірақ саған айтылды ма наз ондай?  
Мағынасы терең-терең қазына,  
Қыын сенің отырганың қаза алмай.  
Осы күйдің құбылуын еске алсан,  
Сүйіктінді көрген түстей бітіп қап  
Қор етеді,  
Енді бірде бес саусақ  
Екі шекті еңіретеді қытықтап.  
Әрі әдемі, ақ арактай тұп-тұннық,  
әр пернеде мас боп жатыр бір-бір үн.  
Түсіне алсан Сарыжайлау мықтылық,

Түсінбесең - домбыраның күмбірі».

Жұмекеннің Қарағандыға, шахтага, кеншілерге арнаған өлеңдеріндегі сөздер осында бар: «күйші күлген кезде емес пе ер, бұргы болып елестер, қаза алмай, еске атсан, ағызған, күмбірледті, күй, үн».

Дыбыс, үнді Жұмекен шахтадан алып шығып былай сөйледеді:

«...Секунд сайын ақтарылды  
қара тасқын, жаңа тасқын,  
адамзаттың еңбегі мен  
кудіретін ап қара тастың.

Жер-бір кеуде, түкпірінен  
Еміс-еміс ызындал үн,  
Ызын үндер /о, ғажайып/  
Келеді алып қызыл жалын».

Лавада еңбек еткен шахтерлердің айтуы бойынша Жұмекеннің лавада естіген үні, ызындаған дыбысы көмір қатпарларынан шығады. Көмір қабаттары алынғанда бос қуыстар пайда болады. Жердің, көмірдің басқа қабаттары салмақ салып жер өзінен өзі дыбыс шығарып күніреніп, дауыс салады дейді. Жұмекеннің ызындаған үн, дыбыс жайында жазуы көмір өндірісіне, табиғат заңына сай келеді. Өлеңде өмірдің шындығы көркем бейнеленген.

Сол жылдары қазылған забойлардың ұзындығы, көлемі бір Қарағанды қаласында болған. Жер койнауында тағы да бір Қарағанды ыстық, керемет жүректердің қызуымен қайнап жатқаны осыдан шыққан. Сол жүректермен Жұмекеннің жүрегі бір соқты. Еңбек етіп жүріп Жұмекен кенші, диханшы қүрегін жырлады.

Жұмекен:

«Жойылсын жалғыз сөз соғыс деген,

Оқ даусы мәңгілік жойылсын.

Бомбаның орнын тегістеген,

Күректер музейге қойылсын», – деп осынау күректі де құрметтеп өлеңге қосты. Ол күрек Шәмшінің мұзыкасымен,

«Бейбіт күн тілегі» деген әнге ұласып, Қарағанды кешіндегі 2005 жылдың 29 сәуірінде тағы бір шырқалды.

Жұмекен қүйші халқы ақын гой деп қазақтың қүйін, жанын суреттеді. Қазақтың қүш, қуат, әлділігін көрсетті. Мықты қазақтың қүйі де мықтылық дейді. Асыра айтты ма әлде ақын? Жоқ! Уақытында, дер кезінде. Қазақтың тарихы тұлғасына сай әбден, жеріне жеткізе, келістіре айтқан.

Ақынмен бүкіл ел, Одак, дүниежүзі келісті. Осы келісімді растайтын, Жұмекеннің «Менің Қазақстаным» өлеңін 1956 жылды 25 қазанда қағаз бетіне түсіргенін дәлелдейтін Қазақстан компартиясы Орталық Комитетінің органды «Социалистік Қазақстан» газетінің нөмір 248/10138/ 1956 жылдың 23 октябріндегі санында жарияланған мәтінді толық көлтірсек:

«СССР Жоғарғы Советі Президиуымының Указы бойынша тын және тыңайған жерлерді игеру ісінде аса көрнекті жетістіктерге жеткені, елімізде жана аса ірі астық базасын жасағаны, астық өндіруді мықтап арттырығаны және 1956 жылды мемлекетке бір миллиард пүт астық тапсыру жөніндегі міндеттемелерін ойдағыдай орындағаны үшін Қазақ Совет Социалистік республикасы Ленин орденімен наградталды...».

Мәтіндегі бізге ең қымбатты, керекті «мықтап» деген сөз. «Мықты» деген түбірден туындаған сөз, әрекет, ерлік, қасиет. Құшті, қуатты, әлді, берік, бекем қазақтың іс-қимылын беретін сөз..

Жұмекен өлеңінде бұл сөзді тікелей, тұра, нақты өз мағынасында, мәнінде былай қолданған:

«Дән егіп терлеген,  
Қазағым мықты гой».

Мықты болғанда қандай мықты, сол мықтылықты мойындалп орден беріп отыр ғой Қазақ Республикасына. Мемлекетке бір миллиард пүт астық тапсырылғаны жөніндегі хабар «Социалистік Қазақстан» газетінде 1956 жылдың 31 шілдесінде жарияланған. Осы оқиғаға байланысты аты аталған газетте 12 қазан 1956 жылды Хамит Ергалиевтің «Миллион туралы ой», Жұбан Молдағалиевтің «Біз жырлаймыз» атты өлеңдері, 1956 жылдың 24 қазанында Сырбай Мәуленовтің «Менің Ленин орденді Қазақстаным» атты өлеңі басылған.

1956 жылдың 22 қазанында Алматы қаласы еңбекшілерінің митингісінде Қазақстан КП Орталық Комитетінің секретары Н.И.Журин «мықтап» деген сөзді өз баяндамасында бір рет колданған. Ал, Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі Ж.А.Тәшенов үш рет. Жаңағы Тәшенов Ж.А. Қарағандылық Кенжин Әукебаймен таныс-туыс болған. Оны архивтен табылған Тәшеновтің Шымкенттен Кенжин Әукебайдың жары қайтыс болғанда салған көніл айту телеграмасынан анықтады.

Енді, Жұмекеннің «мықты», «мықтап» деген сөзді шығармаларында қалай пайдалғанын көрейік:

- \* «Ғасыр – ұзак сөйлемде,
- Мықты азамат – нүкте ғой».
- \* «Абай, Блок, Махамбетте мықты арман».
- \* «Кұласа егер мықтылар –

Құлайды ғой дұрыстап,

Ал, әзірше мұны да мықтылығы түр ұстап!

... Емен –мықты дегенмен

Жапырағы болмаса

Мықты емес-ау ол да аса.

Әйтсе де емен сынасын,

Құламасын жай тұрып,

Бітпейі үшін мықтылық жайлы аңыздар айтылып».

- \* «...бірер кітап тумай қалар мықтаса».
- \* «...Тағдыр мықтап салды ауыз».
- \* «...Ертенгіге үміт арту бір мықты».
- \* «...Шу етісті ел: «О, мықты Алла, мықты Алла!».
- \* «...топырағыңа біткен тағдыр – мықтырақ».
- \* «...тандаңдырған, әрі мықтап мұңайтқан».
- \* «Қария мықтап толқыды».
- \* «О, бұжолы... қайттым мықтап бір ішіп».
- \* «...ақын мықтап ширықты».
- \* «...тым мықты екен».

\* «Сол жел мықтап тәубесіне келтірді».

\* «Жел мен дауыл мықтыларға жолығар.  
Мықтылықтар қалған жерде төзіспі,  
Әлсіздердің кетеді, рас, өзі ұшып».

- \* «Әу басында назардан тыс жарапған,  
Шын мықтылық, топырағынан нәр алған,  
Күретамыр атайыншы мен сені».
- \* «Көкірегімді теуіп ойнап бір мықты ұн».
- \* «Сыйлау еken қорқудың да түпкі ұні,  
Құлдірет тұту еken және мықтыны».
- \* «Мықтылықтан – мықты ғана қорқады».
- \* «Мықты бол, ақыр болдың».
- \* «Содан мықтап жаараланды көңілім».
- \* «Сүйенеді бір мықтыға – еменге».
- \* «Сен үшін бұл қару емес мықты аea  
Ақ сор болып аттың тері жұқпаса».
- \* «Соттау керек эйелдің ерін-мықтап».
- \* «Күні-түні енбек етіп көр мықтап».
- \* «Ақша-айыпкер,  
Ақша қуә, мықты айғак».
- \* «Мықтылары мыналар:».
- \* «Білгіш мықтап тапсырды бір қанденге іс».
- \* «Кемпір мықты, қүшаймесе жөтелі-  
Келініне келін болып кетеді».
- \* «Сен ойнап ең рөлін азаматтың бір мықты».
- \* «Кішірейдің бір мықтап: кісі құнын білдің сен».
- \* «Қан қиған дос,  
өмірде кетті сенің мықты есен,  
бас имесен, тірлік жоқ, тізенді сәл бұкпесен».
- \* «Әй, мықтап бір қақсадық».
- \* «Өз шегемді қақсам деп түбі мықтап».
- \* «Осы сөз мені мықтап мұнайтты».
- \* «Мына баспен тас – мықты».
- \* «Олжас жазды мынадай бір мықты өлең.  
Мықтылығы – шыншылырак,  
Мұндырақ,  
Мұннан гөрі биғірек бұл бірақ».
- \* «Ал енді мықты болсан аяп қара!».
- \* «Мандаидан тер боп тамған әр тамшыны  
Жақтық біз көк аспанға жұлдыз етіп».
- \* «Тер шықса маңдайынан

- Білектен – күш  
 Мінеки, біздің бақыт, біздің өмір».
- \* «Бұл таудың шындарының бәрі мықты».
  - \* «Мен де мықтап қайырдым».
  - \* «Мұқалуы керек етпеп мықтының».
  - \* «Ертең мықтап түсінерің үшін де».
  - \* «Мықты екенсің, ел сирек деп иланғыз».
  - \* «Мықты екенсің, күрсіндір».
  - \* «Мен өзіндей мықты емен  
 Бұлбұл жасар шымшықты».
  - \* «Дала жұрты мәрттікті ерте ұғыпты  
 Содан шығар, жігіттің серті мықты».
  - \* «Шарап жұту болса егер өнер мықты,  
 Кесе жасар еді ғой көп ерлікті».
  - \* «Мықты жауын жайратуға ниет қылды».
  - \* «Өнерде де бір мықтап қызарайын».
  - \* «Аспан жақ боздап кетті, мықты-ақ қайғы».
  - \* «Күрес керек бір мықты».
  - \* «Мықты айтылған сөзде салмақ қалсын тек».
  - \* «Әй, жасай бер, айналайын мықтылық».
  - \* «Ең бір мықты шумағына жерленді ол».
  - \* «Туатын сықылды бір мықты өлең».
  - \* «Бір ер-тоқым ілулі тұр төрде әне,  
 Мықты болсаң соны ұмытып көр, кәне!».
  - \* «Абай деп аталыпты әлгі мықтың  
 Көп уақыт сырын ізден жанғырықтың.  
 Дән теріп даласынан дана ақылдың  
 Қабына салып кетті мәңгіліктің».
  - \* «Ең мықты бір уәйім –  
 Уәйімнің жоқтығы».
  - \* «Мықтылардың арлығы жалғыз екен дегенге».
  - \* «Абайлап гөр, тегінде үқсаған жән мықты ұлға».
  - \* «Шыққалы бір мықты,  
 Мықты боп кеттім мен».
  - \* «Алатауың – Абай жазған өлеңдей  
 Жаратылған мықты болып «өлердей».
  - \* «Мазасыз ең мықты сұрақ сықылды».

- \* «Соның үшін ырзамын:  
Білмедің сен  
Менен басқа мықты ақын бар екенін».
- \* «Кітаптардың төресі:  
Мықтылық бар сұлуларда не түрлі».
- \* «Мықты елең».
- \* «Қыын» бүгін – мықты боп құйылуда».
- \* «Мықты болсаң ақ нәрсөні қорғап қөр!».
- \* «Мықтап жек көру».
- \* «Жеңіс аты – қызыл жалау... нан деген  
Сәби ойы – айта алмайсыз бекер деп.  
Енді ойлаймыз: жеңіс! Тамшы қанменен  
Өз күшіне мықтап сену екен деп».
- \* «Мықтылық та керек екен шын осы –  
Тым құрыса, мықтымын деп жүресің:  
Осалдық та керек бізге бір керім  
Мықтылықты құндеу үшін жердегі».
- \* «Дүниедегі мықтылық арлығын».
- \* «Дала – мықты».
- \* «Туган – жер ата мықты ғой».
- \* «Аз білем әсте мен жерді,  
Тапсыншы анам мықты ғылп».
- \* «Шіркін сөз-ай, құдіретті ең сен неткен!  
Мықтысың сен болаттан».
- \* «Күн-әлемге, жер де күнге бір мықты,  
Мықтылар алды суды, құрлықты».
- \* «Темірәлі тойға келетіндерді көлікпен күні бұрын  
Қамтамасыз етуді мықтап тапсырды».
- \* «...азғантай сұлыбастан басқа пішен жоқ,  
Ол, мықтаса, он бес күнге жетеді».
- \* «...Сесенбай мықтап ренжіді».
- \* «Кызыл ит мықтап ұялды-ау деймін, анадай жердегі  
актікен- бұтаға сол жақ артқы аяғын көтеріп... кінәсін жуды».
- \* «Сауатының жұрт ойлағандай мықты емес екенін,  
ғұмырында тұнғыш рет құлай мойындал, жасып қалды».
- \* «Осындаң ақсақ көніл, ақсақ күн кешіп жүрген Әжімгерей  
қарттың халі онша мықты емес-ті».

\* «Өз мықтылығын бұрын да сезіп жүретін, бірақ нақ бұл жолғыдай жыга мойындаған кезі болған еместі».

\* «Әрі...Әрі Темірәлі сықылды мықты адамның, осындай жолы жығылып жатқан кезде ептеп кек алып, есесі қайтарып қалу секілді, асыл жандарда болатын қарапайым, быксық есеп те басына оралды».

\* «Сейсімет қара қызметті жалқы да, көппеге бірге де мықтап істеген кісітін».

\* «Өзі өз болғалы Кәмиләға бірінші рет мықтап өкпеледі».

\* «Бекенін де үлкен қаупі бар. Ол – халық алдында қарапайым, кішік бол көрінуден мықтап қорқады».

\* «Бұл осыған мықтап намыстанып еді».

\* «Шын мықты болса әндерін жүрт айтып жүрмей ме?».

\* «Үлкен кісінің мықтап қартайғанын, ағайын-туыстың қісілік қайырымына ғана сеніп тастап бара жатқанын ойлағанда бүкіл іші-бауыры езілгендей болды».

\* «Демек, ол да сенен артық, сенен мықты.

Өзіңнен мықтыны қорғап нең бар, эй?!

Ой, есектің миын жеген кекқасқа».

\* «Тек, жінішке, мықты шек саусактарын қиып тасталты.

\* «Арасында мықтап бір үн бар».

\* «Садықжанов «Қылмыс пен жазаны» тұңғыш оқығанда

Раскольниковті мықтап жек көрді».

\* «Жігіт мықтап күйзелді».

\* «Сондай болып бір жауарсың мықтасан».

\* «Мыс дегенің мықты гой қаңылтырдың қасында».

«Известия» газетінде жарияланған тарихи жарлықтың «мықтап» сөзіне қатысты орысшасы да жақсы шыққан. Онда астық өндіруді мықтап арттырғаны үшін деген сөз тіркесі былай қелген: елеулі, мағынасы маңызды, байсалды түрде арттырған. Салмақты адамдардың татымды ісі. Екі тілде бірдей үйлесіп, үндесіп бір ұғым - Қазақ мықты деген Жұмекеннің бағалауы шығып тұр. Тарихи баға. Қазақ халқын бағалай, түсіне білген Жұмекенді толық таныдық па, түсіндік пе, түсіне аламыз ба:

«Кемір қаздың,

Күй шерптің талай-талай-

Не еліктей алмадың, не қайталай,

Даралығы да емес- ау бұл тұлғаңын,  
Қырсығы емес өзінше ұмтылғанның,  
Бір жұмбак бар, мен үшін, елес мұлде-  
Түсінбейді сондықтан сені ешкім де!

Алашадан-

Атадан қозғағанда

Тұмысың да жат емес өзге адамға,

Бірақ сені өзімсіп ешкім,

Ешкім

Сейлегенін мен ғұмыры естімесін!

Себебі, сен бір тұрлі,

Бір тұрлісін,

Жүргегің – тас,

Секілді сыртың мұсін.

Сені ұқтырам демеймін мұны айтқанда

Жағымпазға,

Жалқауға,

Суайттарға.

Сөзім бардай тіл- ұшы таңдайымда,

Ойламайын десем де сен жайында-

Қиялымды келбетін тұртіп тұrap,

Сиқырың бар бір тұрлі ынтықтыrap.

Көнілдендің сен-мұлде ерек бүгін,

Жұрт секілді,

Сен де іштің - өрепкідің.

Сезем, сен де бізге ұқсап күлмек болдың,

Сол ниетінен көрінді бөлектігін.

Әзіл айттың, кейідің талай- талай,

Бездің бізден,

Еліктең, не қайталай

Алмадың сен ешкімді,

Содан-дағы

Бір ортақтық сенен де таба алмады.

Бірге жүрдік бірталай мекенге ұшып,

Тәбелесіп көрдің сен шекен де ісіп.

Өзіміздің жігітсің,

Он досының

Ортасында отырған бөтен кісі!

Өлгеннен соң көрінег өтімді ісі,  
Бөтен кісі, сен жалғыз жетім кісі!  
Сен – уақыттың алдына түсіп кеткен  
Радио-сигнал секілдісің.

«Аты жоқ» өлең деген туындысында Жұмекен өз бейнесін прототип қылып алған сыңайлы. Замандасы ортасында ол да бөтен. Себебі таланты, тумысы бөлек. Ісі өтімді. Оның тірі жүріп жер басып жүргенінен өлгені жақсы оларға. Жалғыз. Жетім кісі. Ешкімді қайталамады. Өзімен өзі қалды. Қазактың қара өлеңінің көмірін қазды. Өлең лавасынан ғажап үндер алып шықты. Небір күй кешті, сыр шертті. Үқпады. Ортасынан бөлек, бір түрлі болды. Құбылмады. Өзгелер өзім дей алмады. Уақыттан озып, өнері мәңгілікке кеткен жүлдyz Жұмекен.

Жұмекен атақты жырында мықтылықты неге бір гана қазақقا теліп, мықты деп қазакты айтып отыр. Бір миллион пүт астыққа басқа ұлт пен ұлыстардың өкілдері де қатысты емес пе. Сөз жоқ, тыңға елдің бәрі ат салысты. Алайда, барлық салмақ, жүк қазақ халқына түсті емес пе? Қаншама мындаған адамдарды қабылдады, өзі ығысып жайлауын, көлін-жерін берді. 1948-1956 жылдары арнайы құрылған ауылшаруашылық училищелерінде оқытты, тәрбиеледі, үйретті. Оның бәрі қып-қызыл еңбек, ерлік қой. Мықтылық. Мылтықты адамның мысы мұқалтпаған мықтылық. Қазақ шыдады, төзе білді. Тында тізесінен тік тұрды. Женіс туын желбіретті. Ұлт Женісінің жемісін Жұмекен басқаларға неге берсін.

«...Берем десен, құдірет, жақсыларға сыйды егер,  
ерліктерін- түзге бер,  
берекесін- үйге бер,  
женділерге- білек бер,  
жағалыға түйме бер,  
женіс берме жаманға,  
женеңе жаман үйренер?

Жаман үйренгені сол жия алмай жүр хан есін,  
әділеттің жоқтығы – күшейткен ғой дәмесін!».

Тағы да әділеттілікталап етіледі. Женістің өзі жаманға берілу әділетсіздік санайды. Құдіреттен жақсыларға жақсы істер бұйыруын қалайды.

Ұлы Отан соғысы кезінде, одан кейін де біздің қазақ ақындарына сеидер неге тек қана қазақ туралы жазасындар деп кінә қойылған. Қазақтың ерлігін айттырмаяға осындаи құлышыныс болған. Тұңғыш жеңіс туы Рейхстах төбесіне қазақ Кошқарбаев тіксе де, атағын басқаларға берді. Қазақ қаңарлы жылдары қан кешпесе «Жас қазақ» әні туар ма еді? Қазақ елінен, жерінен, қарындастан айырылмаса «Елім-ай» әні тумас еді. Тында таңғажайып ерлік етпесе «Мениң Қазақстаным» әні шыға ма, келер ме еді дүниеге? Қазақ еңбек етпесе, ерлік жасамаса тыңдағы жеңісті қазақтың қолына бостан босқа беріп жіберместін Орталық Отарлау билігі. Қемірді қазақ қазбаса Қарағанды қаласында кеншілер сарайының қарсы алдында екі қолымен шіреніп тұрып, қемір қабатын көтеріп тұрған қазақтың бейнесін ескерткіш қып сомдай ма?

«Білектегі білеуленген тамыры

Ток жүретін кабельдерден аумайды...», - деп жырлаған Жұмекеннің шахтері өзі ән салған, күй тартқан Қарағанды қаласының төріндегі кеншілер сарайының алдында қасқайып тұра қалғанын көрмейсіз бе!? Өмірдің өнегелі зандылығы деп тану керек бұл шешімді.

«...Өмір, өмір өмір деген – жолаушы гой шаналы,

Өтер әлі- ақ үлпек қарда ізі ғана қалады.

Күндер өтер, айлар өтер, өшер әлгі із жуылып,

Соңда шындал қарайсың гой өткеніңе үніліп....».

Расында да, өткенге шындал үңілсек ақынның бұл шешімі занды, негізді, тарихи пішімі еді. Айдай әлемге ақиқатты айту керек болатын. Кім үн қатады? Кімнің батылы жетіп көзсіз ерлікке бара алады? Кім бар? Қазақтың атынан Жұмекен әйта білді. Айтарымызды осы айтсын деп қазақ халқы оны өмірге әкелді. Елу жыл өтсе де ескірмеген ерлік әнін барша қазақ, қазақ елі әлі күнге шейін шырқауда. Ақын мықтап тұрып айтатын шындық әлі де бар. Абрали мен Азғыр ақиқаты ашық, айқын айттылмауда. Бәріміз Қазақстандағы атом полигонын «Семей атом полигоны» деген атауға құлағымыз үйреніп кеткен. Ақиқатына жүгінсек атом полигоны Семей қаласынан әрі шығыс жақта 170 шақырым жерде жатқан Абрали елінде орналасқан. Бүкіл атом, сутегі бомбалардың сынағы Абрали, Дегелен

жерінде өткізілген. Абралы ауданы таратылып, халқын жан-жаққа куды. Тарыдай шашты. Құғын-сүргінге түсірді. Атты, айдады. Жер аударды. Ауылда жоқ, атар танда білінбейді. Кіші Отаның – туған жерін, туған ауылдан айрылдық. 1847 жылы ұлттық азаттық құрестің бәсшысы Кенесары ханның қазасынан кейін тұра 100 жылдан кейін 1947 жылы Отарлау Орталығы – Совет үкіметі Абралыда атом сынақ алаңын ашу туралы қаулы-қарап қабылдады. Екі жылға жеткізбей алғашқы атом сынағын өткізді. Атом азабын арқалаған, адыра қалған Абралының өзі атомнан толық арыла алмай атомға айналып барады.

Тілім-тілім тілімденген, бөлініп-бөлініп бүлінген қайран қазак жері әлі күнге шейін зар құсады ыңғырысып. Атом сынақ алаңы, даланың төсін жырту, әртүрлі әскери сынақ аландары, Арап, космос айлағы, Протон ракетасы құлап гептил уы жайылған Сарыжайлау... «Галит» деген әскери атаумен белгілі Азғыр ядролық сынақ аймағы Ашақ пен Қошалақтан алыс емес. Жұмекен өзінің «Кішкентай» және «Данқ пен дакпырт» атты прозалық шығармаларында осы Азғыр мәселесін аз да болса, астарлап келтірген.

«Кішкентай», 167 бет: «Марттың соңғы аптасында жер еріп бітті. Ирекөткел, Қекқұтан аузындағы қамысты, қапалы тұстар болмаса, қалған, ашық, қалтарыссыз маң-қара. Сәскелікте, Атырау жақта шоғыр-шоғыр түтін көрінді. Өрт, қамыс өртейді. Село маңында өртке қамыстан гөрі де лайық, адамға қажетсіз, тіпті, залалды нәрселер жетерлік».

«Кішкентай», 217 бет: «Ашақ шошағының үстінде қой жабағысының пұшпағындағай көк-шулан бұлт жатыр. Бұлт төмен, көкжиекте. Сондықтан, шағылдың биік жар қабағына ілініп қалған-сынды, кете алмайды. Құнбатыс жағы қызара түсті де, кенет, көк сұрлана қойды, Әжімгерей:

- Қектеп үлгірмей курап бітті ғой,- деді.

- Шөпке індет келді, Әжеке, індет,- деді Сатым.

- Сондай бірдене жайлады әйтеуір. Құрт дейін десен – жоргаламайды, шыбын дейін десен – ұшпайды. әнеугүні осы қоңырдан қой айдап келіп ем, кебісімді бірдеме тұтып қапты. Қақсам кетпейді. Шуберекпен сұрткенде білдім: бозарып жүккәнның бері ұп-ұсақ жәндік екен, қырып салыппын. Мына

жусанды үзген малдың пысқырып қоя беретіні содан болды. Қой байғұса, әсіреле, киын, өзі де шығынсыз тұрмайтын қасқа еді. Шөпке ғана емес, шаруашылыққа, бүкіл басшылыққа түскен күрт кой бұл.

- Көктемде күншығыстан, есінде ме, боп-боз шаң соқты, жел жоқ болатын. Дауылда да ондай шаң байқаған емен.

- Апыра-ай дейсін. Сейсенбі күні сәскеде көтерілген, содан – қарт саусақтарын бір-бірлеп бүгіп санай бастайды. – Сейсенбі, Сәрсенбі, Бейсенбі, Жұма. Төрт күн, төрт түн. Құданың құдыреті, айдал кететін самал да еспей қойды-ау. Боз шаң өзінен-өзі көтерілді де, ұйып тұрып алды. Шөпке, жерге шөгіп таусылды ғой ақыры. Жұып, не айдал әкеткен ештеңе жоқ.

- Шөпті еміп қойды-ау, еміт қойды,- деді Сатым күйзеліп, Жусан мен алаботаның өзі пайдасыз.

- Қой қырылатын шығар биыл.

- Әйтеуір қой сорлы-ак ұшырайды да жатады. Қар жауса – қой, шаң жауса – қой, қонақ келсе – қой, қасқыр шапса – қой. Бәрі қойдың ажалы!

- Колхоз қойына әлгі ем-суын ішкізеді деседі.

- Бас ауруға да дәрі беретін көрінеді.

- Өй, онысы, өнбейтін шаруа. Әр отарда бес жүзден сегіз жүзгө шейін қой бар. Қайсы біріне дәрі жеткізе алады? Шетінен пысқырық, мұрындарынан желім ағып жүр. Астаулап құйған судың өзін шыдатпайды. Қой деген жалмауыз мал. Түе оның қасында – ораза.

- Бас аурудың дәрісін ішкен адам бүркеніп жатуы қерек. Содан терлейді, сосын жазылады.

- Ол – адамға ғой, кора қойға қандай көрпе жабады?

- Бекең биыл малдан шығын жасамаймыз деп уәде етіпти.

- Пырсылдатылдың үәдесін құдай-екең тыңдай қойса.

- Шығын болмай тұрмайды ғой. Анау-мынауын төлмен жабатын шығар. Қалғанын жасыратын әкт бар. Алдаудың әдісі аз емес әйтеуір.

- Егіз түгіл жалқы тумаса... алақанымен жаба ма?

- Жалқы тумағаны несі?

- Мәселен, қой атаулы қырылып бітсе, қозыны пырсылдатылдың өзі туа қоймас енді?!

- Алла сақтасын, оның беті әрмен!- деп, шошына күбірледі Әжекен қабағын шытып,- жаман сөз айтпайық та!

«Домбыра және қөсөу». Повесть. 280 бет: «Едіге талғам, тәлімге үйренген бапшыл кісі. Құй ырғағы мен қызы қылығына тәнті, әлемнен әсемдік, шынайылық қана іздейтін. Әсіреле күйге, домбырага қояр талабы өзінен, тіпті, дәүірінен биік жатты. Осы елде, өзі сынды талай күйшіні тудырған топырақта жақсы домбыра хат емес-ті. Ол барды қанағат тұтпады, жоқты табуга ниеттенді. Ақыры тапқан да сықылданған, эттең, мына бір без. Соны ойлағанда бүйрекіндегі тасы қозғалған адамдай шырт үйқыдан ынырсып оянады: Сондықтан жұрттың қоныр домбырага арнап айтқан мақтаулары жұбата алмады, қайта аурудың үмітсіз екенін көре тұрып көлгірсіген көкіменің сөзіндей жәйсіз тиді. Ғұмырының соңғы күніне шейін мінсіз ағаш іздейтінін де іштей сонда мойыннады. Сол күндерден бастап-ақ түсіне томар енетін шығарды. Дәл бүйірінде саусақ басындағы безі бар қоныр домбыра Едіге жігіт, Едіге әшіле, сол арқылы дүйім елге қырық бес жылдай қызмет етті. Уш-төрт тыс қап, қисапсыз қой шегін тоздырды. Талайды жылатты, талайды жұбатты. Бүтін Азғыр мен Атыраудың аралығындағы құм өнірінде талайдың таңдайын қактырды. Қоныр домбырасыз өткен той-томалак, сауық-шілдехана аз-ақ шығар. Әдете қазақ бұз түстегі домбыраларды «қара» деп атайды. Бірақ Едігенің дәмбырасы ел көзіне түскен алғаш күннен бастап, неге екені белгісіз, қоныр атанды. Кейінгі бір сәуегейлердің айтуынша, үніне байланысты берілген секілді. Расында, ол домбыраның даусын алғаш тындаған адамның көзіне «қонырдан» басқа түс елестеуі мүмкін емес-ті».

Бұл үзіндіні Азғыр атауы үшін енгіздік, екіншіден қоныр сөзі үшін.

Негізінде, «мықты», «коныр» сөз-ұғым Абайда да, Қасымда да бар, ол жайлы кейін кеңірек таратамыз. «Мық» деген халық болғаны жайында Жағда-Бабалықтың, этнограф, Мәшіүр Жүсіп Қөпеевтің пікірі туралы мақаласы «Жас Алаш» газетінде жарияланған. Сонда, «мық» + ты, «мықтылық». мықты қазақ шығады. «Қан»-Өлең. «Қанға кеткен жымысқы дерт бір ұры алып бітпей қоймас білем ғұмырын?!». Жұмекен анасының дерті

мүмкін Қыр елін де құрсаған сонау Азғырдың ядролық ызгарынан шығар?

Казақстандың қаптап, коршап қыспаққа алған алапат сынақ аландары қазақ халқын, ұлтын сынға салды. Алайда сағын сындыра алмады. Барлық бейнет, азап, ауыртпашылығын қазақ ұлты көтеріп келе жатыр.

Көркем туындыдағы мықты шешімнің мықтылығы шындығында, растығында. Жұмекеннің ерлігі ақиқат шындығында. Бүтін, бір халықтың үні болу ақынға тиесілі болды. Өмірдегі, өнердегі өшпес ерлік үні — Жұмекен өлеңі.

Сол күні Жұмекеннің митингіде болуы мүмкін бе еді? Әрине барған. Өзі ақын, студент, өнерпаз-музыкант, күйші болса, неге катыспайды? Әсерлі, қуанышты хабарды естігенде консерватория студенттері неге бармасын және де бірінші курс студенттері. Митингіде болған студенттер жайлы ақпарат жаңағы мақалада айтылған. Митинг Алматы қаласының сол кездегі «Коминтерн» алаңында өткен. Қазір Алматыда «Ескі алаң» деген атпен белгілі. Консерваториядан қатты жүрсөн 3 минут, асықпай бассаң 5 минут уақыт алатын 500 қадамдай жерде. Жұмекен митингіде болғаны, жаңағы сөздерді естігени, «Социалистік Қазақстан» газетін оқығанын «Менің Қазақстаным» өлеңінің кейінде жарияланған екінші шумағымен дәлелденеді.

Бұл шумак айтылмай, жарияланбай жүрген жерінен Нәсіп апай Қазақ радиосының алтын қорында сақталған жазбадан алып жарыққа 2001 жылды шығарды. Шумақтың бертінге шейін ешқандай жинаққа кірмеуі, жарияланбауы және ұмыт қалуы бекер емес. Оның да өзіндік сырьы бар. Әзірше шумақты толық келтірейік:

«Айнала қарасам,  
Асықты жүрегім.  
Заманға жарасам,  
Жарасып тұр елім.  
Біздің ел орденді,  
Көтерді туларын.  
Елмен ол тербелді  
Тербелे жырладым».

Шумақтың жолдарынан митингіге, халықтың қуаныш жиынына асықсан жасты көреміз. Жүргегі алып-ұшып халық жүргімен қауышуга ынтық. Әрбір үй зор мейрамның қуанышына бөленіп отыр. Жұмекеннің 1956 жылғы үйі Құрмангазы атындағы консерватория болатын. Елінің жарасып тұрғанын жырлайды. Заманға жарай алам ба, алмаймын ба деген ой да жас ақын көнілін аландатады. Жауапкершілікті сезіну. Ер қазактай ерлік ете алуға ниеті ауған жас жігіт. Жарлық жария етілді. Трибуна Ленин орденінің орасан үлкен суретімен көмкерілген. «Біздің ел ордені» деген ұран трибуналың бүкіл өнбойына кере тартылған. ...Күн сәулесінің нұрына бөленген Қазақстанның астанасы мейрамдағыдай безендірілген. Жапырағы сарғайып алтындей жарқыраган ағаштар арасынан алқызыл жалаулар, кере тартылған ұрандар мен транспаранттар көрінеді. Орденді ел тулары, онымен бірге Жұмекеннің жүргегі тулады. Еңбекпен енсесін көтерген ел. Суретте туған ел мен көтерілген туалар арасында тербелген Жұмекен. Республика басшыларының сан мәрте қайталаған «мықтап» деген сөзі. оның жүргегінде, көнілінде менің қазағым мықты деген мақтаныш сезіміне айналуда. Ел мен ерлік бесігінде тербелген ақын жүргегі тербеле жырлады. «Менің Қазақстаным» өлеңінің негізгі идеясы, ойы, кестесі, келісімі, өрнегі Жұмекенің жан-жүргегінде, көніл құтысында құюлы, Қарағандыдан көркем қоржынына салып алған, бидай масағындаі пісіп, жетіліп тұрған, жалындал жанып жатқан шақ.

«...Сол жалынның биіктігі  
бір қарыс па, бір елі ме –  
Әйтеуір ол құйылады  
Менің ғана жүргегіме –  
Сүйсінуші ем сондықтан мен  
Білегім мен күргегіме!..».

«Абырой алып келсем қайтер Қарағанды барып егер» деген ойы орындалып, Жұмекен Қарағандыда абыройлы болып, кенші атағы мен қоса Алматыға ұлттық ақын атағына аттады. Тура елу жылдан кейін ақын - кенші Жұмекенге «Құрметті шахтер» атағы берілді. Бұл атаққа Жұмекенді Кенжин Болаттың бастамасымен ұсынған Қарағанды шахтерлерінің көсіподагы. Халық жанының

жалыны өзінің, Жұмекеннің жүргегіне ғана құйылды. Елдің елдігін көтерерлік өлеңді дүниеге келтіру Жұмекеннің еншісіне тиіді. Ел өлең болып көтерілді.

Кеншілермен қоштасып консерватория қайдасың деп, мандолиннің қос шегіндей қос рельстің әуенімен тербелे, болашақ өлең сөздерін алқабы алтын дәнге жайқалған сардаласынан теріп бара жатты. Тек қана оның сыртқа шығуына өмір лавасының тағы бір қызу жалыны, шарпуы, шалқуы жетіспейтін. Лавадағы көмір шанының бір оқыс түскен ұшқыннан лап етіп жалында, жаңарттаудай атылатын сәті күтілді. Тебіреніс, толқу, тәтті сезім толғанысы. Ой тереңде дайын жатты, оны оттай ойнатып шығарар сезім-окиға кезі келді. Ол – елдің ерлік пен әңбек қуанышы болатын. Керемет қуаныштың бір көрінісін Жұмекен халықтық митингіде көрді. «Біздің ел Орденді» деген өлең жолдары Қазақ Республикасын алғашқы рет мемлекет ретінде Ленин орденімен марапаттағанда туған-ды. Қазақ Совет энциклопедиясындағы дерекке сай Қазақстан осы орденнен кейін екінші орденге 1970 жылы ие болған еді. Әннің Қазақ радиосынан 1959 жылы алғашқы рет орындалғаны есте. Баспасөз бетінде әннің 1959 жылы жазылғаны жөнінде пікір білдірілген. Біздің зерттеу бойынша «Менің Қазақстаным» әннің өлеңі 1956 жылдың 25 қазанында дүйнеге келіп, қағаз бетіне түскен. Өлеңге әуенің құйылуы, екеуінің үйлесім тауып ән болып жаратылуына да уақыт керек. Одан кейін оны жарайя етуге үсыну да уақыт пен мүмкіншілік талап етеді. Тоқ етерін айтқанда, өлең сөздері Орден алған қуаныш кешінде туған. Митингінің сағат кешкі 17- де болғаны ресми мақалада көрсетілген. Өлеңнің екінші шумағы сол күнді көркем бейнелеген. Митинг өткен алаң мен консерватория бір жерде. Әскери терминология қолдансақ өлең мен өмір диспозициясы, дислокациясы бір болып шыққан. Шумақтың әрбір жолы тарихи деректермен бекітіліп, дәлелденеді. Мүмкін, өлең кейін 1959 жылы жазылған шығар деген қарсы пікірге мен Жұмекеннің өлең жазудағы мәнерін алға тартар едім. 1983 жылғы күнделігінде Жұмекен «мен әу баста-ақ сюжетпен, оқиғамен сөйлеуге (немесе мысалдан деуге келер ме екен) бейімдеу едім» деп ашық жазған. 1954-1956 жылдары жазылған олендерін талдағанда сол мәнерді, әдісті көресіз. Ал, екінші

шумақ, тіпті бүкіл өлең толық сюжетке, оқиғаға құрылып тұр емес пе? Еңбегің орденимен бағалануы оқиға емес пе? Оқиға! Халық жиыны сюжет емей немене? Сюжет. Халықтың енбектегі ерлігі сюжет, тарихи оқиға болмағанда не болмақ? Қатал, қаңарлы заманда халықтың қуануының өзі оқиға саналады. Шәмші Қалдаяқов 1959 жылы Қазақ жерінің бес облысын Тың өлкесіне бөліп бермек шешімге қарсылық сезімін білдіру негізінде музыка жазып, оған сөз жазуды Жұмекенге ұсынған деген де пікірлер бар. Қазақ жерінің басқа республикаға бөлініп беру әдеті одан да бұрын орын алған. Нақты 1955 жылы қараша айында Оңтүстік Қазақстан облысының Бостандық ауданының жерін Өзбек республикасына беру мәселесі көтерілген. Ақыры 1956 жылдың наурыз айында Кеңестің Отарлау Орталығы Бостандық ауданы мен қоса Оңтүстік Қазақстан облысының «Голодная степь» деген жерінің бір бөлігін де беруге жарлық шығарған. Жұмекен Мәскеуден оралған кез. Одан Жұмекен хабардар болды ма? Әрине. Кенжин Әукебай жерді тартып алу, тарату турасында, жер құресі жайлы неге айтпасын. Қазақтың екі ұлт тағдыры туралы неге толғанбасын. Кенжиндей ірі тұлғамен екі ай қатар жұру талай сабақ болды емес пе. Музыка білгірлерінің айтуынша, марш - өзінің өктем ыргағы арқылы адамның еркін билеп, басын қосатын музыкалық форма. Ежелгі музыкалық жанр. Мұқан Төлебаевтің «Шахтер әні» маршы. Абылай ханның «Сарбаздар» маршы. Ән - ең кең тараған музыкалық шығармалар жанры, музыка және поэзия өнерлерінің ортақ туындысы. Яғни, «Менің Қазақстаным» әні Шәмші Қалдаяқов пен Жұмекен Нәжімеденовтің ортақ туындысы. Әнді жариялағанда өлеңі Жұмекен Нәжімеденовтікі, музыкасы Шәмші Қалдаяқовтікі деп жариялаған занды, негізді. Ән біреу, автор екеу. Ән марш әуенімен жазылған. Оған дау жок. Дегенмен өлеңнің өз музыкасы, яғни дыбыс үйлестігі, гармониясы бар. Өлеңнің музыкасы автор идеясы мен қосылып, үйлесіп, үндесіп поэзиялық дүние беріп тұр. «Менің Қазақстаным» әнін халықтың гимн деп айтуда тарихи негіз бар. Бар халықта, оның ішінде қазақ халқында әркез гимні, әнұраны болған. Ол тарихи, табиғи үрдіс. Жұмекеннің Мәди Бапиұлының «Қаракесек» әнін жақсы көріп, сүйіп айтқанын тілге тиек еткен едік. Ахмет Жұбанов Мәдидің әнін музыкалық

тұрғыдан қазақ халқының гимні деп бағалағаны белгілі. Жұмекеннің табиғатынан музыкант, ақын, әнші екені толық дәлелденген. Онда неге Жұмекеннің жан- жүргөндеге, көніл-көкірғінде гимн әуені Шәмшімен кездескен уақытқа шейін тұнбасы. Бұл арада қазақтың сүйікті қос таланттының мүмкіндіктерін бір-біріне қарсы қою ойы жок. Қайта осы екі қайсар қос таланттың консерваторияға бір жылы түсіп, дос болғандарын, түсінгендерін айтып, бағалау басым. Екі қазақ бір бірімен дос болып қазақ ұлтына ғажайып ән әкелді. Үлгілі, өнегелі, классикалық дүние. Екеуде музыка мен поэзияның классиктері. Өмір мен өнер құбылысы. Қайталанбас, қайтпас, ешкім аса алмас асылдар. Өнерге өмірін құрбан еткен қазақ ұлтының қаһармандары. Жұмекен де, Шәмші де жазбаша түрде әннің дүниеге келуі тарихы, уақыты жөнінде ақпарат бермей кеткен. Өкінішті. 2001 жылға дейін Жұмекен өлеңінің екінші шумағы жарияланбай, ешбір жинаққа кірмей жүруінде бір гәп бар сияқты. Жұмбак-сырдың бір шешуі, «Менің Қазақстаным» өлеңінің екінші түрінің болуында ғажап емес. Ол Ш. Қалдаяқовтың «Менің Қазақстаным» атты кітабінде, Алматы, Өнер баспасы. 1981 жыл, келтірлген мәтін:

«Менің Қазақстаным»

Өлеңін жазған Ж. Нәжімеденов.

Алтын күн – аспаны,  
Даласы- алтын дән.  
Қырандай жастары  
Қияға талпынған.  
Жайқалған орманы,  
Жап- жасыл көлдері,  
Ел даңқын қорғады  
Еңбектің ерлері.

Менің елім, менің елім,  
Көз тұндырар жерін егін.  
Партияның аясында елім,  
Қазақстан – менің Қазақстаным.

Бес жылдық жоспары-  
Бес қырдан асқаны.  
Жаңалық достары  
Біздің ел жастары.  
Алтын күн азат күн  
Жаңғыртты жотаны.  
Осындай қазақтың  
Советтік Отаны».

Енді екі мәтінде салыстырып көріңіз. Қандай айырмашылық. Мына мәтінде орден де жоқ, қазақ та жоқ. Дән егіп терлеген мықтылығы да жоқ. Ең бастысы, поэзиялық идея жоқ. Шаттық, шаттану, аттану, шалку, идеал жоқ. Негізгі, ел таныған, қабылдаған, Жұмекеннің жинағында жарияланған, алғашқы рет ән бол айтылған мәтінде идея, адамзаттық симфония санқылдайды. Музыка мен идея қосылып ләззәт беретін, жан дүниенде тебірентетін шынайы өлең ғана поэзия. Сондықтан да бұл әнді сүйеміз. Сүйкімді, сүйікті ән.

1956 жылды орденді Қазақ Советтік Социалистік Республикасына берді. Жұмекенде таза қазақ. Партия, Совет туралы бір сөз жоқ. Екінші мәтінді кім жазғаны белгісіз. Алайда алғашқы, тұпнұсқаға сәйкестіріліп жазылғаны көрініп тұр. Тапсырыс пен мәжбүрлеу арқылы жазылғаны білінеді. Бесжылдық жоспар, партия. Бес қырдан асқан деген жауыр болған сөз. Советтік Отан, көшесі де, үйі де жоқ. Жұмекен мәнеріне тән оқиға да, сюжетте жоқ. Ең бастысы, қайталап айтсақ, идея, рух жоқ!

«Әр күн сайын жана идея, жаңа аңыз,  
Біз жансақ, тек идеямен жанамыз!».

Жұмекен жазған, жанартай боп атылған ұлттық идея жоқ, жаңағы сез болған екінші мәтінде. «Менің Қазақстаным» әнінің нәрлігі, әлдігі, әрлігі, әділдігі Ұлттық идеяда жатыр. Терендіктің не екенін түсінетін Жұмекен өлеңнің алғашқы жолдарының өзін бірден теренген, тарих қойнауынан тартты. Өлең нұрын сонауғын, сақ, түркі биігінен таратты. Өлең тұнып тұрган тарихи сана, таным, тағлым. Көзі тірі қазақ ұлтының тарихы. Жаны мен күші. Қазақ ұлтының рухының жанды суреті.

Ақын айтпіақ ойын өлең сөздерінің мағыналық үйлесімі арқылы бере білген. Өлеңінің бірінші сөзінен азыз, ақиқат әлеміне әкетеді.

Сонау 1956 жылдың 22 қазан айында алтындај жарқыраған жапырақ, көктен құйылған күн нұрынан құбылып, құлпырып түрленгенде өлеңнің алғашқы жолдары Жұмекен жүргегінде түзілді:

«Алтын күн аспаны,  
Алтын дән даласы».

...Қазақтың думанды бастағанын ол жол бойы поездан өз көзімен көріп келді. Есіне алғашқы рет 1955 жылы қыркүйекте Қарағандыға келе жатып көрген егіс алқабы түсті. Кошалақ құмындағы ак шағылдай алтындај жарқырап жатқан қырмандағы астық. Шынында да, Кошалаққа бара қалсаңыз алдыңыздан алтын түстес жал-жал, тәбе-тәбе үйліп-жатқан қырмандағы күзгі бидайдай шағылдар шыға келеді. «Құм үсті бидай ақтап жатқандай бұрқырайды. Кошалақ тауының айналасы қобыраған жал-жал құм, жел кетерген жалы сынды жалғанның». Атыраудың Ашақ пен Кошалақ жағы тегінен тегін қыр елі деп аталмаған шығар. Сағымды, сайран дала, сал-дала. Ақында сал-серідей бал-бұл жайнайды. Қарағанды көміріндей қап-қара қою бұйра шашы теңіздің толқынныңдаі самал желмен таласады. Мәскеу байқауының белгісі де алтын дән болып кеудесінде жарқырайды. Қолында бағыры сол қазақтың қоңыр домбырасы, көніл-көкірегінде Арка әндері, жан-жүрегі ән салып келе жатты. Небір сырлы сезім, әуен, ән құйылады. Арман, үміт, қиял. Сағыныш, сүйікті, сүйкімді Нәсіп суреті:

«Аяулы менің жайтаңым,  
Арынды асыл білемін.  
Үнайды маған, байқадым  
Жанындаі жақсы мінезің.  
Опа, крем, бояуды  
Тенейді кімдер маскаға.  
Еді гой тандау талайғы:  
/...Алма жұз... қыйғаш қас қара.../

Бояуда бәлкім тұр өнің  
Қажет пе маган ол жағы?!  
Өзіме деген жүргегің

Боялмаса болғаны» (Лениншіл жас газетінде 1956 жылдың 17 қарашасында «Таң сәріде» атты өлеңмен бірге жарияланған, Қарағанды топырағында туған өлең).

Нәсіп апайдың Жұмекенге деген жүргегі ешқашан боялмаған. 1957 жылы Мәскеуде өтетін бүкіл дүниежүзілік жастар фестиваліне бармай Жұмекен сағындым деп аулына Қошалаққа, ғашығына оралған. Жұмекен Қарағандыдан жазған хаттары Нәсіп апайда әлі күнге дейін сақталуда. Балалық махаббат мәнгі маҳаббатқа айналған неткен саналы сезім.

Жол бойы шахтаның тар, қапас забойларынан шыққан жас қазақ Ата жүрттың кеңдігіне тағы бір мәрте көзі жетті. Қандай кең, мейірбан адам Кенжин, шахтада тағы да бір жыл жүріп өнерде Жұмекен кенжелеп қалмасын деп мерзімінен бұрын құлдықтан босатып, басқаларға кеңшілік жасатқызыды. Ақиқатына келгенде еркіндік жоқ жерде қызмет еткен іс құлдық емей немене? Әлеуметтік әділдік жоқтығы адам адамды қанауға апаратын тұра жол ғой. Өзі де алғашқы рет 34 жасында Ресейдің Свердловск-Екатеринбург қаласындағы Қазақстан-Орал өндірістік Академиясына окуға түсken. Оған дейін бастауыш, орташа, жоғары оку орындарында дәріс алмаған адам 4-жылдық академияны үздік бағамен бітіреді. Көрдіңіз бе, Кенжиннің Жұмекен айтатын мықтылығы қайда жатыр. Оку, білімде, қайрат, жігерде. Мықты мінезде. Кең болсаң осындаі кемелдік, көрегендікпен кең болған үлгі, өнеге. Кенжин кемел кеңдігінен қателескен жоқ. Өзі де, Жұмекен де қазақ өнеріне адал және қалтқысыз қызмет көрсетті. «Кең» деген сөзді Жерге қатыстыра Жұмекен шетсіз, шексіз кеңістік, кеңдік ретінде қолданып отыр. Тарихи, рухани кеңістікті, кеңдікті көздел, көркемдеген. Ақын «жер» сөзін келесідей пайдаланған:

\* «Жер! Жер!».

Әділетсіз тіл «қара» атаған жаһаннат жасыл мекен! Алланың да, періштенің де түсінік-түйсігінен бөлек, өз табиғаты, өз жолында, өзі жайлы үстем, тәкапар аспанның не сот, не үкім

құрарымен ісі жоқ, балайғы болмыстан бейхабар сұлу дүние көгілдір болашағына қарай тоқтаусыз заулайды.

\* «Жер қатпары ми қатпарына ұқсайды,

О, не деген құнтарлы едің ми біздің».

Жұмекен өлеңі жолдарының мағынасы терең-терең қазына. Мол кеннен мағына - қазынасын қазып ала алмай қиналып, қын болған қын. Жұмекен қын ақын емес, біз өзіміз қынбыз. Біз қазақ ұлты кең болсақ тарихи, рухани кеңістікпен, кешірімді бола білумен кең халықпіз. Ақын соны мензеп жазған. Жұмекеннің атакты өлеңін алғашқы программалық өлеңі деп қарастырган жөн. Осы өлеңімен Жұмекен ақын, азамат, адам ретінде бүтіндей, бар бітім болмысымен бірден келді қазақ поэзиясына. Тұма талант тұра жоғ тандап, таба алды. Өз халқын, ұлтын жете тани, ұға білді. Қазақ ұлтының, халқының мінездемесін бейнелеп, сипаттады. Қазақ ұлтының рух-болмысын білдіретін жан-жайлауын суреттеді. Кейінгі поэзия мен прозасында осы өлеңнің ықпалы, негізгі идеялары мен өрнегі көрініс табады. Бұл өлеңді Жұмекеннің программалық өлеңі деп атауымызға дәлел ретінде оның 1969 жылы шуваш ұлтының ұлттық ақыны Михаил Кузьминнің (1899-1922), лақап аты Сеспель-Бәйшешек, программалық саналатын «Жаңа күннің алқабы» атты өлеңін аударуын атасақ артық емес. Шуваш халқы осы өлеңді басқа ұлт тілдеріне аударуды өтінгенде әртүрлі ұлт ақындары өз тілдеріне аударып, бұл өлең әлемнің 50 тілінде жеке жинақ болып шыққан.

«Таңның нұрын балқытып, содан құйған түрен бұл

Күн көзінде жалтылдап билеп-ойнап жіберді.

Шықты, міне, Жаңа Күн – алтыншашақ таласып,

Жағадан ап жыртады Шуваштардың даласын.

Түрениң жүзінде жасыл ойнап келеді,

Бораздадан боразда асып ойнап келеді,

Шуваштарды, өткен бір қасіретті ғасырын,

Аударылған топырақ қалып жатыр жасырып.

Жалт қарайды Жаңа күн: оның алтын түрени

Тоңмойын ту даланы ту сыртынан іреді

Аунап ағып ақ бұлақ көк алқапқа сергіген,  
Сүйіп-сүйіп алады қара тастың ернінен.

Жалт қарайды Жаңа күн: оның болат саусағы  
Ескілікті бүйірден бүріп еді- қаусады,  
Мың-сан жұлдыз жыптырладап шөп басына ілінді.  
Шебер еken Жаңа күн: байтақ жердің бүгінгі—  
Қоңыр- көрпе қырларын жайып тастап келеді,  
Алтын ине- алтын нұр, қайып тастап келеді.

Жаңа Күннің егіні пісетін де кез келер,  
Сонда жердің қойнынан қуат құйып көзге бір,  
Өсіп шығар өзге жыр, өсіп шығар өзге өмір—  
Содан шыққан қызыл нұр жұлдыз сыйн-ды, жанар-ау,  
Жо-жоқ, жұлдыз емес-ау, жұлдыз одан қаралау,  
Ақырында күй болып күмбір-күмбір ағар-ау.

Құдіретті жүрекпен Жаңа Күнді жете ұғып,  
Кеңістікті көгілдір кеудесімен көтеріп,  
Мың күннің борышы бір күнімен өтеліп,  
Халқым Шуваш қарап-ау масаттана жәтеліп-  
Сонда құліп Жаңа күн арқасынан қағар да,  
Шуваш бақыт тапқанын бар әлемге хабарлар».

Алғашқы бағдарламалы өлеңін талдауда, түсінуде Жұмекен прозасы да көмек береді. Жұмекен поэзиясы мен прозасын, аудармасын бір бірінен бөліп қарастыруға болмас, олар тығыз байланысты, бір бәйтеректің тамырларындей. Бірақ, бұдан Жұмекен өзін өзі қайталайды, қайталады деген ұғым тумайды. Мәселе, жас Жұмекен сонау жиырмасыншы ғасырдың елуінші жылдарында өз уақытының әуенін, музыкасын естіп, өз уақытын сезінүінде. Мезгіл мәнін, ұлы ойшыл уақыттың жүрек соғысын дөп басып, дәл аңғарып, көркем келістіруінде. Жұмекен өлеңінің, өнерінің өміршендігі осында жатыр. Өленде Ақын қазақ ұлтын ұлы кеңістікке, алтын күн аспанмен астасып ұлы кеңістікке айналып тұр. Жаңағы ұлы кеңістіктегі Жұмекен өзінің қазағын көреді. Дән еken егінші, еңбекшіл қазағын. Жұмекен 1965 жылы сәуір

айында Алматыға келген Москвалық жас ақын В.П.Трофименконың «Дән» туралы жырын аударған, «Лениншіл жас» газетінде жарияланғанмен еш жинағына енбекен. Бұл өлеңнің орысша түпнұсқасын таба алмадық, Трофименконың сол кездегі кітаптарында басылмапты. Жұмекеннің осы аудармасы «Менің Қазақстаным» өлеңіндегі «дән» сөзін тамаша талдап беруінен, өлеңді талғампаздықпен тандағандығы байқалады:

«Сап-сары дән, сары дән-  
Көрген көзді сары жездей қарыған.  
Сарғыш сәуле қатыпты да тас болып  
Сарғыш дәнге айналған?  
Күннің сарғыш сәулелері үзіле  
Тамып жатыр сарғыш дәннің жүзіне—  
Алтын дән!  
Жердің төсі - жасыл тамыр толқынды,  
Жапырақтардың білеу- білеу тамыры—  
Табиғаттың әмірі...  
Дәnde бүкіл геометрия табысқан,  
Дәnde - күннің логикасы данышпан  
Ақ сәуледей жып-жылы  
Байланыс бар керемет  
Дәнмен осы арасында қарынның,  
Кара мақпал тұн қойнынан  
Жарқын сәуле ағып тұр  
Сап-сары дән жінайды кеп  
денесіне жарықты  
Күн де өзінше жүрек қой,  
Бүкіл дүние – кеуде бір,  
Сап-сары күн көтеріліп келеді,  
Сәулесі оның – сары жіп  
Жабады Жер арқасын,  
Бүкіл әлем ұстап жатыр сол жіптен  
Сәби құсан, уыстаған  
Анасының сары шашын.  
Мен жырлаймын әлемді осы, ақылды,  
Менің ақылымсыз-ак.

Жақсы өлеңді тынбай жазып, қатырды  
Ақындарды күншуақ.  
Мен егінші, не бір ақын болайын,  
Жарқыратып себем дәннің жұлдызын.  
Лапылдаңды дән-дағы,  
Қырман – қызыл, күн – қызыл,  
Көз гой- менің жарығым,  
Содан кейін... еңбегім,  
Мыйдың өзі.. сиып тұрған әр үғым—  
Күннің – күні жарықтардың жарығы».

Лапылдаған дән, бидай үйілген қырман... көбіміз көрген көрініс. Жұмекен дән сөзін өзінің шығармасында біршама енгізген:

- \* «Дәрі сынды болған кезде дән үнем».
- \* «Енді дән жоқ бұ қартта! – дейді тағы кемпірі».
- \* «Дән секілді моп-момының».
- \* «Жаса, жаса, қауыз жарған жаңа дән,  
оттан жаңа суырылған таба – нан!  
Дәннің дәмі,  
нанның ғажап иісі бар –  
жаңаның да, даланың да өзі иісі бар.  
Кім біледі дәмнің өзі күй шығар,  
иіс те бір күй шығар».
- \* «Тұып ем бауырында кер төбенің,  
Сондықтан дәнім пісті ерте менің».
- \* «Сұлу дән».
- \* «Дән теріп даласынан дана ақылдың қабына салып кетті мәңгіліктің».
- \* «Бір түйір дән аунап түсті құмдағы».
- \* «Илияс еккен ақ бадана сөз дәнін».
- \* «Егіп кетсе сөз үнін».
- \* «Бидай ақтап жатқандай бұрқырайды құм үсті».
- \* «Құм шағылдар үйілген алтын қырман секілді».
- Содан кейін... еңбегім дейді Трофименко-Нәжіменов. Еңбек астарында ерлік, аржағында ел аңсаған еркіндік. Сеспель-Бәйшешектің өлеңін аударуда Жұмекен өз жанынан оның өлеңіне өз ойын енгізіп байыта түскен. 1920-1922 жылдары

жазылған өлеңде анық, айқын айтылмаған ойды Жұмекен асқа ~~н~~ шеберлікпен, көрегендікпен келістіріп жіберген. Жаңа күн келді, рас. Егіні оның пісер. Жетілер. Міне, сол кезде жаңа күн емес, өзге жыр, өзге өмір есіп шығар дейді Жұмекен. Сол өмірде ~~н~~ шыққан қызыл нұрды жұлдызға баламайды. Ақын қызыл нұрды жұлдызға балағысы келмейді. Жұлдызды нұрдан қаралау санайды да, ол нұр күй болып күмбір-күмбір ағар-ау дейді. Және ~~е~~ де ақырында деген сөзді пайдаланады. Шумақтың соңғы жолында «акырында» сөзін қолдануы оның айтпақ ойы ~~н~~ білдіреді. Ақырында деген сөз: аяғында, соңында, түбіндегі сөйтіп, сонымен, не керек деген мағыналада білдіреді. Революция соңынан эволюция жолымен тәуелсіздік, егемендік келуі керектігін білдіреді. Сөздердің орындары осындағы ойды ~~н~~ кисынын қызыстырады. Бұндай талдау жасауға Жұмекен шуваш, орыс тіліндегі «интернационал» деген сөзден бас тартығы, күмбір-күмбір күй ағызғаны да себеп. Бұл жерде қазақ ұлтыңға ғана тән күй өнерін таңдал ұлттық мемлекеттің сипаты ~~н~~ белгілейді. Революциямен туған жаңа күн өзімен бірге өзге өмір, өзге жыр шығатын негіз әкелді. Бөтен, басқа, бөлек жыр мен ~~н~~ өмір. Тіршілік өзі өзгеріп тұратын құбылыс. Тоқтау, толас жоқ бір қозғалыс. Өмір заны өзгеріс, даму, өсу. Мәңгілік ұғымы ~~н~~ өзгерісте. Уақыт өмір өлшемі. Біз басқамыз, өзгер өмір. Өлеңні ~~н~~ бір ерекшелігі, Сеспельдің айтқаны келіп Шуваш ұлтынын ұлғы Аандриян Николаев қосмосқа ұшты, алтын күнді киімімен жарқырап. Тәуелсіздік таңы атқанда Тоқтар ұшты космосқа. Адамзаттың ғарышқа құмарлығы қайдан шыққан. Аспан біздің неге шақырады? Тұп иемізді көксеуден бе? Оған қайтпақты ойға алғаннан ба? Аспан несімен қызықтырады адам-қыранды?

Арман, үміт, өмір жетелейді жаратқанға. Аспанды тесейі ~~н~~, әрі біз өтейік, ақтарып ішкі сырды бір көрейік. Бір аллаға берім мәлім, құдіретке көнейік.

Жаңағы өлеңнің бірінші шумағында Жұмекен «Жаңа күн жағадан ап жыртады Шуваштардың даласын» деп аударған. Жаңа келген жаңа күн жақсы болса даланы жағадан алып неге жыртады? Қазақ тілін еркін ерекше менгерген ақын емес ~~н~~ Жұмекен, әрбір сөзді кисынына қарай қолданатын. Қазақта жаға сөзіне байланысты ұғымдарды тізбелеп көрейікші: «Жағада ~~н~~

алу. Жағаға жармасу. Жаға жыртысу. Жағасын ұстады. Жағасы жайлана кетті. Жаға буды болды. Шең жағасы. Жағалы киім. Жағасы кеніді. Бір жағадан бас. Бір жеңнен қол шығарды».

Жаңағы талданған сөз тіркесін қолдану арқылы Жұмекен жана қүннің жақсылық та әкелмегенін мензегендей. Жұмекен мына сезіне көніл аударынызшы: «...бұларды сәл қысынқырап ұстамаса жағанды жыртып, шұлғау етуден жұз жанбас».

Жағадан ап жыртудан бұрын жана күн шығады - алтын шапақ таласып.

Талас. Таласу. Тартысу. Дау, керіс.

Тұрен жүзіне неге жасыл ойнатты. Жасыл дегеніміз жасын, наззагай, жай оты. Жасын жазықтыға да, жазықсызға да бірдей түсе бере ме?

Тоңмойын - өз айтқанынан басқаға көнбейтін бірден-бір қыңыры.

Әйтеуір, осындай сөздерді пайдалануда Жұмекенде біз ойлағандай мән жатыр. Талдау түзу түзілді. Сеспель мен Жұмекен өлеңді жазғанда басқа ойда, көркем шешімі өзгеше дерсіз, алайда алғашқы ойдан алшақ кетті деп тағы да айта алмайсыз. Оған ешқандай да хақымыз жоқ. Жұмекен өзі өлеңді ұғына біл, әр тенеудің ығына ой тоқтатар оқырман бол деген. Жұмекен аудармасы мен басқа өлеңдерін салыстыра отырып осындай тұжырымға келеміз. Өлеңнің желісі осыған саяды. Бұндай талдау ақынды, оның жан-дүниесін, өзіндік әлемін түсінуге талпыныс.

Мұрагатта кездестірген Қазақстан Жазушылар одағының поэзия секциясының 1963 жылы б қыркүйекте откен мәжіліс хаттамасы Жұмекенді түсінуде оның жан-дүниесіне, жүргегіне үңіле білу қажет екендігін ұғасыз. Сол күнгі жиынға қатысқандар: Қалижан Бекхожин, Сырбай Мәуленов, Аманжол Шамкенов, Габбас Жұмабаев, Тұманбай Молдағалиев, Әбіш Кекілбаев, Мәдеш Ниязбеков, Жұмекен Нәжімеденов, Сабырхан Асанов, Қайрат Жұмағалиев.

Күн тәртібінде: Ақын Жұмекен Нәжімеденовтің жана жинағын талқылау.

Баяндамашы – ақын Т.Молдағалиев: «Ақынның ~~бұл~~  
жинағымен былтыр танысқам. Биыл жаңадан Москва циклдары ғана  
көсіпты».

F. Жұмабаев: «Жұмекен байсалды, ойшыл ақындардың жаңадан  
катарына косылып қалғаны байқалады. Өлеңнің әрбір шумағында үлкен ой айтуға талпынады. Бұл қуанарлық ~~жай~~.  
Әсіресе философиялық ой толғаулары қатты ұнады. Жұмекенде афоризм болп кететін жолдар, шумактар кездеседі (мысалда ~~ра~~ р келтіреді. Хаттамаға түсірілмепті).

Жұмекен өте скромный ақын. Біз жылы сөз айтқаңға дандайсып кетпеуге тиіс. Сонсон Жұмекен форма жағынан ~~кең~~ ізденеді».

Қ. Бекхожин: «Бұл жинақ - жақсы жинақ. Жалпы, Жұмекенде өлеңдерінде күйректік (сентиментальность) байқалады. Бұл ~~са~~ ж болатын жайт».

С.Мәуленов: «Бұдан бес-он жыл бұрын болса мұндай жинақ жайлы әңгіме басқа болар еді. Үлкен үміт күтетін ақынға койылар талап та зор. Жұмекен терең ойға беріліп, ерте қартайып барады. Бұрқанып, сілкініп, үшқындалап, наїжагайдай жарқ ете қалу аз».

Қаулы: Ж. Нәжімеденовтің «Өз көзіммен» жинағы баспаға ұсынылсын.

Мәжіліс ағасы: С. Мәуленов

Хатшы: Қ. Жұмағалиев.

Осы хаттамада аса көніл аударалық сөз С. Мәуленовтің сөздері. Неге әңгіме басқа болар еді? Сыrbай ақын нені мендерін айтты екен?

Жұмекен ерте қартайып бара жатқанын қалай ~~аңгарған~~? Терең ойға берілу. Жұмекен мінезіне сипаттама берілген. Жұмекен өзі не дейді екен осыған:

«Даңқтын, даудың, дақпырттың

Ың жағын алып келіп едім.

Бейне бір шөкім ақ бұлтпыш,

Куаламашы, жел, мені.

Қалықтайыншы аз уақыт,

Ақша бұлт екем бір ұрттам.

Қанатымды от қып маздатып  
Бір көрінейін ымыртта.

Жап- жасыл көкте ақ мен боп  
Көрінейінші мен жұртқа.  
Күркіл мен жарқыл жоқ менде,  
Несер де күтпе сондықтан.

Қарайын саған, кең өлкем,  
Биікте тұрып қарайын.  
Тоқымдай ғана көлеңкем  
Төсінде жатсын қарайып.

Жайыма, Тағдыр, қарайла,  
Текпесем нәсер қалышылдап,  
Тама алмай жүрген талайдан  
Тарыдай ғана тамшым бар».

Мына өлең жолдары сол күнгі әңгімен кейін туған деуге толық негіз бар. Бұл өлеңнің туған күнін 1963 жылдың 6 қыркүйегі деп белгілеу жөн. Жаңағы С. Мәуленов, Қ. Бекхожиндай ақын ағаларының сөздерін жан жүрегінен өткізбейі мүмкін емес. Жұмекен қазақ поэзиясына келуін межемен 1954 жыл мен 1956 жыл аралығы деп қарастырсақ небәрі он жыл ішінде жас жігіттің қартайып бара жатуы тым-ақ қызын екен. Және де оның себебін Сырбай ақын қалай анық, айқын көрсеткен. Үлкен ақын, азамат, соғыс ардағерінің баласындағы ақынды бағалауы қандай десенізші. Түсінумен бірге аяушылық, Жұмекеннің тағдырына ара түсушілік сезімі сезіледі. Екеуі де Қошалақ құмынан шыққаннан ба? Жұмекен Атыраудың Қошалақ деген ауылынан. Құмды ауыл. Сырбай ақынның туған жері Торғай ауылының маңында орналасқан құмның атауы да - Қошалақ. О, қандай гажап сәйкестік: Қошалақтың қос қыраны. Қостанайдың Қошалағында XIX ғасырдың орта кезінде Кенесары ханының ордасы болған. Жаңағы Сырбай ақын сөзі өз заманын жақсы білген адамның, азаматтың сөзі. Өлеңінде Жұмекен Сырбай ағасының «бұрқанып, сілкініп, ұшқындал, найзағайдай жарқ ете қалу аз» дегеніне жауап берген. Жарқын,

ашық аспан көгінде Жұмекен жүртynа ақ мен болып көрінбекші.  
Ақ бұлттан нөсер туда ма? Құркіл мен жарқылды жаратпайды  
жанағы ақ мен. Қалышылдап нөсер төкпейді. Ақын жайына  
карайлауды өтінеді. Өтінішін тағдырына бағыштайты. Неліктен  
тағдырға? Тіршіліктегі Жұмекеннің тұрмыс-салты сыпайылық, ол  
әдетіне айналып, азаматтық, ақындық мінезін қалыптастырыған,  
мінезі өзіне ғана тән тағдырын да анықтады. Даңқ, дау,  
дақпырттан бойын аулақ ұстады. Тағы да Жұмекен сөйлесінші:

«Ұлым, менің тұйық бол,  
Тындырганым шамалы,  
Жырым жетсе биікке,  
өзім жетпей қаламын.

Көп жүйрікті тергер де ем,  
«Шабыс па осы» деп кейде,  
акылым жеткен жерлерге  
қызыл тілім жетпей жүр.

Мені де демеп топ алды,  
Сөйлер ем- ау білгірсіп:  
Жібермей қойды оған да  
Сыпайылық деген бір қырсық.

Жібермей жанға ақымды  
Тұрап ем тікенше қадалып бір:  
Болсам мен бұдан да ақылды,  
Бұдан да болсам талантты».

Сатылмайтын өнерге Үлкен талаптың керек екенін білген  
Жұмекен, талаптанып жүріп жұмыс үстелінде табылған өмірдің  
соңғы сағатында да, ақыл мен талант кемдігі емес, уақытынан  
озып туу. Ақылы асса да қызыл тілін беземеді. Топтан, тобырдан  
бөлек болды. Демеуін, дем беруін күтпеді. Сыпайы болмыстан  
танбады. Бұл әркімге бір қонбайтын қасиет. Тұйық емес,  
тұнгиық, тұнық еді. Жыр дүлділі, тым биік тұрған соң тоғышар  
қауым оны қабылдамады. Талант тегеуірінен, тергеуінен  
корықты.

1960 жыл 24 қыркүйек. Қазақстан Жазушылары одағы.  
Поэзия секциясы.

Жас ақын Төлеген Айбергеновтің жинағын талқылау.

С.Мәуленов: «Төлеген өлеңдері маған ұнамады. Тілді үйірер дәмі аз. Қайталаулары көп».

Қ.Шаңғытбаев: «Сырбайдың пікіріне қарсымын. Бұл жігіттің өлеңдері ұнады маған. Баспаға ұсынылсын».

Т. Айбергеновтің жинағы 1962 жылдың жоспарына енгізілді.

«...Самарқау ел – қазақ елі деген ел:

түссе- дағы осы қазір төбеден

Хақтың өзі екі аяғы салбырап-

Танымайды, таңданбайды,

Ал, бірақ

Ақын болды Айбергенов Төлеген

Кетті айтылмай сол жыршының ішінде ой,

Айтылғаның қор еттіндер түсінбей.

Бағаламай қорладың көп асылды,

Тани алмай өлтірдіндер Қасымды...».

Жұмекеннің «Тағы біреу оқыды» деген осы өлеңіндегі артист ақын сезінің жаңы бар-ау. Өлең жолдары XX ғасырға нағыз айыптау қорытындысы. Қол қойып, бекітуші Жоғары мэртебелі - Уақыт. Сот тәрелігін атқарушы алқа заседательдері - Халық. Үкім етуші - Алла. Әділ қазылық талап етуші ақын. Әділдік жөнінде Жұмекен көркем шығармаларында не делінген екен, енді соны бір байқайық:

\* Әлдебіреудің неге болсын беріле, құлай, ессіз иланғаның көргенде қарт өзін, кемінде ширек ғасырға, жас сезінетін. Бұжолы дағдысынан да аса көнілденді. Қараптан қарап қунап, тыңайып сала берді, куантқан Темірәлінің хаты емес, ішіндегі мына бір сөздер-тің: «....әділет табам, қалай да табам. Ол бар. Сізге, Сіз сықылды басқаларға қарап һәм етем. Табатыныма анық қозім жетеді. Әкесін танытып тұрып, іздеймін». Осы жерін қайта-қайта оқытты. Мәз боп, сүйсініп, тіпті, масайрап тындағы. Ішінен Темақанды мақтайтын, сол секундтегі ой-сезімнің үстінен дәл түсетін, бәрін бір-ақ тұжыратын өткір, бірден өңменге өтетін жалғыз сөз іздеген, таппады. Жанарынан, ешқайда соқпай, тура мұртына құлаған көз жасының тамшысын

жалап алды. Тәтті сияқты. Әлде... іздеңен сөзі осы ма? Өстіп, өз-өзінен ери, балқи отырып: «Жігіт!» деді. Тағы бір қайталады: «Жігіт!».

Әділет, әділдік. Адамзаттың әрқашанда шарқ ұрып іздейтіні. Жұмекен бұл ұғымға қаншалықты мән бергендігін романдағы негізгі бейне Әжімгерей, прототипі өзінің үлкен әкесі Нәжімeden, арқылы білдіріп, авторлық көзқарасын жария етуде.

\* «Көп ғалыммен амалсыздан төзістік».

Ақын мен ақындық адам ғылымынан жоғары тұрады деген пікірімізді Жұмекен де ұстанған. Амалсыздан төзу. Шынтуайтында, ақын өлеңінде ештеңені дәлелдеп жатпайды. Ақын сөзі әрқашанда нысанаға дөп, дәлтүсіп жатады.

\* «Сондықтан, қанша қырланың қара істен ақау іздеу - әділет әпермейді».

\* «Қанаты аққа қайғы мол».

\* «Әділетсіз тіл «қара» атаған жаһаннат жасыл мекен».

\* Бірақ кейбір дауылдардың заны әділ,  
әділ, әділ, әділ менің заманым;  
әділдік те болар еді далбаса  
анды-санда сілкіп-сілкіп алмаса».

Абайдың 38 қарасөзінде «Адам баласынан махшарда сұрау алатұғын қылып жаратқандығында һәм ғадалет һәм махабbat бар» дейінген. Адамдықтан кеткен тұста әлеуметтік әділдікке сұраныс туады.

\* «Қайғысына әйелдің қарап тұрып қатайдым,  
әділдікті мен неге қаталдық деп атаймын?!

Сенде,

Сенде өшім бар,

Көзімде улы күлкім бар,

Топырақтан басқаға тоя алмаған құлқындар!

\* «Бұлінгеннен бұлдіргі алма» деген сөз әділ,  
эттен, эттен, әділет, сенің де бар өз әлің:  
кей қуатты шенгелде жыртылсаң сен жең болып,  
ешкім сілкіп тартпай-ақ мен – жаға боп тозамын,  
Қылмыс деген – қылмыс қой,  
Ауыр ұғым немесе,  
Жазаламау қылмысты – ауыр қылмыс он есе».

Әділлің жең болып жыртылуы «ғаламнан жиылсын, маған құйылсын, отырған орныма ағып келе берсін» деген ниетпен «мал, мактән, ғиззат-құрметке» табынып іздеу барлық қылмыстың бастауы. Жең жыртылған киім жөнделер, тән жарақаты, жан жарасы жазылар, жаға тозбасын. Жаза тартпаған да жаңылар. Жала мен жаза бір өзіне жабылар. Әділдік жоқ жерде жабулы қазан жабулы қалмас. Уақыты келе бәрі де жазылар.

Уақытқа қатысты сөзді Жұмекен қалай қолданғанын келесі үзінділерден көреміз:

- \* «–Папа,- деді,- уақыт жоқ кіруге».
- \* «Есімі – уақыт, кәсібі – бет ашу».
- \* «Көңілге қарайтын уақыт па қазір».
- \* «Аласапырандау уақыт».
- \* «Уақыт белгісіз».
- \* «Уақыт үшін соның көбі- ақымақ Саудагер де, президент те ақымақ».
- \* «Уақыт шіркін қорқытушы ед жай қайдан:  
«қара қағаз»  
Бригадир бар...  
«Айғай бар».
- \* «Даланың кендігінен бе, уақыт та шабан жылжыйды».
- \* «Інірде қарт уақыт етті».
- \* «Әйтеуір бір карау, әйтеуір бір уақыт өткізу, жол ұту».
- \* «Ал, уақыт бұл сын-ды тұрлаусыз желаяқ жандардың қандай да ұят, лас, ешқандай моральға сыймайтын тірліктерін актайтын жаңа сөз, философия тауып берді: «Жизнь такова».
- \* «Бірен-сарап дос, жанашыр адамдар уақыт ағысының тым асау екенін Елікке анғартып еді».
  - \* «Бір күні сыптырмайтын маска болмайды. Мезгілден күдіретті құдай бар ма, Адамды – Сайтан, Сайтанды – Адам ететін сол».
  - \* «Уақыт – ұстаз».
  - \* «Уақыт қайда көнетүғын ыңғайға».
  - \* «Негізгі қүре тамырын мезгілдің».
  - \* «Уақыт салыстырсаң жас мұлде күн де, жер де, құдайлар да – бәрі де».

\* «Уақыт, уақыт! Басқа сыймас көп ұғым, уақыт сыйды құшагына уақыттың».

\* «Аспаннан, ауадан, дірілден,  
Уақыт жүйкесін түсіндім».

Тану мен түсіну. Ақындарды көптен қорғау қорын құру керек деген пікір осы өлеңдерден шығады. Қанша тырыссақта түсіне алмай, танымай жүргітта қалып барамыз. Түсінбей және кор етеміз. Ештеңені танымаймыз, таңданбаймыз. Самарқаулық па, әлде сауатсыздық басым болып бара ма? Жаңа ақпараттық технология өсken сайын оқырман ~~саны~~ төмендеп, лириктер қатары сиреп барады. Абай айтқан ~~уайымсыз~~ салғырттық па әлде? Өтірік, өсек, ұрыс-төбелелепен адамдардың бойына қорлық келтірдік. Сөз қадірін кетірдік.

Жаңағы жазылу уақытын мен 1963 жылдың 6 қыркүйегі деп белгілеген өлеңде Жұмекен «жел» деп қатал заман заңын айтып тұр. Сыrbай ақын «бұдан бес-он жыл бұрын болса мұндай жинақ жайлы әңгіме басқа болар еді» деген сөз төркінінен, төңірегінен уақыт ызғары сезіліп тұр.

Ал, Жұмекен: «Мениң далам, дей берем, менің елім, - бұдан өңге осы мен не білемін» дегеннен басқа артық не айтыпты. Аспан, күн, жеді Жұмекен міне былай сипаттайды:

- \* «Көк етегін көтерген күн».
- \* «Аспан: уылжыған, жомарт, сабырлы, қара, ағала, кәрі, тұнгі, көкбет, туған, тылсым, боз, мәлдір».
- \* «Ақ марал ай».
- \* «Сәүле-сұлу жаланаш».
- \* «Әзәзіл жел; бұралқы жел».
- \* «Самал, самал, сері самал, сөл самал,  
Самал жұтып, сана жұтып тамсанам.  
Бұл өмірде қайғылы еken қанша адам,  
Бұл өмірде бақытты еken қанша адам».
- \* «Ақша бұлт аспан қаймагы,  
тасқыны, түбіті, сендері, қабағы».
- \* «Жасаураған көкжиек».
- \* «Шаның өзі күн алдында алтын шаң».
- \* «Кейде аспаның онып кеткен мақпалдай».
- \* «Жатыр дала аяқталмай, басталмай».

- \* «Еңбек деген махаббат қартауды білмейді».
- \* «Көтер жүрек дүниені шабыт қып!».
- \* «Тас тәбеде ұңірейіп аспан тұр,  
Ақ тісі жоқ ауызында кемпірдің».

Өз замандасы жас Жұмекенге ел көзінше Сырбай ақын ашып, таратып, талдап айтпаса да оның Үлкен талант, Үлкен талап иесі екенін атап өткен. Үлкен үмітті тек қана Үлкен ақыннан күтүге болады. Сырбай ағаның Жұмекенді кезінде бағалауы, тануы осындағы болған. Үлкен ақынға зор талап қойған. Оның амандығын тілеп, сақ болуын қалаған. 1963 жылы Жұмекен небәрі 27 жаста. Қайта айналып келмес жиырма бес белесінен жаңа асқан. Қаңарман жауынгердің қырағы көзі жас қыранның ерте картайып бара жатқанын шалып қалған. Қошалактың қарт баласы естерінізде ме? Терең ойдан алып шығуға талпынған. О, қайран қимас көніл, қарындаст-бауырмалдық. Қatal заманға карсы тұрар қолынан еш қайран келмесе де, ағынан жарылып, ағалық ашық көнілін паш еткен. Үлкен талант Үлкен талантты әрқашанда танып, бауырына басып, баули білген. Ұстанар тағым, үлгі, өнеге. Жұмекен жанып кетсе де ең біекте, көкте қалықтауды таңдалты.

Жұмекен өнерінде өзіндік ойлау ерекшелігі, пайымдау жүйесі болғаны бастапқы өлеңдерін кейінгі көркем сөзімен салыстыра зерттегендеге айқын аңғарылады. Онда өмірге, тіршілікке жаңа поэзиялық қозқарас жас кезінен қалыптасқан. Мысалы, «Мениң Қазақстаным» өлеңіндегі «кен» екен жер деген жолды талдау барысында кеңістік жөнінде сөз қозғадық. Кен сөзіне көз тоқтатып қарағанда тағы да бір екінші мағына білінеді.

Айтпақ ойымыз бірден түсінікті болу үшін өлеңнің екі жолын ұсынайық:

«Кен екен жер деген  
Жерге дән шықты ғой».

«Кен» сөзі қазақ тілінде мейірімді, мейірбан деген ұғымды да білдіреді. Жұмекен мейірімді, мейірбан Жер ана тесі іп мол астық берді. Қазақ ұлының еңбегін зая кетірмеді, ұятқа қалдырмады бүкіл әлем алдында деп ризашылығын білдіреді. Дән шықты. Қазақ рухының, еңбегінің, ерлігінің дәні өсіп-өніп шықты.

Мінекейініз, осы екі жолда қандай ғажап мағына бар. Қалай табынбайсың суретші шеберлігіне. Бір-ақ ауыз сөз. Ал, қаншама мән-мағына салтанат құрып тұр. Жерге иіл демейді пенде алдында. Өзі иіледі жер анасына. Адамдарды асырап отырған Жер-Ана қадірін түсініп тағзым етеді. Таңғажайып тағлым. Тұркілік таным. Ежелден егін өсіріп өндірген халық емеспіз бе, сонау сақ, ғұн заманынан. Еңбек, егін егу мәдениеті ең жоғарғы деңгейде болып, бүкіл Жібек жолы бойындағы қала базарлары сар даланың алтын дәнінә толып, көз тұндыратын. Жұмекеннің суретшілік шеберлігі алыс-алыс ғасырларға құлаш ұрады.

Өлеңді бірден «Алтын құн аспаны» деп бастауының өзі таланты толысқан тұлғаның биікке самғауын білдірсе, «Алтын дән даласы» деуімен өз заманын әспеттейді. Думанды бастаған далама қараши. Әрине, егін шықса, еңбегін еш кетпесе кең байтақ жазық өнірде неге ойын- сауық, қызық, тамаша құрмасқа. Еңбекші қазақтың ерлігінің салтанат құруы бұл думанды бастау. Дән егіп терлеген қазақ тойламаса кім думандатып, шаттанады!?! Ерлік-енбектің пісіп тұрган күйін, дән мен тер арқасында сыртқа шығып көрініс беруін суреттейді өлең жолдары. Ақынды өмірдің, тіршіліктің дәnde оянуы куантады. Құштарлық пен қобалжу қатар келіп дәnde өмір ұрығы жаратылуда. Қаншама еңбек пен тер жұмсалды. Жаңа өмірді халық күтулі. Үміті шыққан егінде. Қол жетпес арманына ұмтылды. Оны Жұмекен “Жерге дән шықты ғой» деп бір деммен береді. Лавадан сыртқа ұмтылған жаһындағы кең байтақ өлкे алтын дәнмен жайна- жайқалды. Өмір жаратылды. Дән де, Жұмекен де еңбектен шықты. Қазақ рухынан жаратылып шықты. Ұлт өз болмысын бар қалауы, ансауы, арманы, ансарымен ұлы еңбекте көрсетті.

Өлең қайырмасында ақын өзін-өзі көрсеттіп мына ел, мына жер маған тән, тиісті, өзімдікі дейді. Осы ел, жер үшін гүл болып егіліп, жыр болып төгіледі. Мәңгілік ел, тәнір елі үшін. Эмоциялық әсері ғажап. Сезімге, санаға тікелей жол салып, жан тебірентеді. Тарихи сана мен танымға тартады. Жұмекен өз дәуірінің жан дүниесін, болмысын бере білген. Әрбір дыбыс, әрбір сөз, сейлем, тармақ, шумақ бірігіп келіп бір бүтін дүние әкелген. Ол қазақ ұлтының рухы. Осы ән айтылғанда бәріміз бірігіп кетеміз. **Бұл-бірлік әні**. Бірлікке, ерлікке, елдікке

баулу әні. Еркімізге билік етіп, басымызды қосады. Жеке тұлғаның өз елімен саяси-этникалық сәйкестілігін терең сезінуіне ықпал етеді. Құқық пен міндет бірлігі. Қазақстандық патриотизм принципіне қызмет етіп жүрген ән. Конституция нормасына, идеясына сай ән. Байырғы қазақ жерінде мемлекет құрып отырған ел азаматтарын еркіндік, тәндік, татулықта шақыратын ән. Конституциялық-құқықтық кеңістікте қалқып жүрген құқықтық ән. Татулық пен тыныштықта шақырған ән. Мағынасы, мәніне музыкалық нысаны үйлесімді жарасқан ән. Нысанасы - ұлттық рухты көтеру. Елге, жерге қызмет етуге шақыру. Бұл әнді қазақтың ән-ұраны, гимні дейтініміз осыдан. 1944 жылы Қазақ Совет Республикасының мемлекеттік ұранына ақын-жазушылардың ұсынған өлеңдерінің 16 түрлі жобасы Орталық партия комитетінің хатшысы Әбдікалықовтың атына жіберіліпті. Тарихи дерек:

1. Тоқмағамбетов пен Е. Исмайлова.
2. С. Бегалин мен М. Өуезов
3. F. Молдыбаев пен Б. Кенжебаев
4. F. Мұсірепов пен K. Жұмалиев
5. F. Молдыбаев
6. F. Орманов
7. Зияш Қалауова
8. Ж. Курманов (Жәмель)
9. В. Копытин
10. Федор Лаптин
11. И. Стальский
12. П. Богданов
13. K. Жұмалиев
14. Мариям Хакимжанова
15. Аллажар Теміржанов

Жобалардың мәтінін оқысаныз онда әрине сол кездегі большевиктердің екі көсемінің аттары, ұлы орыс елі міндетті түрде аталған. Біздің талдап отырған өлеңге қатысы бар мына сөздер де қолданылған: алтын аймақ, айбынды елі, біз қазақ, іргелі ел, алтын шақ, алтын дәурен, ел, ер қазақ, қазақ елі. Қатал, қатыгез заманда да ақын-жазушы ұлтын ұмытпаған. Қазақстан коммунистік партиясын басқарған партизан Пономаренко

жазушылармен санаспау тым қымбатқа түседі дегені сөз құдіретін түсінуден шыккан. Тәуелсіздікке дейінгі гимнің өзіне «Ежелден еркіндік аңсаған қазақпзы» деген арманды аңдамай қалай енгізіп алғанына таң боласың. «Қамқоршымыз» болған ұлы орыс халқына көп алғыс жеткізген соң келісті ме екен. «Данышпан партия. Сүйікті кеменгер». Еркіндікке солар жеткізіпти. Таза саяси тұрғыдан жазылған дүние. Қазақ ССР-нын гимні. Өлеңін жазғандар: Ә. Тәжібаев, Х. Мұхамедханов, Г. Мұсірепов. Әнін жазғандар: М. Әнебаев, Е. Брусиловский, Л. Хамиди.

Әйтеуір, осы гимнінде ең бастысы «ел» деген ұғым ұмытылмапты.

«Ел» сөзі ежелден мемлекет деген ұғымды білдіреді. Жұмекеннің жырына «ел» сөзінің, ұғымының енуі толық тарихи негізі болған. Өлеңнің екінші шумағындағы «орденге» бола бүкіл өлеңнің мән-мағынасы жоғалмайды, төмендемейді, көркемдік деңгейі кемімейді. Тың ауыртпашилық, қауіп-қатермен бірге Орталық отарлау саясаты ойламаған нәтиже әкелді. Ол қазақ ұлтына енбек жолымен ерлік істей отырып еркіндікке жету мүмкіндігі. Басқа жол, басар тау қалмаган. Тек қанá ақыл мен енбек. Біздің басты таңдауымыз, майданымыз. Өз ақылымыз берін еңбекізге сену. Абай айтқан. Өзімізді де, жастарды да осыған баулу. Жастарды ешқашанда аландарға алып шықпау. Ғылымнан өзгеге аландаатпау. Эркім өз кесібінде, қызметінде жалпы ұлттық мақсат-мұддеге қызмет ету. Ұлдың ұлттық тұлғалыққа ұмтылуы. Әрбір қазақ, әрбір азамат. Женіс әкелетін жеке тұлғалар, біз ұлт, қазақ халқы солардың жеңісінің алғы шарттарын жасауымыз қажет. Қандай да болмасын партиялық жұмыс таза саясатпен айналысқан кесіби саясатшының ісі, жұмысы. Біздің жол, біздің майдан - махаббат жолы, махаббат майданы. Бояуы көп, мағынасы әр басқа бұл сөз. Табиғат сияқты тұрақты махаббат өз халқына деген гашықтықтан, туған топырақты сүюден жаратылады. Дағаға сыйыну. Қаратай мен Қарқаралының қара тасына да шағыну. Міне, осында махаббат кеудесін керген Жұмекен гүлің болып егілемін, жырың болып төгілемін деп жырлайды. Сондықтан да,

бұл өлең, ән – махаббат өлеңі. Махаббат әні. Қан майданнан оралып, еңбек майданында туған ән:

«Еске салды-ау бай даламды  
Қайдағы жыр, қайдағы ән  
Бұл,  
«Донның, уайқай, көкшіл  
түні-ай....»

Жүргегімді жаулап алды.  
Сталинград түбінде.. ол бір  
Күндер еді түңілген бір,  
«Донның, уайқай, көкшіл  
түні-ай...»

Жүргегіме жылу бердің.  
Женілді жау, жеттік елге,  
Жеттік елге, еттік еңбек,  
«Донның, уайқай, көкшіл  
түні-ай....»

Көк аспанға кетті көлбеп.

Донның жасыл далалары  
Жасарады, жанарады,  
Ана-дағы, бала-дағы  
Осынау әнге салады әлі.  
Ән жаңғырып келем дейді,  
Ән мәңгілік, ол өлмейді.

Тек сол күндер көз алдында

Көлеңке боп көлендейді» (Микола Упеник - Жұмекен.  
«Сосюра жыры». В.Н. Сосюраның жыры жайында орыстілді бөлімде арнайы тоқталамыз).

Ән мәңгілік. «Менің Қазақстаным» әні мәңгілік. Ол өлмейді.  
Ана да, бала да, қала да, дала да осынау әнге салуда. Ән жаңғырып келіп тұр. Әсем ән. Жұмекен ақын әсем сөзін қолдану мысалдары:

- \* «Әсем әріптермен бейнеленбесе алтын сөзің де – жез».
- \* «Зібайра жақсы, әсем-ақ келіншек».
- \* «Шуакты, әсем лирика».
- \* «Сен секілді жас, әп-әсем қыздарды тоқалдыққа алған».

\* «Үңі әп-әсем, бояу, тембр, сезім-шеберін жеткілікті-ақ секілденді, тек темекі тартатындығы білініп тұр».

\* «Бірінен бірі әсем жазық, дөн, көл, орман...табиғат атты ұлы тылсым арбап, әлде-қайда сүйрей жөнелді».

\* «Неткен алдамшы, неткен әдемі өмір: құледі, қайғырады, өлемді».

Өлеңде айтылған жайт негізінде өмірде қайталанатын заңдылық бар. Жұмекеннің басқа ұлт ақындарының өлеңдерін аудармаға таңдал алуында терең бір сыр байқалады. Қаншама уақыт өтсе де, қаншама көркем туынды жазса да әйтеуір бәрібір қайта айналып келіп «Менің Қазақстаным» өлеңінің азаматтық, мәңгілік поэтикалық идеясына оралады да отырады. Осы көзқарас орынсыз ба, субъективтік тұрғыдан негізгі тақырыпқа жөнсіз ііп алып келу ме? Жоқ. Мұндай үлкен тақырып біздей пінденің өзімшілдігіне көнбес! Мәселе, Үлкен ақын әуел бастан Үлкен тақырыпта кең толғап терең ойға түскен. Сөзіміз дәлелді болсын. Поэзия секциясының 1956 жылғы мәжілістерінің хаттамаларынан үзінділерді жалпы тақырыпқа байланысты болғандықтан, алынған дерек көздерін көрсете отырып келтірейік.

Алматы. Мемлекеттік мұрағат. Ф. 1778, оп.2, д.182.

Протокол ҚСЖО поэзия секциясы. Мәжіліс. 1 март 1956ж.

Жароков, Омаров, Бекхожин, Ергалиев, Молдағалиев, Мәуленов, Жармағамбетов, Сейітов, Шаймерденов, Ахтанов, Әлімбаев, Адамбеков, Қайырбеков, Шаңғытбаев,

Күн тәртібі: С. Мәуленовтің өлеңдер жинағы.

30 бет. Бекхожин: «Тың жөніндегі өлеңдерді таңдал қана алу керек. Кей өлеңдері Сыrbай қаламынан шыққан деуге болмайды. Сезімдер жоқ, бірсызыра өлеңдерде жасандылық басым. Белгілі бір жоспармен жазылған секілді. Өлең жоспарсыз жазылу керек».

F. Қайырбеков: «18 өлеңін шығарып тастады автор.13 өлеңді ықшамдап өндер».

Секция пред. Х. Ергалиев.

20 ноябрь 1956 ж. поэзия секциясы. Бюро мәжілісі.

Т. Жароков, Т. Орманов, Д. Әбілев, С. Сейітов – құрастыруышылар.

Тың туралы жинақ- 6000 жол. 40 ақын қатысқан.

«Тың көтеруге келген тек Киевтен ғана болады.

Заманымыздың ірі оқиғаларына қадам баса алмай келеді».

1956 жыл. 27/ IX. Поэзия секциясы. Жас ақын Т. Молдағалиевтің өлеңдер жинағын талқылау.

90 бет.

М. Қаратаев: «Әлі ақын бола қойған жок, үйрену жолында, әзір лирикалық өлеңнің тар көлемінде жүр».

Ж. Молдағалиев: «Тұманбайдың тақырыптық шенбері тарлау, кенейту керек сияқты».

С. Мәуленов: «Т.Молдағалиев болашағы бар, үміт күттіретін жас. Моральдік жағынан ұстамды, кішіпейілді. Қалам сілтесіне қарағанда лирик ақын сияқты. Тұманбайға ескертетін жай- үлкен тақырыптарға бару керек. Лирикалық өлеңдерінде – заман ағымы, дәуір картинасы көрінбей жатады».

Іс 298.

12.02.1958 ж. Қадыр Мырзалиевтің «Қанат қаққанда» атты өлеңдер жинағы талқыланды.

Қатысқандар: Ф. Орманов, Д. Әбілев, М. Әлімбаев, Т. Бердяров, Қ. Мұқышев, Т. Молдағалиев, Ш. Мұхамеджанов, М. Байсеитов.

Д. Әбілев: «Қадырдың өлеңдері жақсы. Жаңа тенеулері, өзіндік ойы бар, ұсыну керек. Бірақ тақырып шенбері тар. Сондықтан өндіріске бергенге дейін жаңа өлеңдермен толықтыру қажет. Жинақ баспаға ұсынылсын».

Казак поэзиясы алыптарының 1956 жылды ақындардан талап еткендері: Үлкен тақырып. Заман ағымы. Дәуір картинасы. Ұақыттың ірі оқиғалары. «Менің Қазақстаным» жазылар жылды, одан кейінде, дәуір картинасын жазу үшін үлкен суреткер болу міндет. Ирі оқиғаларды жазу үшін солардың ішінде өзің де ірі әрі тірі болып жүргуің тиіс. Ирі оқиға ірі тұлғаға сұраныс түсіреді. Көптен күтүлі дүние мұлдем ойға келмеген тұстан шахтер, студент жастан көктей келді. Үлгі аларлық өлең - өнер Алланың бұйрығымен жалынды жас ақын Жұмекенге бұйырды.

«Ал, жолдастар

Жаңа өнер бер жалынды,

Сүйреп шығар елді сасық батпақтан,

Болатұғын республикаға үлгі» (В.Маяковский – Жұмекен. Өнер армиясының № 2 бұйрығы).

Ұлы идея Республика ақындарына үлгі болар Ұлы ақынды дүниеге әкелді. Жұмекеннің ұлылығы осы «Мениң Қазақстаным» өлеңіндеге ұладады. Ұлы ұлтын ұлықтаған ұлт ұлы неге ҰЛЫ болмайды! Күйіп-пісіп көмір қазып, ән салып жүріп Жұмекен елін сүйіп кетті. Сол сүйіспеншілік сүйікті етті ұлтына ұлы ақынны.

Түптің түбінде ақын біздің тануымызға да, бағалауымызға да, түсінуімізге де зәру емес те. Тану мен бағалау бізге керек, өзімізді өзіміз көру үшін. Өзімізді өзіміз түсінуге. Сағдидің «Бустаны» аударып бітіргендеге Жұмекен не деп еді:

«Қырсығы ма, әлде ақынның бағы ма,  
Үмітгенем тағы, тағы... тағы да...  
Қандай қынн өлерінді болжаған,  
Соны біліп тірі жүрсөң- сол жаман.  
Мен тірімін, енді аз көрер азабым,  
Сондықтан да деп мықты жазайын.  
Амал қанша, жаздым білем осалдау,  
Кейбір сезім болып шықты бос алдау,  
Ақынмын ғой әйтсе де мен – шүкірмін,  
Бір кітапты ептеп- септеп бітірдім.  
Не сұрасам болар еken «құдайдан»,  
Мынау екі қара көзбен мұнайған?  
«Кешір, кешір мені, құдай тағала,  
Содан кейін... осы еңбекті бағала!».

Мына күйікі тірлікте бағаланбаған еңбек өзге өмірде, өзге жерде баға аларын біліп жазған ақын да, азабының аз қалғанын шамалаған. Мықтылыққа ұмтылды. Мұн толық қара көздер. Алланың өзінен де ештене сұрамай, кешіруін тек өтінген. Еңбек етуден ерінбей, **Өлмес** өлеңіне қызмет етті.

Бастаудан бастаған бағлан ақынның баға алмаған кешеге келер әлі жаза тартар кезенде. Кешір, құдай, біздің ауру болды бесігімізді танымай, жақынның жат санау, асыл сөзді аздыру. Бағаласаң сөзді ақындардай таны. Ал, ақынның еңбегін, аллам өзі бағалар. Қаншама уақыт пенделер жасырғанмен жақсының жақсылығы жарыққа шықпай қоймайды.

Мұрағатта жас жазушылар мен ақындардың жинағы деген ораудан ақын Кәрім Сауғабаевтың хаты кездесті. Хаттың шекесінде мынадай бұрыштама жазылған: «Жұмекен, мынау бір өлеңдерді оқып шық та, осы балаға хат жазшы. Маған көрсетерсің, Әбү».

### «Құрметті аға!

Сіздің атыңызға төмендегі бір топ өлеңдерімді жіберіп отырмын. Қутерім ақыл-кеңесіңіз. Өлеңмен достасқалы екі жыл болды. Қазір Пединституттың IV курсінде оқымын».

«...Ия. Аға оқып шықтыңыз? Өлең бе, әлде босқа тер ме?

Сізден қутерім әділ сын. Сәлеммен: Кәрім Сауғабаев».

Осылай болашақ ақын Кәрім Сауғабев хат жолдан, Жұмекен жауап берген. К.Сауғабаевтың кейін танымал ақын болып қалыптасқаны белгілі. Бұған Жұмекеннің оның өлеңдеріне жазған әділ сынны да ықпал етуі сөзсіз. Ақындардың өнердегі төккен тері денедегі ерекше бездерден белініл тері арқылы сыртқа шыққан сұйық зат емес. Ол басқа дүние. Жұмекеннің өзі «тер» сезіне қаншама мағына бергенін көресіз:

\* «Мінген атын да терлете алмайтын ез ғой»- деп, жиіркене, тыжырына сәйлейді».

\* «-Әй, алла-ай, орыс та шайға терлейді екен!».

\* «-Бұрын бәйгеге түсіп жүрген аттарды ертеңнен бастап ұстап, терін ала беру тапсырылады».

\* «Құла бие сауырының үстіне дейін ақ сор боп езіліп терлепті».

\* «Жирен айғырды қара суғып терлету үшін».

\* «Бет-аузы ағыл-тегіл боп, көзіне тер құйылған сайын, арқасын аяз қарыды».

\* «Мәруә, тер шықпаса да, мандаіын сұртіп күледі».

\* «Айтпайтынын білгенде...Қарт қысылғаннан, терлеп кетті».

\* «Терлікті ағытып жібергеннен кейін аттың ып-ыстық тер, жалаңаш арқасына отыра берді».

\* «Серіз сай көк кепкісінің екі шекелігі астынан жылт-жылт тер көрінді».

\* «Алғаш кіріп келіп отыра қалғанда күн қақты жүздерді тер жуып қоя берді».

\* «Бетінә қараса, барша-барша тер».

\* «Әркімнің жүзінде тер, көзінде ой».

\* «Соның бәрін мойнынан тер бұршақтап, беті-қолын шөпке талатып шеген түйіп тұрган байғұсты кеміту, соның шеберлігін көзге ілмеу үшін айтатын сықылды».

\* «Шағын құдықты ол екі салқын қазады. Сонда мандайы жіпсімейді, өйткені, жұмысты терлеп-тепшіп, қан-сорпа болып істей – ақымақтықтың атасы. Терлеу – күш шығындау деген сөз».

\* «Мойнынан, тамағынан шұбырған тер тамшылары майысқақ терісіне тайып жығылып, домалап-домалап түседі. Онсыз да аласа мандайында тер ағатын да орын қалмапты».

\* «Тер тамшылары ұсак-ұсак боп, отқа күйгендей үлбірей мөлтілдейді».

\* «Келемін тер тамшылап бітті, бітті дәрменім».

\* «Қынжылды анам: «Жоғалыпты тер исі, рас екен шынымен тұл қалғаны».

\* «Бетінен, мандайынан жосылған терді алақанының қырымен бір сыпырып тастады да орнынан тұрды...».

\* «Анау құйылған терді жүзінен тағы бір сыпырды».

\* «Жүзіне қонған шыбын жүзіп кетердей, шұбырған тер».

\* «Бұрын мандайынан шығып жарымайтын тер енді жауырынан көрінетін болды».

\* «Келіншек көз қиғын бір-ақ мәрте тастаса, бала шай пісірім уақыт тер төгеді».

\* «Тер жуган бет-жүзге болымшы ғана салқын леп тиді».

\* «Мен тоқтасам терім сұртіп бір сәтке, бүкіл дүние тоқтап қалған секілді».

\* «Біз мұрнының ұшында мөлдіреген жалғыз тамшы терді сілкіп, Идаят үйінің босағасына тастап кетті».

\* «Тер шыққандары – бабында, қызара бөртіп, есіп отыр».

\* «Мандайына шым-шың суық тер тепті».

\* «Шылым тұтіні мен тер исі мұңқіп тұр».

\* «Мандайымның терін қырып лақтырып жалпақ қолдың қырымен».

\* «Кенет, тұла бойы мұздап кетті, мандайын бөртіп-бөртіп суық тер шықты».

- \* «...самай атаулыдан тер шұбырды».
- \* «Қарызымнан құтылмақ ем тер төлеп».
- \* «Кентауда мандайымнан шыққан терді,  
Қарағанды желіне кептіремін».
- \* «Тірлігінді таста, деді, тер төкпе арқаң жіпсіп бас 'терлеп».
- \* «Жарытады терлеп те».
- \* «Терім тәктім әр-әр күні, әр түні».
- \* «Өмірді еңбек тұр ұстап,  
Еңбек етпеу – мол қайғы  
Күніне бір дұрыстап  
Терлемесе болмайды».
- \* «Терлесе адам – көнілденеді, о несі?  
Терге ғана балқи ма екен денесі?  
Термен тыныстымаса,  
Қуанбаса күрсініп –  
Дәл осында тамаша болар ма еді тіршілік?!».
- \* «Шал мандайы - терлер жыртқан борозда».
- \* «Тер ғажап. Тер ыстық.  
Тер – менің қуатым, бар тұлғам,  
Тер – менің бақыттым, қолдағы».
- \* «Мөлдір тер».
- \* «О, туған жер, тер дегенің –  
Саған әлі бермегенім».
- \* «Теріңмен жібіт жерді, сонда ғана  
Хақың бар туған жерге көмілуге».

Жұмекен жайлы ізденіс барысында жазушы Медеу Сәрсекеевтің «Қазактың Қанышы» атты кітабына қатысты бір дерекке де кездейсоқ жолықтық.

Жазушы кейіпкері Төленов Жармаганбетке қатысты тұсында көркемдік шешім жолында накты деректен, шындықтан сәл де болса ауытқып кеткені анықталды. Сөзім дәлелді болу үшін кітаптың 256 бетіне үнілейік:

«Академия залына жиналған ғылым иелерін тағы да бас шайқатып, таң қалдырган үшінші баяндамашы мінбеге сессияның тәртінші күні көтерілгенді».

Ұлттық кітапханада Жұмекеннің алғашқы жарияланған өлеңдерін іздей жүріп, 1956 жылғы газеттер тізімін беріп қойып,

кітапхананың сирек кітаптар қорынан «Үлкен Жезқазған» кітабын сұрадым. Көп кешіктірмей алғып келді. Кітап орыс тілінде жазылған.

С. 2623 Вып.7. К. МФИША РК

Большой Джезказган.

Сборник материалов по проблеме комплексного изучения и освоения природных ресурсов Джезказгано-Улутауского района Центрального Казахстана. /АН СССР Казахстанская база/. Труды. М.-Л. 1935.

У 9 (5 Каз) 305.552 Б 799 К

Редакциядан.

10-15 караша 1934 жыл Москвада ~~Кеңестер Одағы~~ Фылым академиясы тәралқасының, Қазақ ССР халық Комиссарлар Кенесі, Мемлекеттік Жоспарлау, Ауырөндіріс орталық комитетінің Тұсті металл Басқармасы шешімімен ~~Кеңес Одағы~~ Фылым Академиясы Қазақстан базасының Фылыми Кенесінің III сессиясының Үлкен Алтай мен Үлкен Жезказган мәселелеріне арналған.

Жинаққа барлық баяндама, жазбаша түрде ұсынылған күйде енгізілген. Жолдас С.А. Бекейханов, В.А. Ванюков, А.А. Гапеев, Либин И.К., Сатпаев К.И., Н.С. Стригиндердің баяндамалары жалпы отырыстар мен секциялық мәжілістерде жарияланған.

Жолдас В.А. Бессонов, В.Я. Гринев, М.О. Джанғалин, Кошкиной Т.А., Николаев И.Г., Полякова С.А., Попова Г.Н., Русаков М.П., Тюленов Ж.Т., Сыромолов Ф.Ф., Шахмурадов А.С. и Яговкин И.С. баяндамалары сессиямен тындалмаган».

«Жергілікті халықтың ортасынан шыққан Жезказған комбинатының гылыми-техникалық қызметкерлері Сатпаев К.И., Бекейханов С.А., Тюленов Ж.Т., Джанғалин М.О.

Мазмұны: Ж.Т. Тюленов – Флотация типовой сульфидной медной руды Джезказагана.

Жинақтың 463 беті. Тюленов Ж.Т. Применение флотационного метода обогащения к Джезказганским рудам впервые было начато бывшими концессионерами в 1916-1917 гг. В лабораторном и заводском масштабе на Сары-Суйской обогатительной фабрике работавшей в то время на Успенской руде».

Осы келтірілген деректерден Төленов Жармағанбеттің сессия мінбесінен сөйлемегені анықталады.

Төленов кім? Ол менің нағашы атам – анам Рахиманың экесі Төленов Игіліктің туған інісі. Медеу ағаның нағашымды сессияның мінбесінен сөйлеткеніне мақтанудың орнына мен неге ондай оқиға орын алған жок деп жазушының көркемдік шешімін жоққа шығарамын. Қандай хақым бар? «Қазактың Қанышы» атты кітабтың оп-оңай шықпаганы белгілі. Төленов Жармағанбет сессияның мінбесіне шығып сөйлемесе одан оның дәрежесі төмендемес. Жазушы оқырманың ұғар. Ж.Төленов тарихта өзіндік орны бар тұлға. Қазактың алғашқы түрлі-тұсті металлург инженерінің бірі. Мәскеу түгіл Магадан көрген, тозақ пен тамұқтың небірінен өткен, ұлы сында Ұлытауда ұлы іс атқарған мықты қазактың бірі. Негізгі тақырыптан біраз ауытқып кетуге бағанағы ақындардың үлкен тақырыпқа бару керектігі себеп болды. Жұмекеннен Үлкен Жезқазғанның Үлкендеріне шығып кеттік. Жәкемай ата, туысқандар осылай атайды, достары мен ағаларын жан-жүргегімен елжіреп еске алатын. Есімдерін есте ұстарлық адамдар. Төленнің төрт қасқыры аталған арландар шетінен балуан, жауырындары жерге тимеген күрес адамдары. Інісі Игілік балуандыққа түскенде ағасы Жақсылық бауырымның бағы таймасын деп белдесуді мүлдем қойған. Игілік өзі 50 жасқа шейін күрескен. Жақсылық 1945 жылы Абайдың жұз жылдығында айттысқа түскен. Шетінен өнерлі, ақылды, қайратты, жүректі. Сүйіндік ата ұста, темірден түйін түйген асқан шебер. Жұмекендей нағашы аталарым да шахтер болып Кузбастың Анжерінде көмір қазған. Төленов, Кенжин, Нәжімedenov – бәрі шахтер. Барлығы еңбек адамдары. Және түгелі өнерлі. Алып азаматтар. «Жұмекентану – елтану» енбегінде аттары қатар аталсын. Сол Игілік 1938 жылы Алматыда алғашқы рет өткізілген қазақша қүресте өз салмағында Республика чемпионы атағын алған. Ол мәлімет Қазақстан Республикасы энциклопедиясының 5 томына енгізілген. Қазір қазақша қүрес бойынша Азиялық ойындар өткізілмек. Ал, оның ағасы Жақсылық жөнінде Сапарғали Бегалин «Замана белестерінде», Тұрсын Жұртбай «Бесігінді түзе», «Бесігінді аяла» атты кітаптарында жазған. Қазақ әдебиетінің классигі Мұхтар Әуезовпен дос болғандығы

жайында. Ең ғажабы, Жақсылықтың атын қазақ әдебиетінде бірінші болып ертеректе Жұсіпбек Аймауытов қалдырған. «Ақбілек» романында.

Сол романнан кішкентай ғана үзінді келтірейін: «-Біздер, қазақтың коммунистері, ол пікірді қолдай алмаймыз... Біз төңкеріс жолына түсіуміз керек... Иә, сонымен екі ағым бар. Бірінші ағымның айтатыны: қазаққа төңкеріс жасау керек, байдың жер-сүйн, мал-мұлкін, жазаласа артық қатынына дейін кедейлерге тартып әперу керек, пышақ үстінен бөліп беру керек. Бай, кедей деген айырманы жойып, қолма-қоя тенгеру керек. Әйтпесе бай қолында малы тұрганда, жер-сүйн тұрганда, өмірі кедейге тендік бермейді деседі. Бұл ағымды бастаушы кейбір орыс жолдастар, оларға қосылатын біздің **Жақсылық етікші** (астын сыйған біз) тәрізді қаланың да кедейлері және кейбір шолақ ойлы жолдастар...- деді». Бұл романдағы Ақбала деген губревком мүшесінің сөзі. Әңгіме болып отырған қала Семей қаласы, губерния орталығы. Семейде сол тарихи тұста Жақсылық Төленовтің етікшілердің «Жұмсақ» деген саяси ұйым құрғаны тарихтан белгілі. «Ақбілек» романының авторы Жұсіпбек Аймауытовтың біздің деп отырған етікшісі Жақсылық Төленов. Ол сол жылдары Жұсіпбек Аймауытовпен де, Мұхтар Әуезовпен де қызметтес, пікірлес, таныс болғаны тарихи дәлелденген. Жұмекеннің әділдікке қатысты өлеңі Жақсылық атама Жұсіпбектің естелігіне ескерткіштей жазып кеткен:

«...Әкім болсан, әділ җол бар, ал баста,

Әкім болсан, желкендे тұр алдаспан...

Салу керек етікшіге ескерткіш,

Жер үстінде жаман әкім болмасқа».

Жақсылық етікші ғана емес әкім, сот болған. Әділ билік аткарған. «Етікші жандарал» атаптаған Семейдің Бөрлі, Шыңғыстау болыстарында сот болған Жақсылыққа ризашылық ілтипатын білдіріп Көкбай Жантайұлы төртауыз өлең арнаған екен:

«Әй, Жақа, әділ би боп келдің мұнда,

Каратып төрт болысты тұрсыңында.

Әділдік нар-кескені сұрылды,

Тот басып неше жылдай жатқан қында».

**Көкбай мен Жұмекен жырлаған әділдік нар-кескең алдаспан билік құралы.**

Өмірде де, өнерде де әділ жол бар. Мәселе бастауда. Адастырмай, тура жолды табу. Алдау, адастыру, арбау, анду арты алдаспан. Жетелі жақсылар түпсіз терең жақсылыққа жетелесе жетпегенінді жетілтер. Халық онда сынамас, бірден бірге жүргізбес. Халқын зор тұтып, әулие тұтса жақсылар да көп азбас. Азбаса елді де адастырмас. Абайдың мемлекет пен елді менгерудегі ұстанымдары. Әкім болған соң әділ жолмен жүрген міндет. Жұмекен өлеңінің әсем әлемін зерттей жүріп әлем әсемдігі әділдікпен әдемі екеніне тағы бір көз жеткіздік. Орталық мемлекеттік мұрағатта Қазақ Советтік Социалистік Республикасы Жоғарғы Сотының 1943 жылдың жұмыс қорытындысы бойынша жасалған есеппен және оның 1943 жылғы жұмысын тексерген Советтік Социалистік республикалар Одагы Жоғарғы Сотының судьясы И. Корнев Одақтық юстицияның халық комиссары Н.М. Рычковқа жазған баяндама жазбасын кездестірдік. Ондағы айтылған жайттардың мәні әлі де жоғала қойған жок, сондықтан түсіндірме бере отырып сол деректермен сіздерді де таныстырайық.

«Штат бойынша – 17 судья. Жоғарғы соттың мүшелері үштіктерге белінген. 1943 жылды кассациалық тәртіппен 3131 қылмыстық іс қаралған. Оның ішінде: контрреволюциалық қылмыстық іс - 1124. Жалпықылмыстық іс - 2007. Азаматтық іс - 134.

Қадағалау тәртібімен: жалпықылмыстық іс - 2592, контрреволюциалық іс - 88, азаматтық іс - 252.

Семей облысынан: контрреволюциалық іс - 88, сотталушылар 128, ату жазасына кесілгендер - 15.

Жалпықылмыстық іс - 128-170-6.

Жалпы ату жазасына 406 адам кесілген. Оның ішінде 239 адамға қатысты бас бостандығынан айыруға алмастырылған. Үкімдердің 58,9 проценті. 167 адамға қатысты үкім күшінде қалдырылған, 41,1 процент. Ату жазасына кесілген үкімдердің 5,2 проценті күшінде қалдырылған.

Жаңағы кассациалық тәртіппен қаралғанда күшінде қалдырылған ату жазасына бұйырылған 167 адамға қатысты

үкімдердің КССРО Жоғарғы Сотының, Қазақ ССР, КССРО Жоғарғы Кеңестерінің қаулысымен 111 адамға қатысты езгеріске ұшыраған, ату жазасы бас бостандығынан айыруға алмастырылған не болмаса қайта сот қарауына жіберілген.

Бұл ату жазасына бұйырылғандардың Қазақ ССР Жоғарғы сотының күшінде қалдырылған үкімдер бойынша сопталған адамдардың 66,4 проценті. 35 адамға қатысты жоғарғы сатылардың шешімдері әлі жоқ. Тек қана 21 адамға қатысты ғана ату жазасының үкімі барлық сатыларда күшінде қалдырылған. Бұл барлық ату жазасына үкім етілген адамдардың 5,2 проценті.

Осы деректерге сол кездің судьясы И.Корнев былай деп баға береді:

«Қазақ ССР Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі алқасының жұмысындағы салақтық, қараусыз қалушылық осы соттың тәрағасы мен алқа тәрағасының негізінде сот төрелігі қызметімен айналыспауымен түсіндіріледі. Алқа мәжілістері қалай болса солай өткізіледі, ұштіктің тәрағасының қалауына байланысты. Кассациалық және қадағалау тәртібімен істерді қарауға ешкім тағайындалмайды. Алқа отырыстарында ол істер қылмыстық істер қай судьяның өндірісінде болса, сол қашан қарауды қолайлы көрсе сонда ғана қаралады. Қадағалау алқасы түгіл кассациалық істер бойынша тағайындау бойынша ешқандай да повестка толтырылмайды. Істердің тізімі жария түрде ілінбейді. Іске мүдделі тараптар хабарландырылмайды. Кейбір Жоғарғы Сот мүшелері жұмыспен қамтылмаған. Сот документтері нашар дайындалады. Істер бойынша қадағалау тәртібімен шығарылған қорытындылар соншалықты қыска жазылғандықтан, олардың занды және негізді екендігін анықтау мүмкін емес. Қорытындылар мен ұйғарымдардың сапасының төменділігі кейбір сот мүшелерінің өздерінің қызметіне немқұрайлығынан және тәрағалардың қараусыздығынан туындейды.

Сол тексеріс барынша шығарылған 29.05.1944 жылғы бұйрықта былай да жазылған: бірнеше істер бойынша зандылық тұрғыдан анық емес, техникалық тұрғыдан толық сауатты емес қаулылар қабылданған. Тағайындалған жаза мерзімі негіzsіз төмendetілген. Әрекеттерінде қылмыс құрамы бола тұрып

кейбіреулерге қатысты қылмыстық істер өндіріспен қысқартылған. Маңызды делінетін қылмыстық істер категориялары бойынша сот тәжіриbesі сарапталмаған».

Қазіргі заманның зангерлері бұл сөздердің мән-мағнасын жақсы түсінеді. Жұмекен де сот төрелігін неден бастау керек екенін өзінің «Пендешилік хақында» деген өлеңінде жазып кеткен:

...Кез бен көніл тазармай,  
Тазарады қол қайдан,  
Арамдық пен адалдық!  
О, баяғы сол майдан...  
...Сонау жылдар  
бес қадақ тары ұрлаған аш ана  
айыпталғаны әйгі еді.  
Тарих қайда?  
Тасада.  
Соны ұмытқан пендеге – пендешилік жасама.  
Қолдары емес алаған,-  
заманымның Заңы әділ,-  
сottaу керек алдымен пиғылдарды, заманам!».

Кез бен көнілді тазартатын өлең. Қолды тоздыратын коррупция. Құлқынды қоздыратын қанағатсыздық. Тарих тағлымы, Жұмекен жыры соны мензейді. Алушы да, беруші де қоғам азаматтары. Қай жолды тандау ол қоғамның өз құқығы. Дегенмен, халықтың имандылығын сақтау тарихи қажеттілік.

Жаңағы 1943 жыл атамыз Азбанбай әрекетінде қылмыс құрамы болмаса да басында ату жазасына бұйырылып, одан 10 жыл бас бостандығынан айырылуға жаза кесілген жыл. Сот қызметіндегі орын алған үлкен олқылықтар мен қателіктердің нәтижесінде аталарымыз атыла берген, айдала берген. Анықтамада жазылғандай «Жоғарғы Сот жазалау саясатын маңызды істер бойынша дұрыс және ұстамды түрде» жүзеге асырған. Жазалау саясаты. Ал, адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары аяқ асты тапталып, далада қалған. Қазірде үйренген әдетпен жазалау тәжірибесі дейді есеп бергенде. Ауру қалса да әдет қалмайды. Әкемнің ағасы Ораз 1942 жылдың басында соғысқа кетсе, өзі қыркүйек айында әскер

қатарына шақырылып майданға қараша айында кіріп, 1942 жылдың 13 қарашасында әскери ант қабылдаған. Екі ұлы бірдей соғыста жүрген Азбанбайды 1942 жылдың 22 қарашасында қамауға алады. Бір айда болған екі оқиға. Баласы Үкімет алдында ант қабылдайды, сол үкімет әкесін абақтыға қамайды. Арасы небәрі тоғыз ак қүнде әке мен балаға небір тозақ басталды.

«Тағдыр қатал. Әке мен үл екеуі

Екі жакта журіп өліп кетеді.

Азаматы бола тұрып елінің

Ғұмыр- бақи құғын көріп өтеді...» ( Лермонтов- Жумекен).

Азбанбай 1943 жылдың 4 шілдесінде Шымкент қаласының айдау мекемесі арқылы Сібір лагеріне женелтіледі. Ол 1944 жылдың 27 тамызында қайтыс болып Новоивановск қорымында жерлеген. Нөмір 76 деген белгі соққан. Уақыт өте белгі өшкен. Тіркеу журналдарында анық жазылмапты. Ұлы Ақторғай арыз жазып Азбанбай ақталды. Әскерде жүргенде экесінің сottалғанын ұлна хабарламаған. Елге оралғандаған естіген. Өзі де бірнеше рет халық жауының баласы ретінде қамалған. Тыныштық бермейтін болған соң Семейге окуға кетіп түрмеден құтылған. 1947 жылдан бастап 1961 жылдың 30 марта на шейін Ақторғай экесі Азбанбай халық жауы болып сottалғандығын жеке басының ісінде, партиялық қағаздарында көрсеткен. Бұл Ертіс, Ақку, Қарауыл, Шұбартауда тың деп тыным алмай жаңын шүберекке түйіп жүргенде, қай жерге жұмсақ сонда барасын деген билікке сылтау. Экесі ақталғанан соң, денсауышылығы сыр бергендеған ел жаққа ауысқан. Бір тағдырдың құрбаны болса да, экесін баласы ансаған. Қауым сотына қарамай экесінің акекеніне кәміл сеніп іздеген. Фұмыр бойы күғын көріп өтсе де азамат боп, елінен бас тартпаған. Кірме деп санаса да ел атына кір келтірмей келеді. Азамат басынан қику кетірмейтін небір қулар өтті. Аттарын да атамайды. Атаусыз қалдырады ақиқат. Рух оларға жоламас. Ар, Рух, Ҳақ тек қана адалға бақ боп қонар. Азапты, азалы Абралы азаматтары азаттық, еркіндік жолында талай атқа қонған. Азбанбайдың 1942 жылдың сottалуына бір жағынан 1931 жылғы Қенес үкіметімен келіспегені, Абыралы қарулы күресіне қатысқаны себеп. Он жыл өткізіп барып

ұмытпай өтірік жаламен соттаған. Жаңағы Жұмекен аударған Лермонтовтың өлеңін қараңызшы. Өлеңдегі жайт өмірде орын алғып, қайталанады деген тұжырым бұлжымай келіп тұр. Жұмекеннің аудармаларын зерттегендеге оның әрбір өлеңіне өмір тақырыбы өзінен өзі үйлесіп тұсті. Өмір мен өнердің қисынды байланысы солай шықты. Біз жыр жолдарына жалықпай ілесіп отырдық. Уақыттың өзі Жұмекен жырында лирикалық бейнеге айналып жатты. Талант тақырып таңдамайды. Тақырып талант пен талап қалайды. Лермонтовтан Жұмекен аударған осы өлеңге сай ата мен әке тағдырын талдау өзімшілдік емес. Сайып келгенде тап осындай тағдыр талай қазак отбасынан өтті. Жұмекен мен әкесі Сабыреддин тағдырлары да осы тақілеттес:

«Мұңая төніпті Евropa аспаны  
әкемнің өлігі үстіне.  
Мен кейін сол әке есімін  
Шешемнен естідім.  
Сондықтан әкенің есімі  
Мен үшін бір тұнық – қозғама..  
Құлакта – үн ғана,  
Қағазда сөз ғана».

Біздің келтіргеніміз бір-ақ мысал. Шындығында оның саны сан миллионан асып түседі. Бұның бәрі бір өзі, қайғысы мен қасіреті тоқсан нарға жүк болар, басқа хиқая.

Енді, қайтып Жұмекен жырына оралайық.

Жұмекеннің жыр жолдарынан түрлі-түсті, үлбіреген хош иіс аңқып тұр. Барлық жан- тәніммен актарылу, төгілу бар. Барынды, арынды еліңе қызмет етуге жұмсау. Өзіне ғана емес бүкіл еліңе болсын деп тілек тілеу. Қазак халқына деген ғашықтықтан туған махаббат ұлттық идеяға шақырады. Міне, «Менің Қазақстаным» әні бізді осы ұлттық идеяны ұсынып, ұмтыл, бар жан-қуатыңмен сол үшін жанталас, құрес дейді. Бұл қолдан келетін іс. Ұмтыл, қазак. Әйтеуір жансак, идеямен жанайық. Бұл өлең, ән ұлттық ән, өлең. Жұмекен қазак поэзиясына осындай махаббатпен келді. Ой мен сезімді бірдей текті. Қазак халқының тындағы ерлігі оған қатты әсер етті. Халық рухы тума талантты жанартаудай ояты. Нағыз, табиғи

сілкініс, бүрқаңу, ұшқындау, найзағайдай жарқ ету «Менің Қазақстаным» өлеңінде жатыр.

Алла тағала жар болып 1956 жылдың жазында консерватория табалдырығын аттағанда Жұмекен Шәмшімен жолықты. Эн туды.

«Менің Қазақстаным» әні шумақ және қайырма бөлімінен тұрады. Эн минорлық ладта (мит минортольдігі) жазылса да мажорлық ладта жазылған көп ән-ұрандардан анағұрлым әсерлі. Эн екі тактілі жігерлі мотивпен басталады. Екпіндік суреті пунктірлік және триольді ұзақтықтан тұрады. Жалпы әннің ритмикалық құрылымы марш жанрын құрайтын суреттерден тұрады. Марш сөзі - французша «ходьба» деген сөздің мағынасын береді. Яғни еркіндік, қажырлы, жалынды жігер, қайратты, патетикалық сезімдерді бере алатын әуездік екпін. Сонымен бірінші бөлім шумакта екі период бар. Эр период екі мотивтен тұрады. Төменгі бас дауыс өзіндік тақырыбы бар жоғарғы мелодияны жетелеп, сүйемелдеп отыратын өз алдына контрапрект. Жалпы әннің әрбір пласты, қабаты әннің мінезіне сай, маршты екпіннің екпіндік әуенінен бастап аяғына дейін бір ауытқымайды. Қайырма бөлімі екі дауысқа арналған мотивпен басталады. Бұл бөлімде екі периодтен, ал әрбір период екі мотивтен тұрады. Интервалдың ерекшелігі үлкен және кіші терцик, шарықтау шегінде кіші секспеге барады. Жалпы айта келгенде әннің құрылымы ақынның әрбір сезінің астарын, мәнін дәл анық аша білген. Ақынның жалынды сөздерімен композитордың мәтіні бір-бірімен жақсы үйлесіп қазақтың ән жанырында, ешбір әнге ұқсамас шығарма туған.

Жұмекеннің барлық көркем туындысын көктеп өтетін поэзиялық идея «Менің Қазақстаным» өлеңінен бастау алады. Өлеңдегі бүкіл поэтикалық идея, пафос, махаббат қазақ халқының жан дүниесін бейнелеуге арналған. Бүкіл ұлтты ұлттық идеяға бастайды. Жұмекен жырының күре тамыры - қазақ халқы. Сол халқына Жұмекен не деп кетті, тыңдайықшы:

«Жігітінің ірілігі не керек,  
Тілі өлсе егер - тірілігі не керек,  
Керегі жоқ маған ондай халықтың!».

Өз халқынан мұндай бас тартуға ақын қалайша дәті барды?  
Өз халқына ғашық бола тұрып, ақын қатал болса да әділ үкім  
жария етеді.

Себебі,  
«тілден қалып көмір сүрген жоқ халық-  
шындық осы.  
сол шындықты ноқта ғып  
киген дұрыс- мал болсан да- басыңа,  
аштан өлсек – біз өлейік- жасыма,  
Сенің еркің, бақпай қойсан баланды,  
Асырама, арсыз бол да ананды-  
Айналайын,  
Ана тілінді асыра!».

Ана тілінді алысқа асыр. Асырау үшін арпалыс, алыс.  
Арсыздықтан аласта. Аштан өлсек те ана тілімізді жасытпайык.  
Теп-тегін, өздігімен келер дүние жоқ:

«Біз өмір сүреміз  
теп- егін,  
Бұлт тегін,  
теп-тегін оттегі.  
Тау тегін,  
Жаңбыр мен лай тегін,  
Машина көргенім үшін мен  
Бір тын бермеймін,

Ішімнен

Мың шүкір етемін, әйтеуір.

Қайтемін:

Ветрина елесі- теп-тегін,  
Сонда сен нан мен ірімшік

Деп пе едің:

Теп-тегін.

Ол үшін су- тегін.

Бостандық, жұтқан көп ғұмырды,

Құлдықтың қорлығы өткені-

Бәрі де теп-тегін....

Біз өмір сүреміз

теп-тегін»

(Орхан Уәли- Жұмекен «Су- тегін»).

Шынында да, біз тектен тек, теп-тегін өмір сүріп жатырмызы ау. Тіршілікте емес әншейін бір тірлік. Тіл бір бөлек, бәріміз бір бөлек.

Жұмекен тіл туралы тағы да қалай, не айтты еken, соны бір көрейікші:

«Ақ шағыл» романы. 48 бет:

«— Зздравствуй, мама!

Кәржік мұрын, секпіл бет, сары қыз пештің маңдайына сүйеніп тұр. Кемпір жұн тұтіп отырган, есік ашық-ты, мына қыздың үйге қашан кіргенін білмей қалды. Бейтаныс жүзге таңдана қарады: көзі көкпенбек, күлім-күлім етеді. Тұла бойында, жатырқауға болмайтын жақын, жылы бірдене бар.

— Зздравствуй, мама!

Зздравствуйге түсінбегенмен, мама дегенге түсінді:

— Қараши мұның, көзі көкшиіп алып мама деп мәлиюін?!

Менің бір ұзатқан қызым құсал! Қайдан пайда болдың өзің?..  
Пері сықылданып?

— Что, что?

Кемпір что дегенді «ұшты» деп түсініп, тұтіп отырган жүніне көз салды.

— Кет әрі, жел жоқ неге ұшсын! Үйдің ішінде жұн ұша ма?  
Алдауын шайтанның!— Анау иығын қиқан, еткізіп:

— Меники не понимает,— деп жымиды. Жаңа байқады: қыз бір қолымен пешке сүйеніп, бір қолын артына жасыра ұстап тұр еken. Кемпірдің денесі түршігіп кетті. Артындағы жасырын қаруымен мұны байқатпай салып қалатын сықылданды. Жалма-жан жүнді жинап, құлын терісінен тіккен жып-жылтыр талысқа тықты да, етегін сілкіп түрегелді. Екі көзі қызда.

— Мама, мне молоко... у меня ребенок,— деп, кемпірдің тасасынан өзіне ұрлана қарап тұрган кішкене сары қызды көрсетті. Кішкене сары бақырып қоя берді.

— Не плачь, моя милая, не плачь,— деп жұбатпақ болып ұмтылып еді, сәби одан сайын бақырды.

— Эй, не керек өзіңе? Қорқытпа баламды

— Уф!— деп маңдайын сүртті қыз.

— Уңілеуін, менің малымды суарып келген кісіш!

— Мама, мне молоко... дағдара ойланып сәл тұрды да, кенет мама, сүт бер! — деп айқайлап жіберді. Артына ұстаған сырлы ақ кострюолінің қақпағын ашты.

— Е-е, қарағым-ай, сүт керек екен гой саган? Соныңды айтпайсың ба? Көзінді қайқандатып баламыз екеуміздің, зәремізді алғанша! Кемпір ана жаққа, қазанға ұмтылды. Қазанда ортан белінен жоғары, сары қаймақтанып піскен сүт бар-ды. Қызыға:

— Ыдысыңды әкел — деп ымдады. Анау кастрюлін бере қойды. Кемпір сүттің қаймағын үлкен ағаш ожаудың сыртымен ысырып тастан, «біссімллаңи» деп құя бастады. Ыдысты төрт елі толтырмай сүт құйып берді. Анау:

— Ой, большое Вам спасибо! Так много... так много,— деп, ыдысындағы сүттің денгейін тырнағымен сывып көрсетеді. Онысын, осынша көп сүттен жарытпадың-ау деп өкпеледіге жорып, кемпір үстіне тағы екі ожау құйды:

— Өзімізге де қалсын, айран керек қой. Бала-шага бар.

— Большое, большое Вам спасибо! Прямо я не знаю чем отплатить... Вы очень добрый человек! Спасибо, мама! —, деп, қызы кемпірді бас салып құшақтап, самайынан бір сүйді де, сүттін алып шыға жөнелді. Кемпір танымайтын орыстың қызымен осынша оңай түсініспін тіпті, оған сүт беріп, ризалап жібергеніне қатты қуанды. Жаңағы сүйген жерін сипап-сипап алып көзіне апарды: іштеңе көрінбейді.. әлгі қарты түскір қайда жүр? Мұны орыстың қызының құшақтап сүйіп жатқанын көрмеді-ау! Әншейінде: «ай кемпірім-ай, ақыл жоқ қой сенде» — деп қойып сақалын тарамдағанда, дүниедегі ақылды адам жалғыз өзі сияқтанады. Енді не айтар екен! «Ақыл жоқ қой!» «Ақыл жоқ қой!». Орыс ақылы жоқ кісінің самайынан сүйіп ақымақ дейсің бе! Жақсы көрмесе кісі сүйе ме?» Кемпір осылай ойлад, мәз боп алды»....

«Ақ шағыл» романы 52 бет:

«— Вся беда в том, что мы не понимаем друг-друга. Я хотела заплатить за молоко... но, оказывается, и он плохо знает по вашему,— деп серігін нұсқады. Қарт тағы да Еділханға қарады. Еділхан түсінбедім деуді оқыған басына лайық көрмей,— қыздың сөзін былай аударды:

— Ақшамғаз еді, өкпелеменіз!

— Ақшасының керегі жоқ. Сүт қажет болса ала берсін, айтши! Еділхан тамағын кенеп, қабағын шытып отырып-отырып:

— Деньги не нади, малаки многи,— деді.

— Сиз алмайды. Сиз бай...

Еркек есікке қарай кеткен мұрынының соңынан еріп, шыға берді. Қыз да шығуға ыңғайланған, шал ымдаپ тоқтатып, иегімен төсекті қөрсетті:

— Отыр!—

Анау сәл бөгеліп қалды, сонсон, аяғындағы қонышты шебелетін шешіп тастап, келіп отырып алды.

— Кемпір, шәй қайнат,— деді Әжекен, өзі бір иман жүзді адам екен.— Қонақ әрқайсының аузына бір қарап, аңқайып қапты. Кемпір шай қамына кірісті. Еділхан тілмәш болып, қарт пен қыз біраз «сөйлесті». Бірақ ешкім ештеңе ұғып жарыған жоқ. Орыстың сезіне жәнді түсінбеген тілмәш долбармен соғады. Қазактың тілін білгенімен аудару қыын. Сөздік қоры жетпейді. Амалсыз өзінің білетін сезін айтады. Ол сөздің бұл жерге үйлесер-үйлеспесін өлшеп-пішіп жататын жағдай бар ма, қалай болғанда, өзінің оқымыстылық беделін түсірмеу жөн. Еділхан осы жағына күш салды. Ана екеуі екі тас керең құспап, шай пісірім уақыт екі жаққа лақты да отырды. Бірақ, әңгіменің аяқ жағында, екеуі де тілмашқа құдіктене қарай бастады. Өйткені, біреуі қайғылы бірдеңені сөйлесе, екіншісіне түк эсер етпейді. Демек, сөз дұрыс жетпей жатыр. Сонымен, қыз бен қарт әр қайсының өз сездері емес, екеуіне арнап Еділхан ойдан шығарған қойыртпақ әңгімені тыңдал уақыт өткізді. Тілмәш екі қуыршақтың аузын қымылдатып қойып, екеуінің де сезін өзі айттып отырган артистке ұқсады. Ана екеуі қанша құдіктенгенімен, Еділхан өзінің бұл рөліне риза болды. Екі бірдей адамды кезек-кезек жалтақтатып, бетіне қаратып отырғанға не жетсін!..

Қыз шай ішіп кетіп қалды. Есік ар жағынан жабылышымен кемпір басын шайқап, таңдайын қақты

— Эй, Алла-ай, орыс та шайға терлейді екен!.

Ана екеуі үндемеді. Тағы да:

— Анаусы қазақшаға судай гой өзі,— деді.  
— Иә. «Көп ақшаны» біледі.  
— Саған-ақ кісі жақпайды, әйтеуір.  
Қарап отырганша о да бірдене айтқысы келіп:  
— Өзі базарда істейтін кісі секілді,— деді Еділхан. Ондағасы  
Қанішкенде оқып жүрген кезінде базар аты бар, айналасы ашық,  
үстіне далада жасаған тақтай-сәкілерді көп көрген. Жұрт айран,  
сүт, қаймақ сықылды тағамдарды шәшкелеп, стакандап сатады.  
Сатушылардың дені татар мен орыс. Қазақ еместердің қазақша  
сөйлегенін де тұнғыш рет Еділхан сол базардан естіген-ді.  
Тегінде, өзінің де, өзгенің де тілін бұлдіретін базар, сауда саттық  
маны болса керек. Әйткені, сатушы алушының тілін білуге тиіс.  
Әйтпесе сауда жүрмейді. Білгенде қайбір жетістіріп біледі.  
Әйтеуір тұсіндіре алса болды. «Пәлен сом, пәлен тыын», «аз-  
көп», «арзан-қымбат» дегендерді сатушы кім де болса, алдымен  
үйренеді. Орыс болсын, қазақ болсын, әйтеуір, сауда істеп  
тұрган адамның тілін сіз қанша бұзып сөйлесеңіз де ол оған  
ренжімейді. Себебі: Сіздің сол балдыр-батпақ сөздерініздің  
артында ақша тұр. Ақша! Ақша төлейтін кісінің тілі жаман  
булушы ма еді! Тіпті, боктап жатса да, бір тұрлі, әсерлі, құміс  
санагандай, сыңғырлап естіледі. Сатып, алып үйренген  
адамдардың сезі: «коп акша», «мене сиз алады» болып келеді.  
Еділханның манағыны: базарда істейтін кісі секілді» деуінің  
мәні сонда еді. Қанішкен тұрмақ Астрахань құсаған үлкен  
қаланың базарын да көрген Әжімгерей қарт жас та болса, байқап  
қалған Еділханның мына пікірін теріс дей алмады. Қайта қостап  
қойды:

— Дұрыс айтасың. Ол қазақшаны қайдағы бір жаман  
қазақтан үйреніпти. Ал, қазақтың жаманы базар айналасында  
жүреді.

Біріміздің ойымызды бірімізге ұқтырарлық тілімізге сез  
беріп жаратқан алланың махаббатының өзін тегін пайдалана  
отырып өз ана тілімізге неге қызмет етпейміз? Құдай берген  
қазақ тілі үшін ертен, Алла тағала махшарда сұрау алатұғын  
тұста не дерміз? Қай тілде, қалай жеткіземіз? Тілдің өзін өзгеге  
су тегін өткізе салар тексіз бе едік соншалық? Сұрау салудың өзі  
ғадаләт һәм махаббат. Абай айтқан, Жұмекен жазған. Сонда

әділдік, махаббат қайда? Онсыз әлем әсте әсем болмас. Біз кім болғанымыз? Судың да сұрауы бар, тегін ештеңе жоқ. Алла Тағаланың бір сипатының өзі Кәлам - сөз, тіл. Тілден безу мұсылмандықтан шығу, діннен бас тартумен, Алладан айнумен бірдей. Тілің үшін қуресте бір-ак тұра жол бар. Адастырмас. Аздырмас. Ол тіл тәуелсіздігі. Тәуелсіздік үшін қуресте ешкімнің бет-беделіне қарайлауға болмайды. Рухани тәуелділік қалыптастырған мінез-құлықтан құтылу, арылу. Дала демократиясының ең дана құқықтық ойы мына бір сөзде: «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ». Тіл - өмір. Демократия дегеніміз шынтуайтына келгенде адамдардың қоғамдасып өмір сұру ережесі. Турасын айтқанда тіршіліктің ойын тәртібі. Кім қалай жүрмек, қандай қадам баспақ. Әлеуметтік әділдікті тепе-тең күйде ұстаяу. Жоқшылықтың адамды хайуандандырып жіберетінін де ұмытпау. Өз пайдандығана ойлау, ол үмітсіз жол. Татулық пен тұрақтылық. Бейбіт, тыныш өмір сұру тәсілі. Қөпке пайдасы тиер жақсылық іс және әділдік әсем. Әлемнің өзі осы әділдік пен әсемдікпен әдемі. Ғұмыр өзі – хақиқат.

Батыс пен Шығыстың ойшылдары осы демократия жөнінде айтқандарына басымызды шүлғи бермей бір кезек дархан даланың даналары демократия жайында жеті ғасырдан астам жырлаған жырына құлак түрейік.

Уақыт өзгерे ме, әлде адамдар өзгере ме? Ызалы ел бірігіп, президенттер қашып жатқанын. Бұрымдарын өріп ап, мегофонды қолға алып, қызыл тілдері қылыштай қырқыған әйелдердің ел басқаруға кіріскенін өз көзіміз көріп отыр. Ел билеген ерлердің етек-жөні сел болып, қылмыстық істер козғалып, өзге жұрт қызыққа қарық болуда. Ішкі бірлік ыдыраса сыртқы ықпал сырынды ашатынын кеш сезуде уақыты өткендер. Ел ырысы бәрімізге ортақ. Бөлгенді бөлмеу татулыққа апармас. Уақытты досындаидардың алу қажет. Бойды да, ойды да жинақы ұстaudы ұмытпау қай заманда да тіршілік талабы. Өмірдің өміршендігі оның тынымсыз өзгеруінде. Өмірдің өзгеруін өнер өзгемізден бұрын сезеді және дәл түседі. Өзгеру өнері өмір өзегі.

«Мениң Қазақстаным» өлеңіндегі мына сездер ертегідей ерте заманың даналалық сездерімен тікелей байланысты.

«Қарсы алған уақытты  
Ежелгі досындей.  
Біздің ел бақытты,  
Біздің ел осындей».

Тәнірім тарту еткен татулықты тастаған сәттен әділетсіздік орнамақ? Бақ-дәulet тату елге қонады. Уақыт бәріне төрөші. Оны ежелгі досындей қарсы ал. Қазақтың ежелден аңсағаны еркіндік. Мұддене жетуде мүмкіндік жасайтын уақытпен санас, достықта бол дейді Жұмекен. Жанжалкештік, ұрыс-керіс, ыза арты сел. Селге қарсы қояр сенімді тосқауыл ол көніл тыныштығы.

«Сағымды далам бар,  
Сабырлы қөлім бар.  
Қарандар жарандар  
Осындей елім бар».

Жаңандану заманында сабырлы болған тиімді. Жұмекеннің өлеңіне қараңызшы: Көлдің өзі сабырлы, асып-тасу жоқ. Көнілге тік келу жоқ. Тұзу келу. Татулық пен тыныштық. Абай айтқан:

«Бірінді қазақ бірі дос  
Көрмесен, істің бәрі бос».

Бізге ең басты керек демократия ережесі осы. Достық көніл.

Жұмекенде бүкіл ел болып уақытты ежелгі досындей қарсы алып тұр. Бүкіл ел бақытты. Елден, ұлттан бөлек, жырақ кетіп бақытты бола алмайсың. Бақытты болсаң еліңмен ғана бақыттысың. Адамдардың бақытты болуын аңсаған Жұмекеннің бейнесі оның өлеңдерінде. Оқып көрелік:

«Ұнатқан сайын өзінді өзгеге суйысын.

Өзінді-өзің зерттеу – Ақындық.

Нүкте қоя білу. Уақыт күткен өнерлі ер!

Меп-мәлдір сөз. Шындық іздеу көздерден. Оны көру Бақыт.

Қазақтық жыр. Қайғыдан ұят арқалау.

Сырды андал ашу.

Дала мен табиғат үні болу. Айқайшыл болмау.

Шындық қымбат. Оны арзандату ақымақтық.

Үрпақ тірлігіне қызығу.

Қорғаған жерде табысу. Адам ісіне Алла тергеуші.

Жыласан да боздама. Ғасыр қайғысы, уы.

Өмір де өлім де бай.  
Қауіп ой мен пигылдан.  
Ең өлі сөздің өзін тірілту.  
Түстің өзі сөз боп ену.  
Көп аузың бар халыққа наң көп болмайды.  
Өскендер өзгеге баспалдақ қалдырmas.  
Ақын адап жан. Қара кезеңдерден өту.  
Момын. Жуас. Тұйық.  
Мандайынан біреулер шертіп жүр.  
Іздеу. Шыншыл. Ұйқы жоқ.  
Шыдамшыл.  
Сырттай бекем. Дос арасын іріткішіл емес.  
Онаша. Қолжазба қараумен қажыған.  
Ойшылдық. Қадірін түсінбеу.  
Өзін іздеу. Аңсау. Ата ісін. Еңбекпен биікке өрмелей.  
Бос уақыт өткізбеу. Жалын ішу. Мұнайту.  
Қырын кеткен көніл. Достар осалдығы, өзгелердің қиянаты.  
Жоғалғанды аңсау.  
Құмарланып құшу. Байғұс көніл. Үнемделген үміт. Қағаз  
қартайту.  
Ұйқас өру. Қызық сөз. Қыңыр ой. Ұынғайға көндіру.  
Кешкі мұн. Әр сәттің қайтып келмесін ұғыну.  
Көніл сырын актару. Естілмеген дыбыс іздеу.  
Терлеу. Кейде жетістікті мін деп сыйзу. Жан баспаған жол  
іздеу.  
Бар мен жоқ арасын ашып-айыру.  
Алғаш сөзді ақын өрген.  
Кішкене адамдар мен сыймай кеткен үлкендер.  
Үлкендерге шағыну. Заман ызғарын сезіну.  
Ойдағы образдар орманы. Ойдан еңкейген еңсе.  
Шумактар тебісіү. Сынық жүз. Батыл көніл.  
Қасым томын жастану. Жырды ұққаннан махаббат шығады.  
Жалғыз сөзге түсіну. Қайғы мен ойда қалу.  
Жұрт көніліне ұя салу.  
Жалғыз жақсы сөз.  
Әсем әнді, әсем жырды жаттау, мақтау.  
Тоздырмай.

Махаббат пен сұлулыққа сену.

Қағаз, қаламға сену. Өсек от. Бас имеу.

Өз халқына ғашық.

**ЖҮРЕКПЕН СӨЙЛЕГЕН АҚЫН – АҚЫНДЫҚ.**

\* «Ал, қайғысыз ақын – белсенді емес пе,  
акыны жоқ қайғы да бір өлексе».

\* «Өнердің, үлкен өнердің де қайғы-қасіреті болады және ол  
сол өнерді иемденген жанды қарадан қарап жүріп қарып,  
қүйдіріп бітіреді».

\* «Өнерлі кісіге тән такаппарлық».

\* «Қойына шейін домбыра тыңдайтын Қошалақ».

\* «Баяу, былпыта бастау. Момын, жұп-жұмсақ үн. Алыс,  
құңгірт қүй. Алыстан, дүмпүмен, қайдағы бір қалың жерден  
солқылдата, сарып суыратын, бітеу жараны ғана ашуға ылайық,  
ланды, лепті құш. Әркімнің-ақ шеменін қозғап, шерін жібітетін  
тың тосын, әрі таныс, ыстық бірдене. Ұзілмейді, жалғасып  
жатқан дүние».

\* «Атақ, даңқ кім үшін?

Бос қуыс сөз далбаса,

Есімді елеп ел өзі аузына алмаса».

\* «Ойлы ән, анық қүй».

\* «Ел ақынды жүргегімен туады».

\* «Айқын ойды – ашық сөз бейнелемек».

\* «Өнерліден өсек айтқан қу сыйлы».

\* «Мен далама сіңіп кеткім келеді».

\* «Тілді мінез. Мінезді өлең».

\* «Образбен ой киіндіру. Тіл тыю. Ой түю».

\* «Тану үшін бір қарап

акыл сыртын айла ішін,

керек екен жырға да,

бес қаруы сай кісі».

\* «Ойым ауыр бейне өлім».

\* «Толқытатын теңізді дауыл да емес терендік».

\* «Сүйеніш жоқ берері көп кісіге».

Берерін беріп кеткен кісіні іздеуші де шамалы-ау.  
Жұмекеннің тұған жері Ашақ Құрманғазы ауданынан біраз  
алыста, құм ішінде. Аудан орталығы Ганюшкино деп аталады.

Қазақшасы Қанышкен. Атырау қаласынан 240 шақырым қашықтықта. Қала мен Қанышкен аралығында жол күрдөлі жөндеуден өтуде. Қанышкен мен Қошалақ арасы қарапайым жол. Қошалаққа Еңбекші селолық округінің орталығы Жұмекен ауылынан аттанасыз. Селолық округке 4 елді мекен кіреді: Қадырке, Дәүлеткерей, Қошалақ, Жұмекен. Халық саны - 2752. Әкімі Қаббасов Қанат Айтжанұлы. Келген бетте кітапханаға апарып таныстыруды. Кітапханаши - Сайфоллова Клара. Жұмекенге арналған арнайы кітап көрмесі бар екен.

Жұмекенен: «Ашақ, Несібелі, Тоғызқұдық, Ерназар көлікке ауыр, мимырт құм. Құмның, шырақ, жолы ауыр. Қошалақ деген әлгі қойы көп жер ме? Ит адасып өлеңтін құм дейді ғой өзі».

Корқынышты ештеңесі жоқ. Жол үйренбеген адамға әрине ауырлау тиеді. Артық, ауыр жүк тиеген КамАЗдар жолда қалуда. Қанша арындаса да алға бастырмайды, құм бауырына тартып жібермейді. Аяқ астында құм сусылдап ағып жатыр. Үйытқып жел соқса не болмақ. Төрт доңғалағы бірдей тартатын көлігіміз тоқтау білмеді. Жолда аздап шаршап-шалдыққаныңыз Қошалаққа жеткенде толық ақталады. Қошалаққа Ашакпен өтесіз. Онда Жұмекеннің туған жері ретінде белгі қойылған. Көк аспанға ұмтылған қалам. Жұмекеннің мына сөздері тасқа жазылған:

«Бұйра құмның ортасы- бұйырғынды төбе жай.

Күнге жайған терідей сор қоршаған жағалай.

Сол төбенің басынан жөнелдім мен алғаш».

Қошалақ басында оншактыған үй. Орталau қазақ мектебі бар. Онда 45 бала. Қыр елі деп аталағын осы өңірді жайлайтын малышлардың балалары оқиды. 35 орынды жататын интернат. Моншасы жұмыс істейді. Жарық, байланыс жоқ. Мектептің кітапханасы шағын. Кітапханаши - Дәуленова Толқын Қадырқызы. Ауылда біз барсақ жаңадан көшіп келгендер кірпіш құйып. үйлерінің қабырғаларын көтеріп жатыр екен. Қошалақ маңайы шағыл. Құм. «О, құлан құм, құдірет құйған астанам» «Барак» қыстауындағы Мәлика апайға қонақ болдық. Қошалақ елімен таныстырып жүрген осы елдің азаматтары Жұмашев Фарифолла мен Қонысов Сырымбек, Мәлика апайдың баласы

Алпамыс бәріміз таза ауада жатуға үйғардық. Қырдың қасқыры шапса қотандағы қойға шабар, Қарағандының кеюқалына шабуга тайсалар деген үмітпен далаға жайғастық.

«Жұт қана емес,  
Айбар да екен түздің шулан бөрісі,  
намыс үшін,  
дала,  
байтақ жер үшін,  
Қасқырша жан беру үшін, жан алып,  
Қорамыздың қак төріне қададық  
Қарақышы ғып қасқырдың да терісін!».

Құмның кешкі ауасы ғажап. Ал, тұнгі жұлдызды аспан көрінісі тіпті керемет. Асқан көркем. Қошалакқа барсаныз өкінбейсіз. Қайта емделесіз. Жаңың, тәнің тазарып, әсемдік әлемі Құм елі екенине қөзінің жетеді. Аспан төңкөрілген тостагандай, тым тақау. Жымын-жымын қаққан, жыптылықтаған жұлдыз шоғыры. Жиілігі соншалық бір санлау көрмейсіз, самсаған аспан шырақтары. Тұнып тұрган сұлулық. Бүкіл әлем. Галамның әдемілігі бір Қошалакқа үйрілгендей. Ғаламдық гашықтық. Қошалактың ар жағында «Азғыр» ядролық полигоны, бұрынғы құпия сынақ аймағы да алыс емес. Мәлика апаның айтуынша «Азғыр» атауы Аз-қыр деген сөзден шыққан. Жер атаулары кейде адамның қиялын кенге самғатып жібереді. Қошалактың тұсында «Үсен» деген құдық бар екен. Үсен Арғын Байбөріде бір ата. Таюу тұста Байбақты әулие Мәстек деген кісінің бейтіне келушілер баршылық екен. Атырау облыстық ішкі саясат департаментінің директоры Қосыбаев Кенес Темірұлы менің фамилияма бас шайқап, қазакта неше түрлі есім болады екен деп жымиды. Мен ол кісіге Азбанбайдың інісінің аты Кошқарбай, әкесінің аты Текебай, атасының аты Терлікбай.... Есбалак, Жүгіней, Байбері, Бошан екенін тізбелей жөнелдім. Шынында да, ылғи таза, тума, қазаки есім- атаулар. Үлкен нағашы есімі Түйекарын – Олжашы ұрпағы. Ал, Жұмекеннің «Ақшагыл» романы – «Сейсіметтің «Ассалау-магалайкумінен» басталып былай аяқталмай ма:

— Қайын, Тем-ақам-ай! Айыстай азamatым-ай! Екі қөзін, төйт болып отисың-ау қази,—Сейсімет жылап жіберді.

Оразғали қалың елді қақ жарып отырып, Алтай тауының құбыла жақ тұмсығына қарай жолсыз, тұра тартты. Қыр елі ертүрманымен ат жетектегеннен корқып, аузы күйген ел болатын. Соғыс басталғалы бері Қанішкеннен талай ат жетектеліп қайтқан. Азаматын әскерге шығарып сап, атын алып қайтады. Ондай аттарды қаралы, тұл санауға үйреніп бара жатқан. Почташы карт Қанішкеннен шыққалы жол үстінде талай адамға кездесті. Ішінде танитындары, не арнап түсken үй жандары болмаса, ешқайсымен тілге келген жоқ-ты. Бүгін тұс қайта, әсіресе, көп ұшырасты, пішен шауып жүрген жалғыз-жарым орақшы, қойда жүрген қойши, не өзі құсаған жүргінші болсын, бәр-бәрі бұған бір түрлі аянышпен, үнсіз, мұсіркей қарайды. Ешкім тұра ғап тілдесуге батпайтын сықылды. Бәрі анадай жерден шошына, үрке бақылайды. Пішенші шөбін, жүргінші жолын тастап, тоқтап, тұра қалып көз салады. Бәрі де ауыздары аңқиып, сілейіп-сілейіп қала береді. Орекен ат жетектеп емес, өлік артып келе жатқан сын-ды. Күн екіндіге таянғанда почташы шу-шүлеп, итініп-сұғынып отырып Сағынайдікіне әрең жетті. Сағынай шәй ішіп отыр екен: салқын, жақтырмай қабылдады. Орекеннің бұл үйге түнеуі, үш көнберт әкеткеннен кейін келіп тұрғаны.

— Ммм, аман-сау боларсыз. Қайдан жүрсіз? Жәй ма?

Осы сөздерді үй иесі тастабақтағы шәйіне қарап отырып айтты. Бұған көз қыығын да салған жоқ. Қарт шығып кетерін, не отырапын білмей шәй үстіне келгеніне ыңғайсызданып қап:

— Сағынайжан, ғафу ет, мен әлгі... ана Қанішкен жақтан келем. Тем-ақаңның жағдайын айтайын деп...

— Білем оны,—деді анау, сөздін артын тосқысы келмей,— білем бәрін де. Ер-түрманын үйіне апарып түсірініз де, атты осында әкелініз.— Тағы бірдеме айтар ма екен деп қарт тосып қап еді, Сағынай әйеліне бұрылды:

— Шәйің суып кетті. Демделеп жіберші,—аузында ерімей қалған қант түйірін қытыр-қытыр шайнап отыра берді. Оразғали үйден жабырқап, жасып шықты. Сағынайға соққанда карттың өзінше ішкі есебі болатын: Темірәлі тірі болғанмен әбакқа қамалды деген... қайбір жетіскең хабар?. Бірге жүрген азамат қой, казитке жазса несі бар, кемшілігін айтқан шығар,

өкпеге қиғанмен өңгеге қимайтын ағайын, Темірләлінің әйеліне, ертіп барайын, жұбатсын, басу айтсын деген. Сөйтіп, сеніп келген азаматының мына отырысына түсіне алмай дал болды. Ер-тұрманды апарып тастанап, атты қайтып әкел дегені... «бұл енді үят-ақ» деп ойлады қарт. Бірақ ...Күн ұсына кіріп барады. Сордың арғы бетінде: «Әк былай, әй, әй, әлекпе келгір, қазанға түсе ме, қайтеді?» — деп дауыстайды. Әйел даусы. Совет кеңесіне жүрер жолдағы кішкене қызылтақтың үстінен біреу қой айдайды. Ылқырады, аракідік: «айт, Саққұлақ, қо, қә» деп қояды. Оған маңайдағы барлық ит у-шу боп үреді. Тем-ақаң үйіне жакында бергенде торы айғыр шұрқырап кісінеп жіберді. Айғырша арқырамай, азбанданбай, құлынща, қуана, еркелей кісінеді.

— Жарықтық-ай, қайтсын-ау, есі бар мал ғой.

Үйден ақ көйлекті әйел жүгіре шығады. Ерінің жай-жапсарынан хабарлы болса керек, келе торы айғырдың мойнынан құшақтай алып.

— Жануар-ай... жануарым-ай, талай жылғы серігі ең ғой, иенде қайда тастанап кеттің? Хайуан да болсан қастығың жоқ еді ғой,—деп еніреп қоя берді. Торы айғырға емес, өзіне айтылып жатқандай, бұл сөзді қарт қайыса қабылдады. Әйел атты казыққа апарып байлады. Көпшігін, терлік-тоқымын алып, жел-комды, ерді желпіп-желпіп қойып, айылды қайта тартты. Оразғали ләммим жоқ, мөлип тұр. «Ер-тұрманың үйіне апарып түсірініз де атты осында әкеліңіз» Бұл өтінішке ұқсамайды. Бұйрық. Бұйрық болғанда жұрттың көніл-күйіне, жай-жапсарына қарамайтын кезсіз, күпір бұйрық. Қарт қалай айтарын, не деп бастарын біле алмады. Күн қауысып кетті. Әйел самаурынға су құйып, от салды.

— Келін, қарағым, мен жүрейін. Шайға азаптанбай-ақ қой. Күн кеш боп қалды. Иә, сөйт, қарағым, сөйтейік!

— Шай ішсөңізші енді... қазір қайнайды ғой.

— Жоқ, қарағым, үйге барып шешенді жіберейін. Екеуің әңгімелесіп отырып ішіндер. Мен жүрейін, қарағым.— Әйел үндеген жоқ. Самаурының сала берді. Орекен, үйіне қайтты. Ат қазығында қалды. Бұл қарттың Совет үкіметі келгелі бергі орындарынан бірінші бұйрығы еді. Кетіп бара жатып:

— Сөйт, қарағым, атынды жақсылап сүйт, таң асыр,—  
деп айқайлады».

Ата аты қаз-қалпында. Бабаларымыз төрт түліктің бәрін  
қадірлеген. Тұлпар, арғымак ру ұрандары болған. Азбан - саяқ  
жылқылар тобынан, кеш піштірліп, / айғырлық мінезін  
қоймайтыны. Мәстек - аш тоқтығын білдірмейтін жуас ат. Бірін  
Байбакты бабамыздың ұрпағы әулие Мәстек атамыз иеленсе,  
бірін Байбөрі бабамыздың ұлы Азбанбайға тиесілі болыпты.  
Екеуі де Азғыр, Абралды атты атом аймағынан.

## Марат Азбанбаевқа

«Ей, Байбөрі, Байбөрі!  
Иен қайда еді ?  
Киең қайда еді?  
Жұзің неден сынады?  
Тұкті жүргегінді түбінен кеп кім ірекен?!  
Сен де егіздің сынары,  
Мен де екінің бірі емен:  
...Екі жарты- бір бүтін- жұптасып,  
Қасына келдім, міне, мен:  
Табаны  
Жерді нық басып,  
Иығы  
Көкті тіреген.  
Көк Түркінің тұяғы едік, ырзығын  
Көк Тәнірінен тілеген.  
Жұлдыз - төбемде тұрган шам,  
Тұрегелсөң- жазылар құрысын.  
Мағжандай мағмұрлансан,  
Сен- дағы-  
Күннің Ұлысын!  
Ат жалымен-  
Алтайдан - Альпіні шалып ең.  
Хас Сақтан Қазаққа айналғанда

Ұлысын,

Көк Бөріден - Байбөрі боп қалып ең.  
Найзаның ұшына от өріп,  
Жауынды ат тұяғына жанышыдын.  
Керей ханның ордасының керегесін

Көтеріп,

Шаңырағына уық шаншыдың!  
Түркінің қаны басыңа шапқан жалғанда,  
Өзің де бір дүр едің.  
Түркістанды қазаққа қосып алғанда,  
Қасқайып Қасым сұлтанның  
Қасында сен де жүр едің!

Жаның айналып жасынға,  
Көш бастап едің бір демде,  
Еңсегей Бойлы Ер Есімнің қасында,  
Жүргегі лүпілдеп  
Жүгіней-Олжашы жүргенде!

Інжу- маржан едің Алаш дейтұғын  
Алқада,  
Зары едің Қорқыт қүйінің.  
Қазыбекке еріп Сыр бойынан кеп  
Арқага,  
Айрандай болып ұйыдың.

Мәремік тауына көсіл кеп,  
Дегелен „Бұл кім?,, демеді.  
Сені  
Есімханның Ескі жолы есіркеп,  
Қасым ханның Қасқа Жолы жебеді!

Көкжиектен Көк Бөрі бір ұлып,  
Жау ұдерे қашқанда,  
Қалмақтың құлышын,  
Шұршіттің сұмынын Байбөріге сініріп,  
Балпаң да балпаң басқанда,  
Жерде  
Топырақ шымырлап,  
Күн күркіреген  
Аспанда!  
Көк Түркінің Көк туының астында,  
Көш керуенді түзеп ең.  
Қайда екен сол бір Ат үстіндегі  
Хас Тұлға?

.. Сен неге тұрсың тіземен?!!  
Есімханның Ескі жолы мен  
Қасым ханның Қасқа Жолында,  
Хас тұлпар едің сөгілмей өткен

ҚОЛТЫҒЫ,

- Хан Кененің қалай қалдың сонында?!  
Сені  
Албасты басты сол күні!!!

Қарқабат Ана  
Абрали-  
Шашың жайып  
Аңырады!

Хан-  
Тактан түсті!  
Қазақ-  
Аттан түсті...

Қара Керей Қабанбайдың Дәуірі-  
Өлді!  
Қаба сақал кәуір-  
Келді...

Рухсыз Денеде-  
Бок!  
Дегелен-  
Жоқ!!!

Мәңгүрт-  
Мәңгі-  
Құрт!  
Мәңгі-  
Қырт...

Шерінді өксік қозғап бір,  
Бір күніңен бір күнің өстіп озбақ—  
Тұл!

Абрагалы - Шаңырағы ортаға түскен

Байбөрі! ...

Әлі боздап тұр...

Кім мені бүйректей бөлген кеп?

Аттың жалында Арқаның желі ұйықтайды.

Абрагалы—

Хан Кененің Аруағы күніренген!!!

Күндіз көз алдында көлеңдеп,

Тұнде түсімнен шықпайды...

Абрагалы - Хан Кененің Аруағы

күніренген...».

**Ақсұнқарұлы**

Кенесары ордасы орналасқан Торғайдың Қошалақ құмын  
Кіші жұз рулары жайлаган. Кенесары күресіне Бағаналы, Арғын,  
Табын, Тама, Байбақты, Шекті, Шемекей және т.б. аталар  
азаматтары қатысқаны тарихтан белгілі. Ал, Қошалақ құмды  
ауылдың атауы қайдан шықты екен? Қазақ елінде, шежіре  
тарихында адам аттарының, жер атауларының бір-бірін  
кайталайтыны ғажап. Мысалы, Байбөрі, Ақша, Қаракесек, Уса.  
Қебісін барлық бергі де, арғы да аталарда кездестіруге болады.  
Бір, осының өзі қазақ ұлтының тұтастығын, бірлігін көрсетеді.  
Абрагалы мен Арғыз аралығында аяқталмаған, басталмаған дала,  
алып ел. Жол бойы сор. Шынында да, тұздалған терілерді кен  
далага жайып тастағандай. Күн ыстық. Жол бойынан, жақын  
шағыл арасынан көрінген түйелер. Тосынан шыға келгенде екі  
шағылдың арасындағы түйе өркештері салтанат қақпасын  
құрғандай көрініс береді. Қас қағым сәтте. Сіздің Қошалаққа  
келу құрметтіне. Келініз, көрініз. Қара батпағы мен түрлі-түсті  
тұзқабаты астасқан сорға түссеніз салмақсыздық күйін кешесіз.  
Тұзды сор суында қармақтың қалтқысындағы да батпайсыз,  
қызыл-қоңыр шайдың бетінде қалқыған қаймақтай күй кешесіз.  
Оның асты алмас бұргы батпас тұз қабаты. Одан соң далада  
тебенен төгілген сумен бір шайынып Сазды ауыларының  
моншасына түсіп алсаныз бойыңыз бір сергіп қалады. Далаға  
шыға келгенінде жанға жайлы бір рахат самал есіп қарсы алады.

Айналдағы құм шағылдар үйілген алтын қырман секілді. Құм үсті бидай актап жатқандай бұрқырайды. Бәрі солай, Жұмекен жазғандай. Қыстақ иесі Кербалақов Қабдолланың ұлдары Ризабек пен Ақылбектің дала ертегілері мен аңыздарын тыңдал, Балғаным құйған балдай шай мен шұбатқа қанып алып жолға шығуға болады. Қошалақ пен Ашакты қимай, Қанышкеннен сапар барысын қадағалап отырған Құрманғазы ауданының прокуроры Халықов Балтабай құрдаспен қоштасып Атырауга тарттық. Жүргізуши Ғарифолла, осыдан екі күн бұрын алып келген жігіт. Екі ортадағы жол табанын жаттап алған әккі жүрізуші. Шаң. Кей тұсы Арқаның қысқы ақ бораны іспеттес. Тұқ көрінбейді. Қөлік көп, бәрі асығыс. Айналма жол, бұрылыс. Даңалық «Формула-1». Шетінен Шумахер. Басында «туу, Қарағандыдан мына Қошалаққа келдіңіз бе» деп сұраган Ғарифолла үнсіз. Әйтеуір, аман-есен жеттік-ау. Қарқаралыда Қасым Аманжолов ауылында жүрген Атырау облысы прокурорының орынбасары Қасымов Қабиболла Сәрсенбайұлы ауық-ауық сымсыз телефонмен қонырау соғып жай-құйді сұрап кояды. Екі ауыл арасына космос ақындары Қасым мен Жұмекен жырлары мәңгілік байланыс орнатқандай. Туған жерде дем алғанға не жетсін. «Бір уыс құм - жұпар. Ана төсін ансау үшін-құмды еске алу керек қой». Аспан жолымен Астана әуежайына қонғанға шейін Алматыдан келген бетте қарсы алған Атырау қаласының прокуроры Мәженов Абай Әнесұлы мен Атырау облыстық прокуратурасының бөлім бастығы Қебегенов Жәнібек Жұмақұлұлы жандары қалмай Қошалак қонағы деп күтті. Қазақстан темір жолының қызметкерлері Шәмбиев Салахадин Өтегенұлы мен Ермұратов Ғалиден Мұсылманғалиұлы да келген бетте көмек етті. Бұнын, бәрі әрине өнерге арналған құрмет болатын. Ақын есімі халық есінде.

Міне, Жұмекен алғаш жөнелген төбе басына осылай шықтық. Ал, Жұмекен жырының биігіне шығу құрметі Сізге жазсын келер, келешегі керемет ұрпак.

Жолыныз болсын, мықты қазақ.

Қарағанды - Алматы- Атырау – Астана - Қарағанды.  
2003- 2005жж.



470009 Караганда қаласы Гоголиния көшесі, 13  
т. 44-12-25

**МУРАФАТ АНЫҚТАМАСЫ**

08.11.2003 № 11-60

470009 город Караганда ул. Гоголиния, 13  
тел. 44-12-25

**АРХИВНАЯ СПРАВКА**

Областной суд  
Азбанбаеву М. А.

О факте работы

Нажимеденова Ж. С.

В документах архивного фонда Шахта № 33-34 треста "Сталинуголь" имется:

Личная карточка Нажимеденова Жумекена Сабыровича, 1935 года рождения, со сведениями:

Место рождения – Гурьевская область Денизский район;

Национальность – казах;

Образование – 10 классов;

с 28 сентября 1955 года помощник комбайнера участка № 4;

с 05 июля 1956 года – уволен, в связи с уходом на учебу;

Других сведений не обнаружено. Прилагается архивная копия личной карточки Нажимеденова Ж. С. на 1-м листе.

Приказы шахты по личному составу за 1955 – 1956 годы в архив на хранение не поступали.

Основание: ф. 44, оп. 2, д. 189 л. 204.

Директор архива

М. Ш. Шаймарданов.

Ведущий архивист

З. А. Смагулова.

Исп. Смагулова З. А.

08.12.2003.

ТАБЕЛЬНЫЙ № 390		Типовая Ф. № 203 Приложение № 1
<b>ЛИЧНАЯ НАРТОЧКА №</b>		
1. Фамилия <u>Ильинецкий</u> имя <u>Михаил</u> отчество <u>Садырович</u> 2. Год рождения <u>1935</u> месяц <u>январь</u> 3. Место рождения: область <u>Башкортостан</u> город <u>Башкирск</u> район <u>Башкирский</u> село <u></u>		10. Средствами образования <u>школы</u> <u>учебного заведения</u> и дата окончания
4. Национальность <u>казах</u> 5. Наргайность <u></u> 6. Приналежность к ЦЛКСИ <u></u> 7. Член профсоюзов <u></u> 8. Общее образование <u>высшее</u> <u>высш., средн., начальн., среднее,</u> <u>начальн. (ск. классов)</u>		11. Знание иностранных языков 12. Основная профессия и специальность
9. Политическое образование		13. Общий стаж работы по найму 14. Стаж работы по данной специальности 15. Паспорт выдан <u>Башкортостан РСФСР</u> <u>Магадан</u> серия <u>ХХХ-76</u> № <u>678910</u> Дата выдачи <u>20.1.1957</u> г. из срок <u>5 лет</u>
Сведения о воинском учете		
16. Группа учета <u>с.з.</u> 17. Категория учета <u>военнообязанный</u> 18. Состав <u>солдат</u> 19. Воинское звание <u>разведчик</u> 20. Военно-учетная специальность № <u>123</u> 21. Где состоит на учете		22. Наименование Гражданского по месту- жительству военнообязанного 23. Принесен ли к воинской части <u>спецодежда</u> Состоит ли на специальном учете

Директор архива Г. Г. Гусев М. И. Ильинецкий

Домашний адрес: Чайковский Телефон № 44-1234  
Дата заполнения 195 г. Должность и подпись заполнившего заполнившего  
Дата в'ячеслава Подпись

Ташкентская гостиница Заказ № 1202.

Dermatoceras: 43, 44, 231, 2, 9, 129, 1, 204.

*Dipodomys deserti*

### Виды и ареалы

M. W. University School

3. A. *Lueugenea*.

# Лениншіл жас

Шығуна  
ХХХІІІ жыл

Казакстан ЛКЖО Орталық Комитетінің газеті!

№ 109 (3590).

ЖЕКСЕНБІ, 11 СЕНТЯБРЬ 1965 ж.

Бағасы 20 т.

КАРАГАНДЫ БАССЕЙНІНЕ  
ЖУМЫСКА БАРУҒА ТІЛЕК  
БІЛДІРГЕН АЛМАТЫ  
КОМСОМОЛЕЦТЕРІ МЕН  
ЖАСТАРЫНЫҢ КАЛАЛЫҚ  
ЖЫЙНАЛЫСЫ

1955 жылғы 8 сентябрь күні Абай атындағы опера және балет театрының асем де көп залины көмірлі Карагандыға жұмыс істеуге баруға тілек білдірген астананың жұзделеген жас патриоттарға жынынады.

Кешкі сағат 8. КЛКЖО Алматы калалық комитетінің секретары Жаворонкова жоллас Караганды көмір бассейніне баратын жас патриоттардың калалық жыныналысын ашық деп жариялады. Жыныналыстың курметті президиумына аса зор патриоттық өрлеу үстінде СОКП Орталық Комитеті президиумының мүшелері сайланды.

Трибунаға Казакстан ЛКЖО Орталық Комитетінің секретары А. Ибраева жоллас шыкты. Ибраева жоллас астана комсомолецтері мен жастарының партия шақырынша қызу үн косып, жаңа патриоттық бастама көтеріп отырганын айтып, бұл бастаманы республиканың басқа да калалары мен селоларының комсомолецтері мен жастары қызу костайтындығына сенім білдірді.

## КАРАГАНДЫ КӨМІР КОМБИНАТЫНЫҢ БАСТЫРЫ ИНОЗЕМЦЕВ ЖОЛДАСТЫҢ СӨЗІ

Кылбатты дистар!

Караганды бассейні— Отанымыздың ең ірі көмір алыптарының бірі. Оның үнемі оркендеп жесүіне мемлекеттің көп каржы жүмысшылар келеді. Тек соңында ол жылдың ішінде тана шахталар мем байыту фабрикаларын, жұмысшылар поселкалары мен түрғын үйлер, маденин жеңе басқа да шаһырақтық күрвекістар салуға үшін милиондар соншан астам қаржы жұмысалдады.

Караганды көмір бассейнінде тікелей еңбек етүге тілек білдірген, жас энтузиастар бірінен сок бірі трибунаға шыбып, жаһынды сөз сөйледі. Алматы ауыр машина жасау заводының озат жұмысшысы Николай Соболев, оңжылдық мектепті бітіруші Энуарбек Төреков, № 2 тігін фабрикасының жұмысшысы Нина Иванова, № 4 баспахананың жұмысшысы Игорь Данилов, № 27 поча болімінің хат тасушысы Эмина Мықтыбаева, Аэропорт-комсомол үйінін секретары Валерий Дурахов, № 33 орта мектепті бітіруші Григорий Глушкиннің патриоттық сөздерін залдағылар ду колшапалақтап карсы алды.

Жыныналыста Караганды көмір комбинатының бастыры П. Иноzemцев жоллас, Қазакстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Л. И. Брежнев жоллас сөз сөйледі.

Брежнєв жоллас сөзінің соңында жұмысшы табының жаңа оғрыйдан— Карагандының болашак жас шахтерлеріне Отан иғлілігі үшін тамаша енбек табыстарына жетуге тілекестік білдірді.

Жыныналыска катынасқандар республиканың комсомолецтері мен жастарын Караганды көмір бассейніне жұмысқа баруға шақырып, үндегү кабылдады.

## КАРАГАНДЫ КӨМІР КОМБИНАТЫНЫҢ БАСТЫРЫ ИНОЗЕМЦЕВ СӨЗІ

Карагандының шахталарда мем разрездері, байыту фабрикаларында оның оның куаты согыстар бүрнены 1940 жылмен салыстырылғанда скі есеп артын отыр. Ұлы Отан согызынан кейінгі жылдарда шахтерлер каласында 1' миллион шаршыншетгре жуык жаңа үйдер, клубтар мен мәдениет сарнайлары, вуруханалар мем балалар бақылалары, толы басқа күршілестір салынды. Караганды — республиканың үлкен ірі енергетік және мәдени орталығы!

18 сентября 1955 г.

«КОМСОМОЛЕЦ КАРАГАНДЫ» 18 сентября 1955 г.

*Добро пожаловать, друзья!*

Вчера в Караганду прибыла первая группа молодежи, изъявившая желание работать на предприятиях угольного бассейна



Поезд все ближе подходит к Караганде. Вот уже позади Новый Майдук, и, как это бывает всегда, когда люди готовятся к высадке, в вагоне сразу стало тесно. С полок спустили чемоданы, узлы. Тут уж не до обид, если кто и толкнет тебя иной раз ненароком. В 10-м вагоне пассажиры не совсем обычные — все они едут до одной станции. Это — молодые посланцы столицы республики, изъявившие желание работать на предприятиях Карагандинского угольного бассейна.

— Ну, вот и подъезжаем, — говорит Герман Савченко своему новому другу Николаю Максименко. Ребятам по восемнадцать лет, но они чувствуют себя уже самостоятельными людьми. Что ж тут удивительного? У них есть специальности: Герман электромонтер, а Николай — помощник машиниста электровоза.

Друзья проталкиваются в тамбур.

— Спешите? — смеется проводник. — Да и, пожалуй, правильно делаете — слышите, с духовым оркестром встречают.

— А ведь верно, — толкает приятеля Нико-

лай. — Марш играют.

Наконец, поезд подходит к ярко освещенному перрону. Гремит оркестр. Трещат съемочные камеры кинооператоров. Встречать первую группу молодых патриотов столицы пришли начальник шахты № 33-34 т. Фролов, управляющий трестом «Сталинуголь». Обухов, молодые горняки, секретарь горкома партии т. Маулетов, представители общественности.

Прибывшие пополнение встречают горняки шахты № 33-34. Здесь добровольцы начнут свои шахтерские биографии.

